

greenbox
greybox
no noisebox
, also

2001~1
curve

**Сайлау
КӨШКЕНҰЛЫ**

**АУЫЛ
АДАМДАРЫ**

Көкшетау қаласы
2001 ж.

«Ауыл адамдары».

*Міне, көкшелік журналист Сайлау Көшкенұлының
прозалық жаңа жинағы осылай деп аталады.*

*Онда автор облыстың әр қызырында, әр түкпірінде
еңбек етіп, ел құрметіне бөлөнген абзал
азаматтар жайлы тебірене сыр шертеді.*

ISBN 5-7667-4817-5

I

Оңеркітер,
сүреттемелер

ТУҒАН ЕЛДІҢ ТҮТІНІ

... 1954 жыл. Бергі шеті Бабаназар қыстауымен арғы беті Кенашты жазығымен шұбатыла шектесіп жатқан Қарагаш ауылына тап осынау жыл өз дүрбеленін қоса-қабат бірге ала келді. Белі еңкейген кәрі-құртанды шал, кемпірлерге, әсіреке күнұзакқа ойын десе тоймайтұғын ауылдың тәмпіш мұрын, қара сирак балаларына сонау көз көріп, құлақ естімеген, мойын алыс жерден қоныс аударып, осы арадан түпкілікті тұрақ таба бастаған жандар алғашында өте таңсық көрінді. Бұлар “құлазыған меніреу” даланы миуалы да саялы баққа айналдырайық” деген патриоттық бастамаға орай өздері тіленіп, қазыналы Қазақстанның бір түкпірінен тұрақты мекен жайтауып, қоныстана бастаған тұңғыш тың игерушілер тобы болатұғын.

Тың жерге жаңа адамдардың келуімен бірге, мұнда көп кешікпей ұлан-гайыр өзгерістер де ене бастады. Тап сол шақта осы тұрган Қарагаш, Жанатілек, Тапшыл, Қарғалы, Аймақ сияқты шағын ауылдар өзара бірігіп, “Қазақстанның 30 жылдығы” ауыл шаруашылық артеле құрылса, кейін бұған Калиновка, Константиновка селолары қосылып, аталған елді-мекендер көлемінде Карл Маркс атындағы колхоз пайда болды. Оны күні бертінгे дейін марқұм Сұлтан Естасев, кейін Штельтер, Червинский секілді азаматтар басқарды. Сол кездегі артель мүшелерінің бірі, көс-

орденді жылқышы, жасы жүзден асып барып қайтыс болған марқұм Аяп Борсықов көзі тірісінде былай деген еді:

— Менің әкем Борсық киерге жөні тұзу киімі, ішерге қатық тамағы жоқ, сінірі шыққан тақыр кедей еді, сегіз жасымда туған шешемнен айырылған мені әкейім ауылдағы азы алты қарыс, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болған байға жалшылыққа әкеліп берді. Сонда үзіп жейтін бір жапырақ наң үшін жалаң аяқ, жалаң бас қүйімде байдың қозылы-лагын бағып, кейін онекі жасқа толғанымда жылқышылардың қосына келіп қосылдым.

Басымызға сор боп тиген қор заманнан октябрьдің жеңісі ғана алып шықты, — дейді Айекең енді қайтып келмес сол бір күндерді қайта еске алып, — қыс түссе Қылشاқты, көктем шыға Шолаққайын, жаз туса Шарықтас көшіп, көшпенді тіршілікпен өмір тауқыметін тартып жүрген ауыл адамдары соңынан шағын артельге бірігіп, шаруашылық жұмыстарымен айналыса бастады. Міне, тап осы кезде, жер бөлісі болып жатқан сол колхоздастыру дәуірі кезінде осы Аймақ ауылдық кенесіне жазушы Сәкен Сәдуақасұлы Сейфуллин келді. Ол қасындағы адамдармен бірге ауылдан шеткеріректеу тігілген алты қанат ақ үйге келіп тұсті. Онда біздің нағыз жігіт кезіміз болатұғын. Сол уақытта әркімнен жиналған 70-80 түқ жылқыны бағуға алғашқылардың бірі болып мен тілек білдірдім.

Кейіннен фашистік германия елімізге тұтқыылдан шабуыл жасап, Ұлы Отан соғысы басталғанда Аяп ақсақал жасының жетіп, қартайғандығына қарамастан басына жастық, астына құс төсек төсеп, жастанып жатып қалмай, ел егілігі, Отан иғлігі жолында тынымсыз еңбек етті. Өз қолымен атты әскерлер үшін жұздеген сәйгүліктер дайындал, қаһарлы соғыс жылдарындағы ерлік еңбегі үшін I дәрежелі Отан және “Қызыл Жұлдыз” ордендерін омырауына тақты. Колхоз уақытындағы жемісті еңбегі ескеріліп, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды. Ал сол сұрапыл соғыс жылдарында кешегі ел басына күн туып, ерлер сыналған қыыншылық шақта жалғыз Аякең емес біздің ауылдан одан басқа ер-азаматтардың қаскөй жаудан туған жерді қорғау үшін қолына қару алып, қан майданға аттанғанын жерлестеріміз әлі күнге дейін жыр етіп, тебірене айтар еді.

Иә, сүм соғыс кімді әкесі мен бауырынан, күйеуі мен баласынан айырып, жетім етпеді, жесір етпеді десенші! Тек қана біздің ауылдан соғыс жылдарында екі жүзге жуық адам майдан даласында қас жаумен алыса жүріп, нақ ерлерше көз жұмып, опат болса, ал солардың кейбіреулері мұлдем хабар-ошарсыз кетті. Сол бір кезде ер басына күн туып, етігімен су кешкен заманда, Отан қорғаушылар ұрыс сағаты бір сәтке саябырсыған мезгілде қолдарына қағаз, қарындаш алып, тар окоптың ішінде отырып туған елге, артында қалған ата-

аңасына, сүйікті жарына, жас сәбілеріне деген сағышының білдірген ыстық сезімге толы хаттар жолдаштады. Ол хаттардың көпшілігі өлең тілімен өрнектеліп, сол қалпында, үш бұрышты конверт ішінде жауынгердің үй-ішіне, туған-туысқандарының қолына келіп жететін-ді.

Әсіресе, біздің бала кезімізде, тіпті бертін соғыс өрті басылған соң да, өзара басы қосылып, жинала қалған қызы-келіншектердің, қарттардың, қартан әйелдердің болсын “Мынау бәленшешенің соғыста жүріп шешесі мен әкесіне, ал анау түгеншешенің ғашық болған адамына шығарған өлең екен” деп сазды әуенмен әлдебір әндердің сыңси айтып отыратынын жиі естуші едік. Сонда жүздерін әжім басып, самайларын ақ шалған қайсыбір әжейлердің “е, ол қарастарымның да гүмым жасы қысқа болдығой...” деп ауық-ауық ауыр күрсініп, әлсін-әлі бастанын шайқап, көздеріне жас үйелейтініне таң-тамаша қалатынбыз.

... Әлі есінде, біледі жүрт, біледі,

Ел басына қатер тәнген жыл еді.

Қимастарын қан майданға ұзатып,

Қарс айырылған аналардың жүрегі, дегендей, сөйтсек, осының бәрі, кейін түсінгеніміздей, соғыстың салған жарасы, соның айықпас ауыр дерті екенғой.

Сан ғасырлар бойы тусырап жатқан сол өлкенің ақbastы қариялары мына бір оқиғаны да әлі күнге дейін еске алады.

... 1956 жылдың қаңған қысы еді. Жарықтық сол

жылғы қардың мол жауғаны-ай... Тізеден келетүғын тіпті.
Үскірік аязы тағы бар.

Осындай күндердің бірінде көршілес Шұбарайғыр селосынан (қазіргі “Тернов” ұжымшарының орталығы) тұқымдық астық әкелуге Қарағаштан әлденеше пар ат жеккен шаналы жүргізушилер жолға шықты. Әбдірахманның Нұрғасымы, Уәлидің Шәймұханбеті, Есімнің Досмұқаны, тағы екі-үш адам бар-тын арасында. Екі ауылдың ара қашықтығы соншалықты шалғай да емессті. Небары оналты-онсегіз шақырымдай болатүғын. Барарда оншалықты мәз қиналмағанмен қайтарда кенеттен алай-дүлей көз аштырmas бораң соқты-ай кеп. Жентек-жентек үйірілген қар түйіршіктегі шананың темір табанына кептетіліп, онсыз да колхоздың қара жұмысынан бір босамай арқасынан тоқым, мойынан қамыт түспеген аттардың титығына әбден жеткен еді. Күн болса інір қаранғыланып қалған. Әлден уақытта шана үстіндегілер жолдан бұрыс кетіп, өздерінің адасқандарын білді.

Манағыдай емес, адамдар да бойларын сұық алып, жаурап, қалтырай бастанды. Екі-үшеуі шанадан түсіп тұлыптарын шешіп, аяқтарын бір-біріне соққылап, жанжаққа көз тастап барлаған болады. Түк көрінер емес. Жақын маңнан жарық та сезілмейді. Сықсима шаммен отыратын ауылдың қарасыны қайдан көрінсін мұндайда. Ал ай далада ақ қар басқан жол үстінде құрдан-құрға тұра беруге тағы болмайды. Тұнге қарай күн су-

ытса өздерінің мерт болып, жазымға үшырамауына кім кепілдік бере алады.

Сонда жолаушылардың ішіндегі жас жағынан ере-
сектеу Нұрғасым:

— Эй, біз қара басып, шын адасқан екенбіз. Өз кеуде-
мізде жан барда, мына дүйім ел күтіп отырған азын-аулақ
тұқымдық астықты шашау шығармай қайтсек те ауылға
жеткізуіміз қажет. Ал кім не дейді, не ақыл береді?

— От жағып, жол табайық, — деді оның қасындағы
серіктерінің бірі.

— Мына боранда жол түгілі өз басынды аман сақта-
удың амалын ойластырғаның жөн болар, — деді екіншісі.
Жолдастарының бәтуелі сөзге келмесін білген Нұрекен
сонда даусын көтеріп:

— Жә, жоққа бола дауласпалық, — деді. — Одан да
күннің көбесі сөгіліп, тан ағарғанша мына қалың қарды
үңгірлеп, ана тұрған шоқ ағашты панарай тұрайық.
Әйтпесе шынында да біріміз болмасақ біріміз кәдікке
ұрынуымыз мүмкін...

Сөйтіп бұлар ертеңінде өздерін іздең шыққан ауыл
адамдарымен орта жолда табысып, бір жолғы хауіп-катер-
ден аман қалған болатын. Кейбіреулерінің сол жолы аяқ-
қолдары да домбығып, бет-ауыздары да үсікке шалынған-
ды. Әйтсе де тұқымдық астықты еш шашаусыз орталыққа
жеткізген. Ал сол жылғы бітік шыққан егін бұлардың
басына түскен қыншылықты заматта ұмыттырып жібер-
ген.

Бес тұп қана Қарагаш,
 Болатын бала кезімде,
 Ауылдың сиқы жалаңаш,
 Боранның дүлей кезінде.
 Бес тұп қана Қарагаш,
 “Беу-беуге басып” ыскырып.
 “Ақ дөңгіл” үсті жалаңаш,

“Ақ дөңгіл” үсті үскірік, — деп өзіміздің төл жерлесіміз, белгілі ақын, марқұм Жақан Сыздықов жырлағандай, Қарагаш ауылының бейнесі бүгінде адам танымастай өзгерген, өскен, бұрынғыдан келбеттене түскен. Кешегі күйкі де сүренсіз көрінісі мен қазіргі дәuletі шалқыған, мыңғырған малы мен жайсан жұзді еңбеккүмар жаны бар ауылды еш салыстыруға болмайды. Әрине:

Жалықтырса ұзак сапар, жат мекен,
 Туған елдің тұтіні де тәтті екен, — деп өлең тілімен
 өрнектелгеніндей, туған жердің өскені, туған елдің
 гүлжазиралы өлкеге айналуы біз, тума тұлектері үшін
 де зор мәртебе, үлкен қуаныш.

**Қарагаш ауылы,
 Тайынша ауданы.
 1972 жыл.**

ЕЛДІҢ ЕРІ

1. ҚУАНЫШ

— Құттықтаймын, папа, құттықтаймын!..

Алтыншы класта оқитын кенже баласы Тоқсанбай машинадан түсер-түспесте әлдебір жұмыспен көршилес шаруашылықтардың бірінен оралған әкесінің мойынына асылып, қуанышы қойнына сыймай арсаландап жүр.

— Қой деймін-ей, не бол қалды соншама? Жасынан бойына біткен томага-тұйықтығына бағынып, Әутен тап бұжолы да сол әдетінен танбады.

— Сі-сізге Герой атағын беріпті!..

— Кімнен естідің, кім айтты саған. Тосын хабардан әрі ойламаған қуаныштан Әутен бір сәткеabdырап қалды. Көкшіл “Волганың” есігін серпи жауып, асыға басып үйге қарай беттеді.

— Нанбасаныз мамамнан сұраныз, әнеки!..

— Әлгінде өзің келердің алдындағана аупарткомның бірінші хатшысы телефон соқты, — деді әйелі де мұны қуана қарсы алып. — Социалистік Еңбек Ері атануымен құттықтайық деп едік дейді. Кейін тағы хабарласпақшы да...

— Әй, келін қарағым, сен немене Әутенжанды жалғыз өзің иемденіп, Батыр атанса бұл осы шаңырақтыңғана емес, бүкіл ауыл-аймақтың қуанышы. — Иә, бері таман, маған қарай келші өзің мандайынан иіскейін. Сырттан дабырлай сөйлеп кірген Рақила жеңгесі Әутенді сүйіп:

— Қуаныш бәрінде де қайырлы болсын, шырақтарым, — деді өзімен бірге ере келген көрші-қоланға жасаураған көзімен сыйырая қарап. — Мә, мынау тойдың шашуы...

Әлгі арада Рақила шешей шашқан кәмпіт, құртты үлкен кіші таласа-тармаса жапырласып бөліп алды.

Үйдегілер мәре-сәре болып дуылдасып шай ішіп бола бергенде ішке хат тасушы орыс шалы еніп келді. Иығында қара сумка, қолында бүктелген бума қағаз. Аяз сорған беті қызырып кетіпті. Колхоз орталығы — Зеленоғайдан жаңа жеткені көрініп тұр.

— Тұh, күн қалай сұық еді, — дейді екі аяғын бірінебірін соққылап. — Қолым да қатып қалды тіпті. Айтпақшы, — деді ол кенет есіне әлдене түскендей, Әутен Қуандықұлы, сізге бір құшақ телеграмма әкелдім, қуанышыныз ұзағынан сүйіндірсін.

— Рахмет, рахмет!..

Тілдей қағаздардың біреуін қолына алып, көз жүгіртіп оки бастап еді, онда: “Қымбатты Әутен! Социалистік Енбек Ері атануыңмен шын жүректен құттықтаймын. Семьяда бақыт, еңбекте табыс тілеймін. Баянбек”, деп жазылған екен.

— Баянбегі кім тағы, — деді бергі орындықта отырған Еркен Бәтенов жіпсіген мандаіын қол орамалымен сұртіп жатып... Е, әлгі...

— А나у ұрымқайлық атақты комбайншы Баянбек Нұрышев ше, — деді Әутен оған іле жауап беріп, Щу-

чье ауданында тұрады гой. Көкшетауға, жиналыстарға барған сайын кездесіп, сөйлесіп жүреміз. Мына қара, Ортақтағы Әлімжаннан да телеграмма келіпті.

Әлімжан деп тұрғаны — бұрынғы шахтер, Көкшетау арнайы мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің механизаторы, Ленин орденінің кавалері Әлімжан Ақмағанбетов болатын. Қазір пенсияда.

— Е, “түсі игіден түнілме” деген, жолдас-жораның, ағайын-туыстың барлығы осындай қызық-куанышта білінеді. Қайтсін, шыдап жата алмаған гой да, — десіп қояды стол басындағылар.

— Куаныш куанышқа үлассын де!..

— Мәртебен биіктей берсін, Әутен қарагым!..

— Елдің атын ері, ердің атын елі шығарады деген осы да...

II. МАЗАСЫЗ ШАҚТА

Тамыз тугалы Әутенге де тыным болған жок. Анада өзін облыс орталығы — Көкшетауға шақыртып, облыстық партия комитетінде болып қайтқан-ды. Сонда бір топ озат комбайышылармен бірге облыстың барлық егінші механизаторларына, совхоз жұмысшылары мен колхозшыларға, егін орағын жоғары сапада әрі үйимшылдықпен өткізу жөнінде Үндеуге қол қойған еді.

Тыңның 25 жылдығы құрметіне республикалық жарыс жаршысы атанып, куйбышевтік Социалистік Ең-

бек Ері, данғайыр бригадир Василий Егорович Киричекпен күн сәулетті астанамыз Алматыда республика егіншілеріне арнап Ашық хат жазғандардың біреуі де осы Әутен болатын.

Қалыбек сорының жанындағы биік жарқабақтың жиегіне орналасқан өзі туып-өсken Жарқайың ауылына сонда қырықтың қырқасына шығып, қырма иек атанған жігіт ағасы қөкейіне көп ой түйіп оралған еді. Құрамында Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденді майталман механизаторлар Гарри Эдуардович Бетхер, Валентин Юлисович Швайцер, Иосиф Николаевич Лашевич бар орақ-транспорт звеносының мүшелерімен осы маусымда ең кемі 600 гектар алқаптың дестесін жығып, төрт комбайнмен төрт мың тонна астық жинап бастыруға көтерінкі міндеттеме алуы да биікке құлаш сермеп, ойға ой жалғаған. алдағы асуларға жасқанбай қол созған нар жігіттердің қайтпас ерлігін, қажымас қайсарлығын танытқандай еді.

Эне-міне дегенше егінге шалғы салар мезгіл де жетті. Күні ертендер алтынмен аптағандай астаужонды астық тұнған алқапқа шығамыз деп отырғанда Әутеннің сол жылы оныншы класты бітірген үлкен ұлы Орынбасар:

— Әке, биылша оқуға түсе алмадым ғой. — Сізге көмекші болып, қолқабыс етсем қайтесіз?

— Онына қарсы емеспін балам, — деді бұл. — Тек егін орағының жауапты науқан екендігін ұмытпа?

— Жарайды әке!..

Табиғат ракымсыздығы деген осы-ау. Әутендер өз бригадасындағы бес мың гектардан астам алқаптың егінің дестеге түсіруді аяқтап, оны жинап бастыруға енді кіріскенде екі-үш күн қатарынан сорғалап жауын жауып, оның соңы жапалақтап қарға ұласқанын қайтерсін.

Комбайншылар қатты түйікқа тірелді.

Ауданнан да, облыс орталығынан да әлсін-әлсін телефон соғылып жатты. Колхоз басшылары күн-түні бригада-бригаданы аралаумен жүрді. Тек бесінші тәулік дегенде күн шайдай ашылды. Әйтсе де егіннің дегдуін күтпей болмайтын еді. Мұның өзі қаншама алтын уақыт текке зая кетті деген сөз. Астық ысырабына жол беруге тағы болмайды.

— Әутен Қуандықұлы, — деді колхоз төрағасы Сигизмунд Антонович, тәжірибелі диқан ретінде сізге, сіздің звеноңызға сенім артқалы отырымыз. — Шаруашылық бойынша әлі де қар аралас жаңбырдан кейін жатып қалған 600 гектардай егін бар, соны тездетіп жинап алуымыз керек. Көмек қажет болса аямаймыз.

— Мақұл, жігіттермен ақылдасып көрейін. Әутеннің айтқаны осы болды.

Сигизмунд Антонович бұған сенім артса, оның сөзді жерге тастанмайтындығын Әутен де ертеден білетүғын. Әйткені екеуі алғаш сонау 1960 жылдары осы Жарқайында “Сталинец” комбайнында қатар жұмыс істеген. Кейін Багинский бригадирлікке тағайындалды. Одан

колхозда экономист, агроном болып қызмет атқарды. Төрағалыққа сайланғанына да екі жыл өткен. Ес білгелі еңбекпен көзін ашып келе жатқан жігіт ағасының, колектив басшысының жолдастық өтінішін аяқсыз қалдырығысы келмеді оның. Астық үшін құрес тек бір адамның ғана емес, бүкіл елдің қамы екендігін де жақсы түсінді.

Облыста астық шығымдылығы жөнінде “Звезда коммуны” колхозы алдыңғы орындардың бірінде қеле жатқан-ды. Гектар сайын 22,4 центнерден өнім жиналса, бұған қалай қуанбассын. Ал сол қуаныш су сепкендей басылып, ала жаздайғы енбегің құмға сіңгендей еш болып қалса, оның өкініші кетер ме? Шаруашылық дикандарын мәселенің осы жағы да қатты қинады.

Содан Гарри Бетхер, Валентин Швайцер үшеулеп жүріп, комбайндарын іле қайта жабдықтап шықты.

— Эй, Әутен-ай, жүртқа өнеге көрсетеміз деп, құр мазақ болып, құлкіге қалмасақ жарап еді. — Баяғыда әлгі кім айтушы еді, ей аузыма түспей тұрганын қарашы, “Аяз Би әлінді, құмырска жолынды біл” деп, дейді Гарри мақалдап. Шағын ауылда ауыл балаларымен бірге ойнап, бірге өскен неміс жігіті қазақшаға судай. Тіпті өзгені жаңылдырғандай, мұдірмейді.

— Койши сен де беталды қорқыта бермей. — Елмен бірге біз де көрерміз басқа түскенді, — дейді Әутен де оған. Содан не керек, сол 1979 жылдың егін орагында қос мәрте Ленин, Октябрь Революциясы ордендерінің

кавалері, облыстық және республикалық жарыстың жаршысы, танаптың тарланбазы Әутен Қуандықов жетекшілік ететін звено мүшелері төрт комбайнмен 49 мың центнерден астам астық жинап бастырып, әу баста қабылдаған көтерінкі міндеттемелерін абыраймен орындал шығып, елдің мерейін тасытып, ердің данқын асырды. Со жылы колхоз диқандары қабылдау пункттеріне 1 миллион пүттан астам алтын дән жөнелтті.

III. “ЕҢБЕГІМ — МЕНИҢ БАҚЫТЫМ”

— Әутен аға, қуанышыныңға біз де ортақпыз. Енді миңна сұраққа жауап беріңізші. Сіз өзінізді бақыттымын деп санайсыз ба?

— Әлбетте. — Тек менің қосарым, адамға бақыт көктен түсे қоймайды. Адам баласын адам ететін де, оны бақытты ететін де — адал еңбегі. Сондықтан еңбегім — менің бақыттым деп есептеймін.

— Өз еңбек жолыныңды қай жылдары бастап едіңіз?

— Даң басып айта қою киын-ак. — Дегенмен ес білгелі колхоз шаруашылығын өркендету ісіне үлес қосып келе жатырмын десем қателеспеймін. Жас кезімде “ЧТЗ”, “ХТЗ” тракторлерінде, одан кейін “Сталинец” комбайнында істедім. “Ниваны” да жүргізууді қазір еркін менгеріп алдық.

— Өзінізге үстаздық өнеге көрсетіп, қиналған, қысылған шақта ақыл-кенесін аямаған қадірлі азаматтар қатарында кімнің есімін атар едіңіз?

— Эрине, өзінді енбекке баулып, алғашқы қадамына іштей сәт сапар тілеген аяулы жандарды ұмытуға бола ма? Мен үшін осы ауылдан Еркен Бәтеновтың орныным бөлек...

Әутен аға бірауық ойланып қалды

— Сіздерге мына бір қызықты оқиғаны айтып берейін бе, — деді ол бізге күлімсірет қарап, иә, иә, жаза білген адамға осы фактінің өзі-ақ жетеді.

— Күз айы-тұғын. Тағы да егін орағының қызу шағы. Онда немене, техниканың тапшы кезі. Жарықтық, сол елу алтыншы жылы егін тізеге дейін шықты. Масағы майысып, қауызы тырсыған бидай алқабын көргендे табиғат жомарттығына да, жердің береріне де таң қалысатынбыз.

Еркен ағаға ілесіп біз де бір-бір комбайнда істег жүргенбіз. Онда тіпті мұртымыз жаңа тебіндеп келе жатқан жас жігіт шағымыз. Содан болуы керек, уақытпен санаспаймыз. Қажып-шаршау дегенді тағы білмейміз.

Содан, — дейді Әутен Қуандыков, ауыл іргесіндегі алқапта астық бастырып жүргенде, кенет алдебіреудін.

— Ана қарандар, комбайн жанып жатыр, — деген жан дауысы шықты.

— Әй, Еркеннің комбайны-ау деймін...

— Тез көмекке жүгіріндер!..

— Ауылға хабар беру керек..

Бәріміз де жан ұшыра жүгіріп келеміз. Анадайдан машина гүрлі де естілді.

— Еркен аға, не болды сізге деп жеткен бойда үстібасы жана бастаған Бәтеновты алуеңті қолдарыммен төменде түрган жігіттерге қарай асықша атып жібердім. Іле өзім де жерге секіріп түстім. Анадай барғанымызда құлақ тұндырарлық жарылыс та естілді. Комбайнның багы жарылған екен. Сөйтсек оған от тиілті.

Оқиға былай болған екен. Сол жылы біздің ауылға жаңа комбайндар әкелінген-ді. Оған аккумулятор же тіспегендіктен оны пускачтармен ауыстыруға шешім қабылдағанбыз. Бұл үшін комбайнның жанар май багы жайғастырылған тұсына кронштейндер дәнекерленіп бекітіледі. Сосын әлгі ойыққа пускач орнатылады. Міне, өсі пускач орнату кезегі дәл бүгін Еркеннің комбайнына келген еді. Электрмен дәнекерлеуші іске кіріседі. Зірак электрод от ала қоймайды. Сол кезде дәнекерлеуші электродты қаттырақ сілтеп қалғанда, жарқ еткен үгтyn үшқыны жанар май багына барып түседі. Бен-зин лап етеді. Еркеннің үстіне сауылдаپ сүйық жанар май атқылайды. Тұла бойын от жалын орап алады.

Енбек адамы осылайша ағынан жарылып, шешіле өйлеп отыр. Былайғы жұртқа томага — түйік, бірбеткей ол ретті жерінде мақалдалап та, мақамдалап та сөйлеп кететін сыңай танытады.

IV. БИКТІК

Тағы бір күз жеткен.

Жылдағыдай егін орағы Әутендер үшін қызу қарбаспен басталды. Несін айтасыз, егін жойқын өсті. Тіпті шалғы салған алғашқы құндердің өзінде-ак қайсыбір алқаптардан алынған өнім 25-30 центнерге дейін жетті. “Мұндай бітік шыққан егінді бұрын-сонды көрмеген едік”, деп ауылдың көнекөз қариялары да таңдай қағып, бас шайқасты.

Елге де, ерге де сын іспетті саналған орак қорытындысында звено мүшелерінің жылдағыдай төрт комбайнмен барлығы 52 мың центнер, ал Әутен Қуандықовтың жеке өзі 16 мың центнерден астам астық жинап бастырганы мәлім болды. Колхоз бойынша 15 мың гектардан астам егін аландарының әр гектарынан жоспардағы 14 центнердің орнына орта есеппен 24 центнерден өнім жиналды. Бұл астық шығымдылығы жөнінде бұрын-сонды болып көрмеген көрсеткіш еді.

“Тамшыдан — дария” деген фой. Облыс егіншілерінің бесжылдықтың соңғы жылында Отан қоймасына 165,7 миллион пүт астық құюына жарқайындықтар да өз үлестерін қосып жатса несі артық.

Сөйтіп бір топ өндіріс озаттарының қатарында жарқайындық жайсан жігіт ағасы, қос мэрте Ленин, Октябрь Революциясы ордендерінің кавалері Ә. Қуандыковтың есімі облыстық Құрмет тақтасына жазылды.

Кейіннен оған ең жоғары құрметті атақ — Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Тегінде бұдан асқан қуаныш, бұдан асқан бақыт бар ма десейші.

* * *

Қалыбек сорын жиектей үлкен тастақ жолдың үстімен 52-00 КТН нөмерлі көкшіл “Волга” зымырап келеді. Рульде — Әутеннің өзі. Бағыты — аудан орталығы, Жарқайың мен екі орта шамасы алпыс-жетпіс шақырымға жетіп қалады. Өзін ауаткомдағылар шақырғынты. Тегінде жай болмаса керек. “Сессия қарсаңында әлденендей мәселелерді шешу қажет шығар мүмкін. Олде аудандық Кенес депутаты ретінде тағы да қосымша тапсырма жүктемекші ме? Мал қыстату да аяқталып қалды. Күзгі терім уақыты да таяу. Эйтеуір не болса да бара көрермін”. Осындай ойлар жол бойы оны мазалаумен болды.

Машина әлі тоқтаусыз зымырап келеді. Жол таусышар емес. Жолдың ұзақтығын, өзінің бақытты өмір көсіпінің енді ғана басталғандығын Әутен аға жақсы біледі...

“Звезда коммуны” колхозы,

Тайынша ауданы.

1980 жыл.

ТҮЗ ҚЫРАНДАРЫ

I. АСТЫҚТЫ АЛҚАПТА

Дала. Ұшы-қырына көз жеткісіз кең дала. Ол тап бүгінде өз жомарттығын сездіргендей паң жатыр. Жылдың ауысып келетін төрт мезгіліндегі, әсіресе, табиғаттың бар болмысы — тап қазіргі көрінісіне Ермектің де бала жастан бойы үйреніп, көзі қаныққан. Сондықтан да ол сәби кезінен етene таныс туған даланың күрт құбылып, осыншама кейіпке түскеніне еш танырқаған да, танданған жок. Тек сонау занғар биіктे бұлт астында қаңқылдай үшқан бір топ қаздың таныс үні құлағына талып жеткенде өз-өзінен селт етіп, мойнын созып, ту аспанға телміре ұзақ қарады.

“Дала, дала... Сағым қуған сар дала”, — дейді іштей тағы тебіреніп. Сенің бойында, сенің қойнында қаншама жұмбак сыр, табылмаған қаншама кен-қазына жатыр десенізші. Әсіресе жарықтық бұ даланың күзгі берерін айтсаншы. Алтынмен аптағандай астық тұнған алқапта болып көргеніңіз бар ма. Міне, сонда беу шіркін, жер жомарттығының, диқан ерлігінің, адамдардың ұлылығының куәгері болғандай боласыз.

Диқан. Нан. Астық. Неткен теңеу, нендей бір-біріне үқсас теңеулер. Жылдың қай маусымы болсын диқанға еш тыныштық жок. Қыста да, жазда да, көктемгі лайсан уақытта да, күзгі кара сұықта да диқан шіркін қашанда далада жүреді, елмен бірге, жермен бірге тыныстап, да-

лаца қонады, көбіне далада болады. Күні ертең қауашаты тырсыып өсер дәнді жас сәбидей мәпелейді, соны қүгеді.

— Күздің туганын осыдан біл, — деді ол ішінен күбірлеп...

— Ермек, қалғып келе жатқаннан саумысың? Ана-дайдан болса да сөз бұған анық естілді. Сабыржан екен. Әйтеуір әзілі қалмайды өзінің. Кенкілдеп тағы бірдене-теге күліп келеді.

— Ассалаумагалейкум, отағасы!

— Уағалейкум-ассалам! Қалай, тіпті қабагың тәмен салбырап түсіп кетіпті гой. Әлде үйқың шала болды ма?

— Жоқ, ағасы! Олай емес. Мына қысқа күнде ман-дай терімізбен өсірген алтын астықты төкпей-шашпай жинап ала алсақ деп ойлап келе жатыр ем. Көлденен-нен килігіп, тәтті ойымнан бұзып жіберген өзініз...

— Е, жарайды. Елдің қамын жегенің дұрыс-ақ. Тे-гінде “ер — елі үшін туады” деген емес пе?

— Томага түйік түріңізге қарағанда, аузынан сөзі түскен бәз біреудің бірі ме деуші едім. Олай емес көрінесіз. Әлгінде қалай-қалай тауып сөйлеп кеттіңіз, — деп жатыр Ермек бір жағынан мынаны қағытып.

— Жарайды, қойдым ендеше, қойдым. Мен женілдім, сен жеңдің. Бірақ есінде болсын, — деді Сабыржан, — ана жылғыдай көрсеткішің тәмен болып, қалып қойсан маган ренжіме.

Расында да оның сөзі Ермекке көп ой салып кетті. Элі есінде. Бұл осыдан бес жыл бұрын болатын. Көргені болмаса, қолымен комбайнды ұстап, жүргізгені сол еді мұның. Жасынан әкесімен бірге совхоздың қойын бағып, еті үйреніп қалған бұл әуелгі кезде темірге жасқана қараушы еді. Қырсыққандай сонда егін орағының нағыз қарбалас кезінде комбайны сынып қалды да, Ермек астық бастыруға өзгелерден өте кеш шықты. Ойнап айтсын мейлі, қалжындал айтсын әйтеуір мынау соны мезгеп түр. Тағы қалып қойма, деп қытығына тиесілеуін қарашы өзінін.

Осындай мазасыз ойлардың жетегінде ауыл шетінде қосқа жеткен Ермек комбайнына от алдырды да, бірден алқап басына тартып отырды.

Ермек — осы ауылдың тума жігіті. Інісі Орал екеуді алғаш шаруашылықтың саулық қойларын бақты. Кейінгі жылдары жаңадан совхоз үйымдастырылып, көршілес орналасқан Ортақ пен Тапшыл ауылдары бөлімше болып бірігіп, осы шаруашылыққа ауысқанда бұл тракторге мінді. Орал техникумды тәмәмдеп, қазір бөлімшеде мал дәрігері болып істеп жүр. Содан бері де есептеп отырса бес жыл өте шығыпты. Былтырғы жылы шаруашылықтың арнайы жолдамасымен барып, Рузаев селосындағы кәсіптік-техникалық училищесінің жаңынан ашылған курста қуатты “К-700” тракторын жүргізуі үйреніп қайтты. Тап сол жылы жалғыз өзі мың гектарға жуық аланың егінін орып бастырды. Еңбегі еш қайтқ-

аи жоқ. Тынымсыз атқарған жұмысы үшін Ермек Қаженов сол жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды...

— Ермек аға, сүйіншімізді беріңіз. Сүйінші!

— Е, не боп қапты. Ала қой кәне, сүйіншінді, айтсайышы өздерің жұмбақтамай. Дала қосының жаңына жаңа ғана комбайнмен келіп тоқтаған Ермекті ауылдың бір топ қара сирақтары жағалай қаумалап, қоршап алды.

— Жеңгейіміз үл туды!.. Үл!..

Ермектің тұла бойы сол сәтте-ақ ду ете түсті. Қуаныштан ба, әлгіндей болмай жүзі де қызырып сала берді. Бірақ онысын кештің қарандылығымен ешкім байқамады. Бар болғаны қолындағы алтын сағатының бауын ағытып, өзіне жақын тұрган баланың біріне ұстата салғанда, әлгінде ғана осында жеткен қасындағы жігіттердің бәрі ду ете қалды.

— Шіркін, жомарт болсан Ермектей бол!..

— Оу, ұлыңның атын Дарханбай қой ендеше...

— Жомартбай де!..

— Жоқ, орақ уақытында туды ғой. Орақбай де немесе Егінбай де!..

Бұлардың бәрі шағын ғана ауылдың көшесін жаңғырықтырып, дуылдасып, қотанға енгенде күмістей болып аспан төрінде ай да туып қалған еді. Солтүстік батыстан күздің қоңыр салқын самалы есіп тұр. Дала бейжай үйқы құшағында жатыр.

Бұл ертеңгі күнгі қарбаласы мен қызығы мол еңбек таңының алдындағы сәлғана саябырсыған тылсым тыныштық еді. Ертең, ертеңгісімен қат-қабат жұмыс тағы басталады.

**“Тернов” ұжымшары,
Тайынша ауданы.
1981 жыл.**

II. ЖАУЫН ЖАУЫП ТҮР

Екі-үш күннен бері гараж ішіне қантарып қойған сарғылт газонның оны-мұны жерін қайта-қайта қолымен тұрткілеп, шұқылап көрген соң Молдахмет машинасына от алдырып, жүріп кетті. Селдетіп жауған өткінші жауыннан бері жер едәуір дегдіп қалышты. Егін арасынан салынған тақтайдай сүрлеу жолға түсісімен ол газды баяулатып, бірқалыпты жүріске салды.

Ол әлденендей ойга шомып, үнсіз келеді. Межелі жерге жеткенше әлі бірталай уақыт бар. Совхоз орталығымен бригаданың аралығы отыз-отыз бес шақырымдай. Қашықтау орналасқан өзі басқаратын № 3 трактор-егіс бригадасының жер көлемі шағындау болғанымен алда тұрган міндет үлан-гайыр. Жыланды баурайындағы шоқ-шоқ қайындардың арасына қоныстанған бригаданың есебінде 7 мың гектардан астам егістік ал-

қап болса, соның мың гектарға жуығы бидай. Қалғанына жыл сайын арпа, көпжылдық шөп, жүгері егіледі.

Анада топ жетекшісі Почапскийдің сөзі өзіне қатты ұнады. Мына жанымыздың қоңсы орналасқан № 1 және № 4 бригаданың екеуі де әлдеқашаннан бері “Егіншілік мәдениеті жоғары” құрметті атағына ие болып отыр, — деді Павел Севастьянович көпшілік назарын өзіне аударып. Оның біреуін облысымызға әйгілі диқан, Социалистік Еңбек Ері Анатолий Иосифович Чеховской басқарады. Әділіне көшсек, біздің де, оның да егістік жері бірдей. Тіпті бір-бірімізben көршілеспіз. Бірақ нәтижеміз әртүрлі. Көрсеткішіміз олардан жыл сайын тәмен болып жүр. Осының сыры неде?

Иә, көрсеткішіміздің кем түсіп отырғаны неліктен? — деді Молдахмет те іштей өзіне-өзі сұрақ қойып. Топ жетекшісінің сондағы жиналыста айтқанындай рас соңғы екі жылдың куаншылығының зардабы болды. Дегенмен, астық тапсыру жөніндегі өткен бесжылдықтың халық шаруашылығы жоспарын орындаі алдық па? Орынладық. Әйтсе де гектар берекесін жақсартып, оның шығымдылығын арттырудың көрсеткішіміз тәмен. Иә, көл жеткенге тоқмейілсуге болмайды. Әлі де ойланарлық, толғанарлық жайлар көп.

Осы жылдар ішінде Молдахметтің де іскерлік қабілеті артты, тәжірибесі молайды. Сонау 1930 жылдардан бері аталмыш шаруашылықта табан аудармастан еңбек етіп келе жатқан бригадирдің өмір жолы жастарға үлгі.

Әуелде қатардағы сеялкашы болған ол кейін есепшілік міндетін атқарды. Неміс-фашист басқыншылары бейбіт жатқан елімізге тұтқылдан тап бергенде қолына қару алып, Отаның қорғауға аттанды. Соғыстан қайтып оралған соң, қайтадан темір тұлпарды ерттеп мінді. Егін бітік шыққан 1956 жылы “С-6” комбайнімен бір өзі 9 мың центнерден астам астық бастырды. Осындағы еселі еңбегі үшін “Құрмет Белгісі” орденімен наградталды.

Өздері шыққан биікті әлі місе тұтпай жүргендігі болмаса бригадирлікке тағайындалғаннан бері де тәуір көрсеткіштерге қолдары жетіпті. Совхоз бойынша 1973 жылы егіннен ен жоғары өнім жинағандары үшін бригада колективі Құрмет дипломына ие болды. Сол жылы Молдахмет Байқуанышев “Октябрь революциясы”, ал тоғызынышы бесжылдықтың қорытындысында Ленин орденімен наградталды.

Осындағы қалың ой құшағында келе жатып Молдахмет Байқуанышев өз бригадасының егістік алқабына да қалай жетіп қалғандығын білмей қалды. Шок-шоқ қайндардың қойнауындағы танап шетіне жете бере машинасын құрт тоқтатып, жерге тұсті. Бойын жазып еркін тыныстап “Уң” деп демін алды. Туған өнірдің іргелес жұпардай таза ауасы көкірегін керіп, көңілін асқақтатып жіберді. Соңғы жауған жауыннан кейін дала кереметтей түлеп құлпырып кетіпті. Айнала масаты кілем төсегендей жап-жасыл. Аспанда бозторғай шырылдауды ән салып. Ана бір қалың шоқ ағаштың ішінде ала

қашат сауысқандар да тыным таппастан шықылықтап үшіп жүр. “Тағы да жауын жауса игі еді” деп ойлады бригадир аспанға қарап.

Еңкейіп, бір уыс топыракты қолына алып, үгітіп коріп жатқан Молдахмет дәл қасынан дүр ете түскен мотор үнінен басын шұғыл көтеріп алды. Есепші Александр Иванович Диль еken. Былтыр ғана сатып алған су жана “Урал” мотоциклімен бұл да ертелетіп жетіп келіпті.

— Сіздің машинаңызды анадайдан танып, әдейі бері бұрылдым. Құс үйқылы болып кеткенсіз-ау, тегі, — деп күлімсірей қолын ұсынып сәлем берді.

— Шаруа қамы ғой, бәрі. Ал өзіне жол болсын. Елден алабөтен не ғып жүрсін? — деді Молдахмет.

— Шабындыққа шалғы шалар күн туды. Жерді өлшеп қайтайын деп едім...

Екеуі жүре сөйлесіп, біраздан соң бірі машинаға, екіншісі мотоцикліне қайта отырды. Сол қалпымен бұлар дала қосына да жетті. Механизаторлардың көпшілігі осында еken. Өйткені науқандық жұмыстардың қызу шағында олар отыз-отыз бес шақырымдай орталықтағы үйлеріне қайта-қайта барғаннан гөрі тікелей бригада басында қалып жатқанды жөн көрген-ді. Мұнысы құптарлық та еді. Қалған үш-төртеуі бригадамен іргелес “Жыланды” белімшесінде тұратұғын. Кешікпей олар да келіп қалуға тиіс

Манағыздай емес, бұл кезде бар шуағын жер бетіне

мейірлене төгіп тұрган алтын табақтай жарқыраған күн көзін ала шарбы бұлттар бөкебайдай түмшалап орап алған еді. Әлден уақытта бұлт арасынан біртіндеп жауын тамшылары да сіркірей бастаған болатын. Әрі-беріден соң жаңбыр тіпті қүшейіп, ана жолғыдай тағы да шелектеп құйып сала берді.

Жауын жауып тұр... Бұл молшылықтың, байлықтың бастауы екендігін диқан жүрегі де жақсы сезінеді.

**“Рузаев” кеншары,
Целинный ауданы.
1982 жыл.**

АУЫЛ АДАМДАРЫ

I. ЕҢБЕК ТАҢЫ ЕРТЕ АТАДЫ

**“Күлтөленген жалы бар,
Желден жүйрік жануар.
Сені бақсан адамның
Еңбегінің бағы бар”.**

(“Жылқышы ” әнінен).

Ақпанның бас кезі болатын. Айтқожа жылы төсегінен тұрысымен әйелінің жасап қойған шәйіне де қарамастан бір аяқ айранды тұрган күйі жұта салды да, асыға басып, тысқа шықты.

— Оу, отағасы, қайда барасың, ертелетіп?.. Кәрлен кесеге енді ғана шәй құя бастаған бәйбішесі орнынан тұрмақшы болып үмтыта беріп еді:

— Қоя-ай кой. Жылқыны шолып қайтайын, — деген ерінің сөзі еріксіз тізе бүктірді.

Айтқожа аткорада тұрган қаракерді тез ерттеп, айылын қайтадан тартып, үзенгіге аяғын салды. Күннің суықтығы демесен, бұғін ашық екен. Ағашты паналап қалған кешегі жылқы не болды?

Қаракер бір пысқырып қалды. “Ей, жануар-ай, — деді Айтқожа іштей ойға шомып, қарап отырсам, менің де қолыма құрық ұстап, жылқышы атанғанымға біршама уақыт өткен екен-ау. Соңан бері неше күз, неше қыс өтпеді десенізші. Өткен жылы әр 100 биеден 90 күлүн өсірген озат жылқышының биылғы межесі де

бійк-тін. Әй, жарықтық ана бір жылдардағы сұрапыл борандардың әлеігі-ай. Мал басында айтулы шығын болмаса да, қаншама бие құлын тастады емес пе? Осындай ой құшагында болған Айтқожа Рақымжанов ауылдан 5-6 шақырым жердегі жылқы тебіндеп жүрген қалың жынысты шоққа қалай жеткенін де сезбей қалды.

Әрі-беріден соң ол ат үстінде тұрған қалпы қалтасынан оттығын алғып, шылымын тұтатты да, анадайдан көзге әрең шалынатын қыратқа тесіле қарап, тағы да тәтті ойға берілді. Жылқыға не жетсін, шіркін! Ат-ердің қанаты деген жок па. Дұрыс айтылған нақыл-ау. Жылқы мінсен көлік, жүрсөң серік емес пе. Оның балдай қымызы мен тілді үйіретін етін айтсайшы бәрінен де.

Бұл кенет жақын маңнан шықылықтаған сауысқан-ның үнінен селк етті. Расында да, таяқ тастам жердегі биік қайынның ана бұтағына бір, мына бұтағына бір секіріп ала қанат сауысқан дамыл таппастан ұшып жүр екен. Мынаның тым секектеп шоршуы жаман көрінеді. Күн бұзылмаса жарап еді.

Теріскейден тұрған өкпек жел мұның ойын құптағандай әп-сәтте қүшейіп сала берді. Кешегі жауған үлпа қардың соны боранға айналғанын сезген жылқышы сон-сон атынан асыға жерге тұсті де, ер-тоқымының артқы айылын қүшене бір тартып, қайра ерге отырды. Құрығын онтайлап, топ жылқыдан оқшаша шығып, алыстап кеткен үш-төрт жабағалы биені ағаштың ықтасынына карай куа жөнелді.

Әлгіндей болмай күн көзін алашабыр бұлт түмшашап алды да, өңменнен өтер ызырық жел бұрынғысынан бетер екілене сокты. Ертесімен жылтырап түрганымен ауа райы құрт құбылып, сол сәтінде тез бұзылып сала берді. Көзді ашып-жұмғанша жаяу боран бастауды. Дүлей табиғаттың әсіресе қыстың осындағы қытымыр айларында жиі-жиі боранды-шашынды болатындығын, мұның бәрі оның құлімдеп келер көктем алдындағы соңғы ышқынысы екендігін жылқышы жүргегі бірден-ак сезгендей.

Айтқожа енді топ жылқыны осы қалың шоқтың жаңынан бұлк еткізбеуге тырысты. Өйткені аяқ астынан басталған долы боран бұл кезде тіпті қүшейіп кеткен еді. Аяз да қысып барады.

Қас қарай бастады. Бірақ боран тынар емес. Кенет манадан бір жерге үйлігіп түрган топ жылқы дүр етіп үша жөнелген құстай үйпа-түйпа бет-алды жөнкіп қаша жөнелді. “Не болды!” Атына асыға қамшы басқан тарлан жылқышының көзіне анадайдан көкжал түсе кетті. “Қасқыр!..”

— Айт, айт! Айтқожа жаны шыға айғайлап келеді. Қолындағы қайың сапты ұзын құрығымен жосып бара жатқан жылқының алдын жасқап жүр. Дүрліккен жылқы қайыру берер емес. Айтқожа ойын күдік биледі. “Кап, әттеген-ай, мына аш бәрілер жабагы-тайдың бірін мерг етпесе жаарар еді”. Ол енді көзіне қайта бір көрінген дала тағысы, жыртқыш анды қуа жөнелді. Қаракер де

қасқырды құтқармаймын дегендей, арқа жұні құдірей-ген дәу қөкжалды бастырмалатып келеді.

— Әуп! Жылқышы қөкжалды бір соғып жіберді. Ың-гайына келіп қалған қасқырды Айтқожаның қарулы колы мұлт жібермеді. Ол ат үстінен еңкейе бере оны бір салып өтті. Қөкжалдың қанқ етуге де шамасы келмей, төрт бұқтеліп, жерге домалап тұсті.

Енді бұл үдерे ұзап, жөнкіле қашқан жылқының сонын ала қайта қуды. Жеткізетін емес тіпті. Жо-жок, әнекей, топ жылқыға ере алмай, артқы жакта тепендең, бір-екі жабағылы, тайлы бие кетіп барады. Әлгілерден көз жазып қалмайын деген оймен Айтқожа маңайды межелеп, бағдарлағысы келгенімен, түк көргісіз алайдүлей бораннан дәнене де байқай алмады.

Боран басталғаннан бері бірталай мезгіл өтіп кетті. Тұн бел ортасынан ауып барады. Кенет мұның тап алдынан жарқырап әлдене шала-шарпы көзге шалынды. Мәссаған, Қараұңғір көлі емес пе, мынау. Бұл жаққа қайдан шығып кеткенбіз, шап, әйтпесе ана қалың жылқының көк тайғақ мұзға түсіп, кәдік болатыны сөзсіз.

— Қайт, жануар, қайт!.. Қайт!.. Топ жылқыны бастап ығып бара жатқан күрен бесті айғырды жылқышы дойыр қамшымен әрлі-берлі сабалап, кейін қарай жасқап қуып жүр. Бұған антарылып қалған өзге жылқылар да осы кезде бір-бірімен құйрық тістесе, айнала апыртұптыр тұрып қалды...

— А-ааау-у-у. Айт-қоо-жа!.. — А-а!..

Айтқожа әлдекімнің өзінің атын атап айқайлағанын естісс де, дәл қазір әлгі дауыстың қай жактан шығып жатқанын анық аңғара алмады.

— Айт-қоо-жаа-уу!.. Соның дауысы. Бригадир екен ітті. Ойпырмай, іздеп шыққан-ау, тегі! Айтқожа қуанып кетті.

— Ehe-he, ей, мен мұндамын!..

Тамағын сұық ұстап қалған ба, немене, Айтқожаңың үні өзіне де естілмеді. Дауысы қарлығынқырап қалыпты.

— Эу, отағасы, тірімісің өзі?! Бармысын!..

Айтқожаның жақ ашуға да мұршасы келмей, көзі жұмылып бара жатты. Бар болғаны бір жерге манадан үйілігіп түрған топ жылқыны қолымен нұсқап, әлдене леп күбірлей берді...

... Ол даланы сағынып қалыпты. Сонау зәрлі боран-шап бері қаншама күн өтті десеңізші. Екі ай... Иә, екі ай да ете шыққан екен-ау. Айтқожаның аяқ-қолының домбырып, ауыр халде ауруханаға түскеніне де екі ай өтіпті. Дол сол жолы, дүлей боранда жылқымен бірге адасып ұллада қалғанда өкпесіне сұық тисе керек . Үйге келісімен кеудесі қайта-қайта шашып, ыстығы көтеріліп еді. Енді міне, емі-шипа, сөзі — дәру ақ халатты аяулы жандардың аялы қолының арқасында сол дертінен де айық-қандай. Өзін-өзі жақсы сезінеді.

... Ол даланы сағынып қалыпты. Кең даланың жұпар иісті таза ауасын қайта-қайта көкірек кере жұтады. Кеше

өзіне бригадир мен ауылдың екі-үш ақсақалы көңілін сұрай кіріп шығып еді. “Әй, Айеке, ерледің. Бір тұяқ та шетінемепті”, деген-ді сонда бригадир құлімсіреп.

Совхоз басшылары Айтқожа ауруханадан шығысымен, нөпір той жасаймыз деген көрінеді. Ол мырс етіп, құліп жіберді. Долы боранда топ жылқымен адастып жүргендегі ашулы құлкі емес, езуіне әлдебір қуаныш құлкісі үйіріле берді.

Көктем... Иә, көптен күткен көктем де жеткен екен-ау! Жыл құстары ұшып келе бастапты. Ала қытай тау-тау болып үйіліп жатқан қар төмпешіктері қазір көрінбейді. Жер беті көктеп қалыпты. Жер-ана бусаңып жатыр.

Айтқожа үстіне халатын желбегей жамыла салып, аурухана есігін ашып, сыртқа шыққанда таң ала жиектеніп атып келеді екен. Иә, таң жаңа ғана атып келе жатыр.

Жылқышы жүрегі таңын қашан ататынын жақсы біледі. Ол таңын еңбек адамына әлі де қуаныш әкеle берері хак.

**Ортағаш ауылы,
Зеренді ауданы.
1979 жыл.**

II. ЖАРҚАЙЫҢЫҢ ЖАУҚАЗЫНЫ

— Апа, — деді Ұлбике кешкі сауыннан оралған соң беті-қолын жуып жатып, — ертең мен ауданға, одан әрі облыстың орталығы — Көкшетауға жүрмекпін.

— Неге, — деді пештің шоғын аударыстырып, таба наң төңкеріп жатқан шешесі, — жайша ма, әлде шаруаң бар ма еді?..

— Жай болушы ма еді, жиналысқа барамын. Қантар айының аяқ-шенінде облыстық XIX комсомол конференциясы өтпекші екен. Соған аудан жастары атынан осы ауылдан екі бірдей сауыншы қатысқалы отырмыз.

— Ол қайсы тағы?!

— Кәдімгі біздің Зұлқия ше?

Сықырлай есік ашылып, қызы мен шеше арасындағы әңгіме кілт үзілді. Үсті-басын қағынып, кіре беріске пимасын шешіп жатқан Жаналыға:

— Көкесі-ая, мына қызың Көкшетауға барамын дейді. — Қыз-қырқыны мен жігіттері көп жиналатын жиналысқа қатыспақшы көрінеді. Зейни де күйеуі болсағадан аттар-аттамастан оған жаңалық хабарды жеткізіп, сүйінші сұрағандай еміне қарады.

— Е, машина, айырпланы жүріп жатқан мына заманда жердің шалғайлығы сөз бе екен тәйірі, — деп Жаналы да мырс етті. — Баяғыда осы тұрған Қалыбек сорынан кіргеге тұз тартамыз деп өгізге шана жегіп, көз көргісіз мылқау долы боранында талай жолдан адасып,

қарадан қарап үсініп, өліп қала жаздағанымыз бар. Казіргі кезді ол уақытпен салыстыруға бола ма?! Көзіміздің ағы мен қарасындаі санап отырған баланы бетінен қақпа, барам десе барсын барап жеріне, солай емес пе, қызым?!

* * *

Облыс орталығынан Ұлбике қуанышты оралды. Әйтпегенде ше! В. И. Ленин атындағы мәдениет сарайында өткен осынау алқа-қотан көвшілік жиналған үлкен бас қосуда ол ендірістің жас озаттарының қатарында президиумда отырды. Ал конференцияға қатысушы қыз, жігіттер мұны ВЛКСМ XVIII съезіне облыстың жастары атынан бірауыздан делегат етіп сайлады.

Алтын үя-мектеппен қош айтыскан күн Ұлбикенің әлі есінде. Құрбыларының көвшілігі екінші тыңды еншилеп актылы қой өсіруге өзіндік сыйбағалы үлесімізді қосамыз деп шалғайлау орналасқан Уәлиханов, Еңбекшілдер аудандарының шаруашылықтарына жолдамамен кетіп жатқанда бұл ауылдағы қарт әке-шешесінің көңілін қимай тұған елге қайтты.

— Қызың онжылдықты тауысты, той жасамайсындар ма енді, той десіп, қайырлы болсын айтып, құттықтаушылар да күн сайын көбейе түсті.

— Той болады фой. Әйтсе де өз қолы өз аузына жетіп үлгермен жас баланың бағын байлап, әлден үйде отырызып қойғымыз келмейді. Қайта күш-қаражаттың барында көп институттың біріне барып, түсіп қайтса де-

теп үмітіміз бар, — деп Зәйни де көрші абысын-ажындарына ағынан жарылып, жүргегіндегісін жеткізіп жатыр.

Бірақ ана ойына қызы қарсы шықты. Кешкі шай үстінде Ұлбике:

— Апа, мен осындағы товарлы-сұт фермасына жұмысқа орналасып, өзініздей сауыншы болуға бекіндім, оған қалай қарайсыз? — деді тікесінен тіке.

— Қарағым-ау, әлі жас емессің бе? — Ана күндерде біз қолдың қысқалығынан оқу оқып, білім алуға жагдайымыз жетпеді. Ал сендерге не жорық?..

Қарап отырса, содан бері де төрт-бес жыл өте шықкан еken-ау. Қындығы мен қызығы мол күндер еді ол.

— Жастайымнан ел ішінде өсіп, ел тұрмысына қанық болғандығымнан ба, малсак жандардың тәжіриbesін үйрене жүріп, өзім де көп үзамай-ақ мынау деген озат сауыншылардың қатарына қосылдым, — дейді Ұлбике Бәтенова өткен күндерді еске алып. — Әйтсе де есімі аудан, облысты былай қойып, республикаға жақсы мәлім сауыншы Айман Әмірханова, Любовь Тимаева мен Мәриям Әбденова, өз анам Зейни Бәтенова мен Қалима Кенжегаринова, Оразбике Садықова мен Дариха Қалиева апайларымның алдында өзімді әлі күнге борыштымын, әлі күнге көп-көп қарыздармын деп санаймын.

— Ұлбике, сен қандай бақыттысың, дейді әріпtes құрбылары жас қызға, өзге жүрттың қолы жетпей жатқанда, Москваны емін-еркін арапап, ВЛКСМ XVIII съезіне қатысып қайттың. ВЛКСМ Орталық Комитетінің “Бесжылдықтың жас гвардияшысы” күміс белгісімен наградталдың. Селолық Кеңес депутатысын. Қөркемөнерпаздар үйірмесінің белді мүшесі екендігінді де жүрттың бәрі жақсы біледі...

— Қызыым-ау, бұғін тым ерте келіпсің гой, — деді құзетші шал шелегін жуып жатқан Ұлбикеге құлімсірей қарап. — Шіркін, жас кезімізде біз де таң атқаннан күн батқанға дейін жұмыс істеуден қажымаушы едік, — деп қояды өз-өзінен құбірлеп.

— Сырларды тезірек сауып, үйге қайтайын дегенім гой. Кешке “Ауыл мәдениеті және жастар” деген тақырыпта диспут өтпекші еді. Соған дайындалуым керек.

Диспут ұзакқа созылды. “Ауыл мәдениеті және жастар” деген тақырыпта өтken бұл жиында сауыншы, Республика Кеңесінің депутаты Айман Әмірханова, мұғалім Сайлыбай Айтбаев, малшилар Жұматай Әмірханов, Мінәскен Кенжегарин, сатушы Зура Тимаева, тағы басқалары сөз алып, бұғінгідей өскелең заманда өмірде кездесіп қалатын кейбір ескілікті кемшіліктерді еш бүкпесіз жүртшылық талқысына салды.

Жарқайындық балбармақ сауыншы, жарыс жеңім-пазы Ұлбике Бәтенова қазірде әріптес құрбыларымен бірге табыстың тай қазанын тасқындата түсіп, өз тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындашып шығу үшін күрестеде. Еңбегімен елге танылышп, атақ-данқы дүйім жер-нестеріне мәшһүр болған сауыншы қыздың мақсаты қарамағындағы сауын сиырлардың әрқайсысынан ең кемі 3000 килограмнан сүт сауу.

... Қалыбек сорын жиектей салынған үлкен тастақ жолдың үстімен автобус жүйткіп келеді.

— Қыздар-ау, әдейілеп Бурабайға барып, кафе-ресторанына бір отыра алмай кетті дегенге кім нанады. Шынымды айтсам, шегім шүркүрап өліп келемін, — деп қашанда құлығы қалмайтын қүшікеш Роза автобустолы жүргіншілерді ду құлдірді. Кәне, томсырайып осылай үн-түнсіз отыра береміз бе, онан да ән айтайык...

— Е, манадан солай демейсің бе?..

— Ән шіркін, көңілдің ажары фой...

— Біржанның елі, Ақан серінің туып-өскен жері — Кекше топырағында туған сендер әуелетіп ән салмағанда қартайған шағымда енді мен айтам ба, мына барылдақ даусыммен, — деп Мәриям жеңгей де сауыншы қыздарды бір әжуәлеп қойды. — Кәне, тезірек бастаңдар ендеше.

Кіндігімнің жас қаны,

Тамған жері ауылым.

**Шабытымның асқары
Самғауышы еді ауылым...**

Эннің қайырмасына жеткенде манадан іштей ғана қайталап, ыңылдаپ отырған Ұлбике де оған қалай қосылып кеткенін сезбеді. Тебірене, төгіле айтып отыр.

**Жастығымның күәсі,
Шұрқыраған ауылым.
Жусаны мен жуасы,
Бұрқыраған ауылым!..**

Әсем ән аспанда ақ кептердей қалықтай әуелеп, кешкі тымық ауаны тілгілеп, одан сайын шарықтап барады.

Алдағы ылдидан жоғары өрлеп келесі бір қырқаға көтеріле бергенде құлама жарды жиектей қоныстанған ауыл үйлерінің төбесі де көрінді. Автобус терезесінен айналға құмарта көз тастап отырған Ұлбикенің жүргегі де сол сәтте шым етті.

Жер апшысын қуырып, желмен жарыса жүйткіп келе жатқан машинаның енді тезірек ауылына жетуін жас қызы іштей тілеп келеді...

**“Звезда коммуны” колхозы,
Тайынша ауданы.
1983 жыл.**

III. ЖАҢАДӘҮІР ЖАЙСАНЫ

Жөни шешей күндегі дағдысымен пеш қасында жұн түгін отырған. Жүзін әжім басып, белі еңкіш тартып, қартаңың жеңе бастаса да үйдегілерге, әсіресе, тұла бойты тұңғышы Сатыбайға қамкөнілділік білдіріп, еш шатынып көрген емес.

“Балалы үй — базар” деген фой. Кешкілікте қарадомаштақ немерелерінің басы қосыла қалып, үй-іші азан-қазан болғанда Жәни шешей бұлардың тамашасын қызықтап, тіпті жасарып кеткендей сезінеді. Сол әдетімен әне, астындағы жұмсақ көрпешесін әрі ысыра салып, маймандай басып, қазандық астындағы қайың отынды көсеумен әрлі-берлі есіп, көсеп-көсеп жіберді де, қабырғадағы аспалы сағат тіліне қайтадан шүкшия қаралды. “Түскілік тамақ уақыты болып қалса керек-ті. Әлгі келін шіркін, қайда жүр екен? Әлде айдың аяғы болған соң магазинге жаңа товар түсіп, соған бөгеліп қалды маекен?” деді өзінен-өзі күбірлей сөйлеп.

Солай деуін күткендей-ақ сырттан біреудің аяқтықыры естілді. Сықыр еткен есікпен бірге ішке ентіге демін алып келіні енді. Аяз сорған беті базаршының қызыл алмасындағы қызарып кетіпті. Құр қол келмегені көрініп те тұр.

— Сүйінші апа! Сүйінші! — деді Куаныш магазиннен әкелген заттарын стол үстіне қойып жатып. Рутай жаның көкесі тағы да “Октябрь революциясы” орденімен наградталыпты. Жаңа магазинде тұрған адамдардан естідім.

— Е, жарайды ендеши, мен де аққұманды ағызып, қуырдақты ысыта берейін, — деп манағыңдай емес ілезді сабасына түскен Жәни шешей де қайта қазандықтың қасына барды. Өзін-өзі іштей сөгіп, күбірлеп жүр. “Сатыбайым, картайғанда соныма ерген немеремнің әкесі болса, тоғыз ай тар құрсағымда көтеріп, өзегімді жарып шыққан менің жалғыз балам. Қуанудың орнына ретсіз жерде тарылғаным не? Ой, алжыған басым-ай! Қу тірліктің әлегімен баяғыдағой, қарны жер тіреген байлардың босағасында жүріп жыртық аяғынан борсыған көже ішуге де зар болғанымыз қайда?!”

Жәни шешейдің ойын әлдекімдердің дабырлаған дауысы бөлтіп жіберді. Келген көршілер екен. Сатыбай да солардың ортасында жүр.

— Қойларды байқастай тұруға көмекшім Жәнияны тастан кеттім. Өзімді мыналар “жүр де жүрлеп” ерікке қоймады, — дейді тонын іліп жатып, орден алыпсын, жуамыз дейді. Бір күнгі жұмыс ешқайда қашпас, бүгін жуылмаган соң ол орден бе тәйірі дейді.

Бұл 1977 жылдың ақпан айының соңғы күндерінің бірі еді.

* * *

“Жас өспей ме, жарлы байымай ма” дейді ғой баяның мақалы. Не айтса да, бұрынғылар бәрін болжап, біліп айтқан-ау тегі. Тұп мағынасын ойластыра келгенде осы сөздің Сатыбайға да тікелей қатысы бар сияқты.

Ої дейтініміз, оның өзі де жас кезінде жоқшылықты көп көрді. Таршылық заманды көзімен көріп өсті. Қара шанды тойып жесе де соның өзіне мәз болушы еді. Әкесі марқұм бертінге дейін бай есігінде жалшылықта жүріп, мауын бақты. Отынын әкеліп, күлін төкті. Сондағысы борі қу тірліктің алегі... Кейін кеңес өкіметі орнап, өңкей жарлы-жақыбайлы мен кедей-кепшіктің өні түгілі түсінен сибекен бақыт таңы ·шүғылалы сәулесін төгіп атқанда ол да кедей шаруалар мен жұмысшы табының одагына мүше болып кірді.

Шағын ауыл Жаңадауірде де отырықшылық басталды. Коллективтендірлген шаруашылық құрылды. Ел басқарып, дүйім жұртқа дүркіреп атағы шықпаса да кешегі мың жылқы айдаған байлардың басыбайлы құлы болған Мұқаншәріп те жыртық шапанын жамыла жүріп озіндей кедей шаруалармен тізе қосып, ерінбей еңбек стті. Сонда онтөрт жасар Сатыбай да шопан таяғын қолына ұстады. Әкесіне еріп, сақманшы, қойшы бала атанды. Шаруашылық ісін өрге сүйреуге талпынды. Осы жолдан таймауга бекінді.

Сөйткен елге, елдің еңкейген кәрісі мен белі бекіп, бұғанасы қатаймаған жасына, бейбітшілік сүйгіш барша адамзаттың басына тағы да қайғы бұлты үйірліп, сыналатын да, сынайтын да қыын шақ туды. Өз қолына тенденциј тиіп, енді-енді есін жиып жатқан кезде еліне тұтқылдан неміс-фашистері соғыс ашты. Өзге ауылдастарымен бірге сонда Сатыбай да өзін майданның алғы

шебіне жіберуді өтініп, алденеше рет өтініш қағаз жазды. Әскери комиссариаттағылар бірақ оның жастығын ескеріп кейінге қалдыра берді. Тылда қалып, жұмыс істеге ақыл қосты. “Майдандағы солдаттарды нанмен, жылы киім-кешекпен, қару-жаарақпен қамтамасыз ету үшін мұнда сендердей жұмысшы күші қажет” деп тапты олар.

Тұні күнгे, күні тұнгे ұласқан со бір қымкуыт шактарда бұлар “етігімен су кешкен, ауыздықпен су ішкен” заманды өз бастарынан өткерді. Ауылда қалған әйелдермен, кемпір-шалдармен бірге егін екті. Май шамның алдына отырып, кешкіліктө майдандағы жерлес жауынгерлерге арнап бүркүратып хат жолдап жатты. Со күндерде Сатыбай да өзіндей ер жетіп қалған тетелес жігіттермен бірге қысқа мерзімдік курсі бітіріп, тракторга отырды. Әуелгіде қолы көндікпей, көзіне қораш көрінгенімен темір тұлпарды да ол қазақ жігіттеріне тән қызуқандылықпен тез үршықша иіріп әкетті.

Ел үстіне, ер басына алапат болып төгілген сүм соғыс талай боздақты жастайынан қыршынынан үзіп, талай адамды өз аяулысынан, сүйікті жары мен баласынан, жақыны мен туысқанынан, бірге туган бауырынан айырды емес пе. Тарих шежіресіне үңіле қараганда екінші дүниежүзілік соғыстың өзінде ғана миллиондаған адам Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығы жолында қаза тауып, арттарына өлмес ерліктерін қалдырган екен. Шағын ауыл Жаңадауірдің өзінен кеткен ер азаматтардың қаншасы қан майданнан тірі қайтып оралмады десенізші!

Жылдар жүгі өз көшімен жылжып жатқан сайын Жапаңдауір ауылының тумасы, бүгінде қырма иекті жіпті ағасы атанаып отырған Сатыбай Мұқаншәріповтың де еңбек тәжірибесі толысып, алған наградалары көбейген үстіне көбейе түсті. Сонау тың игеру дүбірлеп тұрган шакта тұңғыш рет 1956 жылы “Құрмет Белгісі” орденін омырауына тақса, ал арада он жыл өткенде екінші “Құрмет Белгісі” орденімен наградталды.

* * *

Иығына шолақ тонын іле салып, сыртқа шыққан Сатыбайдың құлағы ілездे шым ете қалды. Манағыдай емес күн қақырайып кетіпті. Жерге тіпті түкірігің түспейді. Қой фермасы жақтан шопандардың “Шәйт-шәйт” деген дауысы естіледі. Солай қарай асыға бет алды бұл. Аяқ асты басқан сайын сықыр-сықыр етеді. “Жарықтық күннің бүйтіп күрт сұытқаны несі, деп ойлады шопан өзіне-өзі іштей сұрақ қойып. Саулықтардың жаппай қоздайтын кезі ғой қазір. Қозыларды да, жаңа туған енесін де сұыққа ұрындырмауымыз қажет. Төл шығынына әсте жол беруғе болмайды. Солай деп анада соңғы жиында уәде еттім смес пе”... Осындай ой құшағында келе жатқан Сатыбайдың алдынан көмекші шопан Жәния Қожабаев алқына жүгіре шықты.

— Ағай, ағай, — дейді ол жеңінен тартқылап, әлгі мен айтқан бар ғой...

— Оу, не дегелі тұрсын өзің. Не боп қалды, айтсай-шы тезірек, — деді бұл да аптыға.

— Әлгі, әлгі, мен айтқан бар гой, марқа тоқтылардың екеуі де егіз туды. Бір-бірінен аумайды тіпті...

— Е, солай демейсің бе манадан. Өзім жоқта мал бірденеге үшырап қалды ма деп, жүрегім үшіп кетті гой... Әй, шіркін, жастық-ай осы, деп Сатекен қолын бір сермеді. Жұр ендеше жаңа туған қозыларынды көрейік.

Екеуі жүре сөйлесіп, қора ішіне кіре бергенде бригадир мен бөлімше зоотехнигі де қарсы жолықты.

— Оу, Сатеке, манадан бері өзінізді іздең таппадық. Куанышының қайырлы болсын. “Жигули” машинасын сатып алғанынызды біз де әлгінде ғана естідік, — деп бригадир Ермек Келдияров та, зоотехник жігіт Ағзам Жапаров та мұның қолын қысты.

Өзге жұртқа томага түйік көрінетін шопан ағаның бұлайша ағынан жарыла сыр шерткеніне бригадир де риза болды. “Бұл кісілердің жүрегі алыптардың жүрегіндей кең гой шіркін! Жомарттығын айтсайшы бәрінен де. Еңбек десе қажу дегенді, шаршау дегенді және білмейді, — деп сүйсіне қарап тұрды.

Әлде мезгілден соң зоотехник жігітпен екеуі алдағы шаруа жайын кенесіп, тысқа қарай беттегендे Сатекен де қасындағы көмекшісімен күн-ұзакқа сыртқы шарбақта тұрган қойларды корага қамап, өз қолынан қайта түгендеуге кірісті...

**Жаңадәуір ауылсыз,
Тайынша ауданы.**

1980 жыл.

IV. ОН АЛТЫ ҚЫЗ — ОН АЛТЫ ГУЛ

Осыдан бірер жыл бұрын Красноармеец ауданына қарасты “Тернов” совхозының механизатор — қыздарының облысымыздағы барлық қыз-келіншектеріне техника тілін менгерейік деп үндеу қабылдағаны бәрімізге белгілі.

Жақсы іс жалғасын тапса құнды деген ғой. Әріптес күрбіларының бүл иғі бастамасы қарабұлактық тракторшы қыздардың да ойына қозғау салып, олардың еңбек шабыттына шабыт қосты. Он жылдықты бітірген өрімдей он алты қыз арнайы курсы тәмәмдасымен трактор рычагін ұстап, бірден еңбек майданына арапасты. Солардың ішінде Дәметкен Шәймерденова, Үміт Құрмашева, Тыштық Манапова, Зәуре Рақымжанова, Әсия Қарабаева, Барқыт Құжыбаева, Гауһар Бәшерова, Дәмеш Мендібаева, Үрысалды Есімова, Гүлбәрәм Сәрсекеева, Галина Шаповалова, Орындай Құлыбекова, Құлпәш Бекмағанбетова, Рақияш Әнғожина, Айтжамал Рақышева және Гүлдарай Қасымова бар-тын. Көктем гүліндей құлпыра жайнап өсіп келе жатқан жауқазындардың көпке үлгі етерлік өнегелі істері тек жерлестерінің ғана мақтанышына айналып қоймай, ақындардың жырына да арқау болды. Мысалға:

Он алты қыз — бір ауыл түлектері,

Ел ырысын байыту — тілектері.

Бара жатыр нәр сеүіп туған жерге,

Жарқыл қағып жұп-жұмыр білектері.

Желкілдеп жүруші еді тұлымдары,

Ел жайлы, ерлік жайлы бүгінгі әні.

Қара қошқыл топырақ өріледі,

Бейнебір он алты қыз бұрымдары, — деп кезінде

талантты ақын қарабұлақтық осынау механизатор қыздардың ел мақтарлық, көп сүйсінерлік жақсы істерін жыр да етті.

Орта бойлы, қағылездеу келген қараторы қыз өзін Бакыт Құжыбаева деп таныстырып, енді ғана басталған енбек жолы жайында әңгіме жібін сабактай түсті.

— Мен осы совхоздың Игілік бөлімшесінде туып-естім. Сегізінші класты да туған ауылымда оқып бітірдім. Содан кейін Кекшетау қаласындағы облыстық мектеп-интернатқа барып онжылдықты тауыстым.

Жас кезде адам арманшыл келмей ме. Қолыма аттестат алғаннан кейін “Енді қайда оқуға барсам екен, әлде шаруашылықта қалып жұмыс істегенім жөн бе”, деп те ойладым. Ақыры соңғы шешімге тоқталдым.

Сол 1977 жылдың қысында бөлімшеде үйымдастырылған тракторшылар даярлайтын курста оқып, механизаторлық мамандықты менгергендігім жөнінде куәлік алып шықтым. Қектемгі дала жұмыстары басталысымен-ақ біз де іске қызу кірістік. Әуелде ескі “МТЗ-50”, ал сонынан “Т-40” тракторында жұмыс істедім.

Өзге құрбыларым сияқты мен де 1977 жылы Зеренді қазақ орта мектебін бітірісімен тракторшылар даярлайтын курсқа оқуға түстім, — деп бастады өз әңгімесін Зәуре Рахымжанова. Содан былтырғы жылдың сәуір айының аяғында емтихан тапсырып, мамырдың онынан бастап тракторға отырдық. Әрине, әуелгі кезде техникада жұмыс істеу онай болған жоқ. Бірақ тәжірибелі механизаторлардың көмегімен өзімізге бекітілген үстаз-

Аттакшіміз Сайлау Нұғымановтың үйретуімен ауыр іске
ісі арада көндігіп кеттік.

* * *

Жастық шақ! Қызығы да киындығы мол романтикалы болы кезең бұл. Жастық шақта адам тауды қопарып, ғасыры бұзса да қынқ демеуге бар. Соның бір жарқын көрінісін қарабұлақтық механизатор қыздардың бүгінгі өмірінен, олардың тұрмыс, тіршілік харекетінен айқын коруге болады.

Қарабұлақтық механизатор қыздар жайлы шағын мақаламызды ақын С. Оспановтың солардың өздеріне арналған өлең шумақтарымен аяқтағымыз келеді:

Он алты қыз ауылдың ақ таңындей,

Көктемнің көз ұялтар шақтарындей.

Жүреді кең далада кер маралдай

Қай жерде жатса бір іс атқарылмай.

Сұлулық көкейлерді өртемес пе,

Сұлулық жігіттерге дерт емес пе?!

Он алты қыз ауылдың ырысындей,

Қыз өссе, ол елінің көркі емес пе?!

Көмкеріліп көрікті жырат, гүлмен,

Көктем бұл сықылықтап бұлақ құлген,

Он алты қыз бүгін дастан жазып

Осынау туған жерге трактормен...

“Қарабұлақ” кеншары,

Зеренді ауданы.

1983 жыл.

ҚЫР ҚЫЗҒАЛДАҚТАРЫ

I. КҮЛИКЕН

— Өй, құлымынам сол, аман-есен келдің бе? — Әдейі барған шаруанды тындырып қайттың ба? — деп шешесі әлгінде ғана аудан орталығынан оралған қызын айналып-толғанып жатыр. — Құдайдың күні де қақап, қүйіп кетті ғой. Әбден сусаған шығарсын өзін де.

Күлиken болса жымышп оған қарайды.

— Машинаның іші расында да ыссы екен тіпті. Жеткенше зықымыз шықты. Тандайым қatalап, шөліркең барамын, апа. Қайнаған шайыңыз жоқ па еді!..

— Шайдан бұрын анау қымыздан ішсейші, құлымынам-ау!.. Ағарған актан татпаймын дегенді сендерден естимін осы. Жұмыс соғып, қажып-шаршап жүргендердінде бойларына әл-қуат болмай ма, — деп манағыдан бетер жаны шығып қалбалақтап қалған Багила шешей ас үйдегі қубіні асығыс пісе бастады.

Еңбекке араласқалы төрт-бес жыл өтсе де өзін әлі күнге бала санаپ, өбектей беретін ана мінезіне қызы кей-кейде таңырқайтын-ды. Әйтсе де үйдегі кішкентайларының ішінде Күлиkenімнің орны тым бөлек деп санайтын ана көнілін ертеден білетін қызы бұған тіс жарып ештеме демейтін.

— Мені іздеп ешкім үйге соққан жоқ па, — деді жай ғана. — Бүгінгі почтаны әкелді ме?

— Е, манағы кезде хат тасушы бір құшақ газет, журналды әкеп кеткен, — деді шешесі бұған кәрлен кесемен шыбығынан шыққан қымыз ұсынып жатып. — Аңы болса

міниң қаймақтан араластырып іш. Көрші-көлемнің бірағы озіннің алдында қайырлы болсын айтып, кіріп шықты. Қызың депутаттықа сайланды, бағы жанып, бақытын берсін. Баяғыда өзінде тракторда істеп едің рой, сенің жолынды қуса тегінде далада қалмас дейді.

Шеше сөзінің де жаны бар-тын. Сонау жұмысшы құшті жетіспей жатқан соғыс түсында Бағила да ерінің орынын жоқтатпаймын деп темір тұлпарды ерттеп мінгенді. Құлиken де енді соның ізін қуып отыр. Ауылдастары бұған зор сенім білдіріп, аудандық Кеңес депутаты стіл сайлаған болатын. Жиырма бірге жаңа толған жас қыз үшін бұл үлкен абырой еді. Ағасы Елемес те, інісі Жанбай да осы ауылда механизатор болып істейтін. Семьялы жұмыскерлердің атақ-данқы бүгінде бүкіл ауылдастарының аузына іліккен...

Әуелде тракторда істеймін-ау деген ой Құлиkenнің үш үйіктаса да түсіне кірген емес-ті. “Шаруашылықта механизаторлар кадры тапшы. Кәмшат апайларының ізін қуамыз деген қыз балаларға қандай көмек қажет болса да аяマイмыз. Оқысын, Көрсін. Үйренсін” деп әдейі салем айтқан совхоз басшыларының хабарынан кейін мектеп бітіргелі отырған оншақты қыз уәделесіп қойғандай көп үзамай орталықтан бірақ шықты. Тракторшылар даярлайтын қысқа мерзімдік курста оқып, қолдарына бір-бір қуәлік те алды.

Ойлап қараса Құлиkenнің тандаған жолы дұрыс сияқты. Мақсаты да орындалып келеді. Қысы-жазы тыным алууды білмейтін шаруажай адамдармен катар үзенгілесе енбек етіп жүр. Былтырғы жылдың басында өңкей

қыздардың күшімен арнайы комсомол-жастар бригадасын құрамыз деп облыстың барлық механизатор қыз-келіншектеріне үндеу қабылдаған да осылар болатын.

Алғаш қыындық та кездеспей қойған жок. Бригадир де тұрактамай қойды. Ортақ селосы бөлінгесін “К-700” тракторында істеп жүрген апалы-сінлілі Ида мен Лида Шмидтер де осында қалып қойды. Люба Воробей болса тұрмысқа шыққасын, мұлдем басқа жаққа қөшіп кетті. Айман Нығыметжанова да денсаулығына байланысты уақытша бұл жұмыстан қол үзді. Фазиза Кенжебаева да бригада мүшелерімен қош айттысты.

“Қыста аяз сорып, жазда қүнге шыжып, шаң-тозанды жұтып, май-май болып, тракторда енбек ету ерлердің ғана қолынан келетін іс” деп өзгелер бұл мамандықтан ат-тонын ала қашып жатқанда қалған бес қызы өз бетінен қайтпады. Не көрсе де, акырына дейін шыдауга белді бекем буысты. Ақыры бұлар женіске жетті!

Төгілген тер текке кетпеді. Бесжылдықтың беташар жылының қорытындылары бойынша облыстың көптеген жас өндіріс озаттарымен бірге терновтық механизатор қыздарға да аудандық, облыстық комсомол комитеттерінің грамоталары тапсырылып, ақшалай-заттай сыйлықтар берілді. Олардың біразы “1976 жылғы егін орағының екпіндісі” атанды. Ал Құлиген Оразова үкіметіміздің жоғары наградасы — “Құрмет Белгісі” орденімен наградталды.

**«Тернов» ұжымшары,
Тайынша ауданы.
1983 жыл.**

II. ДӘМЕТКЕН

...Бәрі де ойда-жоқта басталды.

Совхоз орталығында әртүрлі жұмыс істеп жүрген Әметкен кешкілік тағамын ішіп отырғанда әкесі мен шешесіне:

— Осында тракторшылар даярлайтын курс ашылмақшы екен. Соған мен де жазылмақшымын, қалай қарайсыздар! — деді.

— Қай оқуга барам десен де бетіннен қақпаймыз, қарағым. — Ал механизатор боламын дегенің тіпті лұрыс. Тек балалық жасамай оқысан болады да, — деп әкес-шешесі үлкендік ақылын айтты.

Шындығында әке сөзінің жаны бар-тын. Қарапайым шаруа баласының “темір тұлпар” тізгіндеп, еңбек ете бастағанына да ширек ғасыр уақыт өтіпті. Содан бері қарап отырса, неше күз, неше қыс өтпеді десенізші. Қаншама гектар жер жыртылып, қаншама килограмм жағар және жанаң май үнемдеді. Тек соңғы бес жыл бойы өзіне берілген “ДТ-75” тракторымен күрделі жөндеусіз жұмыс істеді. Соның бәрі төгілген мандай тер мен лиқаншылық көп жылғы тәжірибесінің арқасында қол жеткен женіс.

Осынау жылдар ішінде шаруашылықтың мандай алды механизаторы Кәнтек Шәймерденов абырай-атактан де құр емес сияқты. Тындырымдылық қасиетімен ел көзіне түскен абзал азамат осыдан бірер жыл бұрын Еңбек

Қызыл Ту орденімен наградталды. Қатарынан бірнеше жыл жарыс женімпазы атанды. Енді міне кешегі күнгі тұлымшағы желкілдеген жас сәбиі ержетіп, әке жолын қуып, механизатор боламын деп тілек білдіріп отырса, Кәнтек қуанбағанда қайтсін?!

* * *

Арада тағы бір қыс өтті. 1976 жылдың көктемінде Галина Шаповалова, Рақияш Әнғожина, Айтжамал Рақышева сияқты құрбыларымен бірге Дәметкен де “темір тұлпар” рычагін ұстады.

— Жас қыздарға әуелде ескі “Т-40” тракторын бекітіп бердік, — дейді совхоздың № 1 трактор-егіс бригадасының бригадирі Тұяқ Әділов сол кезді қайтадан еске алып. — Қайтер екен, күн ұзакқа шаң жұтып, май-май болып жұмыс істеуден қашқақтап жүрмесін әлі деп те ойладық. Бірақ механизатор қыздар алған бетінен қайтпады. Олардың бәрі де азғана уақыт ішінде “темір тұлпарларды” жүргізуге әбден машиқтанып алды, техникалық күтімді де өздері жасап жүрді, тіпті ана-мына ұсак бөлшектері сына калса оны да ешкімнің көмегінсіз-ақ жөндеп ала беретін болды.

Күн артынан күн, ай соңынан ай білінбей өтіп жатты. Бұл кезде шаруашылықтың орталық қонысы — Қарабұлақта сегіз қызы бірдей механизатор болып жұмыс істейтін. Ал бұлармен көршілес Кіші Жамантұз, Игілік

шүйлдарында да осыншама қыз “темір тұлпарларды” тігіпшідеп, ерлермен қатар еңбек етті.

Механизатор қыздар әсіресе жазғы пішен дайындау жұмыстарына білек сыбана қатысты. Олардың біреу-шері шөп шапса, енді бірі оны тырмамен жинап, үшіншісі буын тайланған пішенді мал қыстақтарының қасына пісімалдады. Тіпті бұлардың кейбіреулері (оның ішінде Әметкен де бар) жемшөп дайындауда тәжірибелі деген тіс қажқан механизаторлардың өзін басып озды. Сонда “Тойірі, жап-жас қыздардан не шығушы еді. Әлі-ақ құнғе қүйін тотығып, аяз сорып шалдығып, ауыр жұмыс таң-лийларына татыған соң бәрі бет-бетімен тоз-тоз болып тараған кетеді “дескен адамдардың өзі «темір тұлпарларды» үршықша үйірген жас механизаторлардың еңбек-сүйігіштігіне, олардың қажыр-қайратына қатты сүйсініп, киіран қалып, бастарын шайқасты.

Осы жылдар тегінде механизатор қыз Әметкен Шойимерденова үшін де іздену, толысу жылдары іспетті болиды. Алғашында ескі “Т-40” тракторінде жұмыс істегендегі бұған кейін совхоз басшылары жаңа “ЮМЗ-6” “темір тұлпарын” сеніп тапсырды. Мұның өзі жас қыздың еңбекке деген ынталылығын тіпті арттырып, оның оңдірісте жақсы көрсеткіштерге жетуіне игі әсер етті.

* * *

Кешкі мезгіл. Үп еткен жел жоқ. Айнала жап-жасыл. Өрістен қайтқан сиыр мен қой-ешкі, тебіндеп

жүрген жылқылар, бәрі-бәрі ауыл тіршілігіне елден ерек өзгеше бір сән бергендей. Иек тұсындағы қырқадан бері қарай тіркемелі арбаға шөп тиеген “ЮМЗ-6” трактор келеді. Кабина ішінде орта бойлы, қағілеңдеу келген, қара торы қазақ қызы отыр. Бұл біздің әңгімеміздің кейіпкері, жас механизатор, жас болса да өзгелерге бас бол жүрген енбек озаты Дәметкен Шәймерденнова. Оның кезекті рейстен қайтып келе жатқан беті.

III. ШОЛПАН

1976 жылдың жазы еді...

Аспанда шөкімдей де бұлт жоқ-ты. Күн күйіп тұрған. “Көктем туғалы жер бетіне дым тамбады. Енді жауынның жаууын күтсек қапы қалармыз” десіп, совхоз басшылары мен мамандары өзара ақылдаса келе, шабындыққа шалғы салар сәт жетті деп шешті. Әйтпейінше, бой көтерген шөптің мүлдем сарғайып, семіп қалу қаупі төнген болатын. Алда тұрған міндет жауапты еді. Жанауылдықтар қоғам малы үшін алты жарым мың тонна жемшөп өзірлеуі керек-ті.

Пішен дайындау науқанына басқалармен бірге кілең қыздардан үйымдастырылған “Қарлығаш” атты механизаторлар звеносының мүшелері де білек сыбана кірісіп кетті. Кеше ғана мектеп қабырғасынан түлеп үшқан өңкей жауқазындай жанауылдық жас қыздар үш айлық курсте оқып, трактор жүргізуге куәлік алған.

Науқан басталғалы Шолпанға да тыным болмай кетті.

Олткені бар жауапкершілік звено жетекшісі ретінде соғып жүктелді. Техниканың ақаулы жері болса да, алдағы күндерде атқарар жұмыс жайлы да, демалыс күндерін күштей өткізу туралы да механизатор қыздар алдымен Шолпан Шәпиеваның өзімен келісіп, өзімен ақылдасады. Тіпті анада Тастыбай Шәйсұлтанов бұған топ жетекшілігін өз міндетіне алуды қайта-қайта тапсырған. “Кеңесіп пішken тон келте болмас” деген ғой. Құрама-мінша Майра Мақатова, Валентина Шейльман, Құлпән Аманжолова, Татьяна Коваленко сияқты өндірдегі механизатор қыздар бар звено мүшелері көп ұзамай-ақ ауыр іске көндігіп, еңбек көрсеткіштері жақсарған үстінен жақсара түсті.

Қызының үйқысы қашып, жүдеу тартқан кейпін көргенде шешесі де іштей күрсініп, қамығып қоятын. Тіпті шыдамады ма, бірде жұмыстан кештеу қайтқан Шолпанның алдынан қарсы шығып:

— Қарағым, ертелі-кеш шаң-топырақтың арасында жүріп, май-май болып тракторде жұмыс істеу сендердегі әлжуаз қыз балаларға жараспайды. Туган бауырың Рамазан-ақ механизатор болсын. Бір үйден бір тракторшы шықса да жарамай ма. Әкең екеуіміздін де тапқанымыз жетер, таста, — деді әй-шүйге қарамай, — Оқуға зерек сияқты едің, қайта көп институттың біріне түсіп алсайыш?

— Апа-ау, — деген сонда Шолпан ақмаржандай тіzlген тісін ақсита күліп, — оқу деген қайда қашар

дайсіз?! Жұрттың бәрі оқымысты болса, мұндағы шаруамен кім айналысады. Әуелі бірер жылдан жұмыс істеп көрейін, одан кейінгісін тағы да байқай жатармыз.

Өз дегенінен қайтпайтын қызының бірбеткей мінезін жақсы білетін анасы “түбінде өкінбесең болады, қаралым. Менікі жәй аналық айтқан ақыл гой”, — деді.

Жаңауылдық жас механизатор Шолпан Шәпиевамен міне сол бүрнағы жылдың пішen дайындау науқаны кезінде танысқан болатынбыз. Еңбек жолы енді ғана басталған жас қыз сонда бізге өзі хақында, әріптес құрбылары жайлы осылай деп азды — көпті сыр шерткен-ді...

Алтын күз туғалы қашан. Мерекелі жылдың егін орағы басқа шаруашылықтардағыдай жаңауылдық дикандарға да көп қындығын ала келді. Күні-түні толассыз жауған жауыннан кейін жер мүлдем езіліп кетті. Оның аяғы орақ маусымының ұзаққа созылуына әкеп соқты. Астықты жинап бастыруды кешеуілдетті. Әйтсе де жермен етене өскен кәнігі дикандар бұған абыржып, саспады. Олар табиғаттың осынау ракымсыздығына өз тәжірибелері мен білгірліктерін қарсы коя білді.

Елге де, ерге де сын болған сол жылғы күзгі орақ кезінде біз Шолпан Шәпиевамен және оның әріптес құрбыларымен екінші қайта кездестік. Сүрлемдік көкба-лауса тасымалдауда жүр екен олар.

— Сіздердің ана жолғы келіп-кеткен уақыттан бері біздің механизатор қыздарымыздың арасында да біраз өзгерістер болды, — деді сонда со кездегі партком хатшысы Олжабай Жусанов күлімсірей сөйлеп. — Алды-

мен звено құрамы механизатор болып еңбек етуге күштірлых ғұлдірген Құләш Жоламанова, Наушарбан Мақатова сияқты тың қүшпен толықтырылды. Олардың оштимді жұмыс істеулері үшін толық жағдай жасалды.

* * *

Үстіміздегі жылғы мамыр айының бас кезінде біз жаңауылдық Шолпан Шәпиевамен тағы жүздестік. Облыс орталығына ол текке келмепті. Кәсіподактары облыстық кеңесінің кезекті пленумы өтетін көрінеді. Прештінум мүшесі ретінде келген екен.

— Механизатор қызы-келіншектердің аудандық слеттіде маған есімім жазылған “К-700” тракторы сыйға берілді. — Осыдан барған соң тұқым себуге кіріспекпіз,

леді ол жайдарлана жымып. Откен жылғы еңбек көрсеткіштеріміз де жаман болмады.

Жақында “Жаңауыл” совхозымен телефон арқылы өтілланыс жасағанда кәсіподак тәрағасы Кенжеболат Қосанов:

— Э, Шолпан дейсіз бе?! — Шолпан қазір “К-700” тракторында істейді. Иә, иә... Көктемгі егісте 740 гектардан астам алқапқа тұқым септі. Қазір пішен дайыншула жүр. Күндік тапсырмасын әрдайым 115-120 процентке орындаиды...

«Жаңауыл» селосы,

Ақжар ауданы.

1984 жыл.

МЕНИҚ ЖЕРЛЕСТЕРИМ

I. НАН ИІСІ

Бозала таңнан жылы төсегінен тұрған Тәлтай Әбдірахманов “К-700 “тракторына от алдырды да көп бөгелмей бригада басына тартып кетті. “Науқанның мынадай қызу шағында шалжып үйде жатуым жарамас, оның үстіне қазір күн болса қысқа” деп ойлады ол келе жатып. Кеше тіркемелі екі арбасымен таңертеңнен ымырт үйіріліп, қас қарайғанша дамыл таппастан астық тасыды. Орталық қырман мен қабылдау пунктінің арасы ең кемі жиырма шақырым болып қалады. Соған қарамастан жалғыз өзі алты рет қатынапты. Есептей білген адамға бұл әрине аз емес. Бірақ осы совхозда үзбестен еңбек етіп, кат-қабат шаруага қолының ұшы тигелі бірталай уақыт өтсе де бұл жігіт бәз біреулердей “шаршадым, қалжырадым, қажыдым” деп әлі күнге ешкімге шағым айтып көрген емес-ті, айтқысы да жоқ-ты. Туа біткен ежелгі дағдысы сол ма, жоқ әйтпесе, өзгелдерден өзін оқшау тұлғаландырып, мәртебесін биіктетіп тұрған бойындағы қалыптасып қалған ерекше қасиеті ме, әйтеуір еңбек десе әмәнда ішкен асын жерге қояды. Орақ басталғалы көбіне көп үйге де конбай жүрген соң әрі ойда-жоқта кештетіп келіп қалғаннан кейін “жеті қаранғы түнде қайда барасың?” деген қарт шешесінің көнілін қимай тамағын ішісімен басына құс жастықты

жастынып, киімшеш қисайғаны сол еді, көзі ілігіп кетіпті. Сөздан өртөндікін келіншегінің “тұр-тұрлауымен” бір-ак ояпуды.

Иә, күні кеше ғана сияқты еді-ау бәрі, — деп ойға берілді ол тағы да. Мектепті бітірді. Кейін колхозда еңбек етті. Әртүрлі жұмыс істеді. Қыс болса мал бақты, жазда шөп шапты. Әйтеуір жастығына қарамастан басқашардан еш кем түспеді. Қайта албырттығы ма, қайшам, қолы тиген істі көзжұмбай сөтте тындырып тастағайтын. Бәлкім, сондықтан да шығар бертін келе совхоз үйімдасып, трактористер даярлайтын курс ашылысымен оқуға тілек білдірген қызы-жігіттердің алды болып оті жазылды. Әйткені бала кезден мен де көкемдей дөкей механизатор болсам ғой деген ой ақыры қол жетпес арманына айналды да, енді сол тілегінің де орындалар шағын сезіп, қеудесінде үміт оты тіпті маздап жана түсті. Алғаш совхоз басшылары өзіне “МТЗ-50” маркалы “Беларусь” тракторын бекітіп бергенде, ол қалай қуанды десенізші. Онда шаруашылықта техника тілін жетік біллетін маман-механизаторлар саусақпен санарлықтай ғана еді. Міне, сол себепті Төлтайдың тап сол оқу бітірген жылы уақытпен санааспай еңбек етуіне тұра келді. Содан бері де әлденеше жыл өткен екен-ау қарап отырса. Осы уақыттың ішінде оның өзі де қындығы мол осынау мамандықты шебер менгеріп алды, бір деңгей мақтаулы механизатор атанды. Еңбегі де ескерусіз қашған жок. Омырауына Еңбек Қызыл Ту, Халықтар

достығы ордендерін тақты. Мерекелік медальмен наградталды. Сол жылы шаруашылық басшылары оншақты жігітті Рузаев кәсіптік-техникалық училищесіне “К-700” куатты тракторын жүргізуді үйрену үшін арнайы оқуға жіберді. Сөйтіп, Төлтай өзінің ауылдастары Орал Шарипуллин, Амантай Көшенов, тағы басқаларымен бірге өз мамандығын жетілдіріп қайтты. Содан бері осы совхозда үзбей еңбек етіп келеді. Әсіресе, алтын күз айы жетіп, орақ науқаны басталғанда оған да еш тыным жоқ...

Осындай қалын ой құшағында келе жатып ол бригада басына да қалай жеткенін сезбей қалды. Дала қосындағы механизаторлар да ертесімен ауқаттанып алғып, енді гана қызу жұмысқа қайта кіріскелі жатыр екен. Әрі беріден соң төнірек тракторлар мен машиналар моторларының қуатты үнінен жаңғырып ың-жың болып кетті. Бұған қызыл қырмандағы механизмдердің де даусы іле қосылды. Сонсоң Төлтай жылдамдатып, тракторын астық тиегіш машинаның жанына жақындасты да, моторист жігітке “ал жібер” дегендей белгі берді. Көздің жауын аларлыктай баданадай қып-қызыл бидай темір қорапты арба үстіне сауылдап құйылып жатты. Манадан бері анадай жерде үн-тұңсіз тұрган Төлтай ақырын басып алғі жігіттің қасына келді де еңкейіп қос уысына дән толтырып алғып, аузына салып, ұртына толтыра қарбытып асап жіберді. Мұрнына бір түрлі жаңа піскен нан иісі келгендей болды. Әлгіндей емес, бойы да женілдеп сала берді. Бір сәтке есіне бала кезі түсіп кетті.

Ожесінің айтқан сөзі құлағына қайта естілгендей сезінді өзін. “Туралған нанның қалдығын еш уақытта жерге пактырып тастап кетпе” деуші еді ол кісі. Баяғы қариялар жыр ететін жоқшылық заман көзден бір-бір үшіп кетті емес пе. Қазір қайда барсан トокшылық, қайда жүрсөң молшылық. Әжесі біліп айтқан екен-ay. Тегінде қоиті көрген адам ешқашанда қателесспесе керек-ті. Иә, нә, мынау өзге ештененің де емес, нанның иісі еді. “Шіркін, жарықтық наң иісі-ай”, — деді жігіт ішінен құбірлеп...

II. Топжарғандар

Ауаткомдағылар мұны алғашында жылы қарсы ала қойған жоқ. Осыдан бір ай шамасы бұрын сондағы үйымдастыру — нұқсаушылық бөлімінің менгерушісі Сапар Балғожаұлы Алпысов әдейілеп өзіне телефон шалып:

— Қалыбек Шәріпұлы, жыл басында аудандық атқару комитетінің кезекті мәжілісінде сіз басқарып отырған Абай селолық Кенесінің халықтан ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алушы үйымдастыру ісі жөніндегі себебі тыңдалмақшы, соған осы күннен мықтап дайындалыңыз, — деп алдын-ала ескерткен болатұғын. Ауданнан тексеріп қайтуға өкілдер де барып қалар.

— Е, жоспарды барлық көрсеткіштер бойынша орынданап жатырмыз, енді қайт дейді, — деген бұл да әзілдей жауап қайтарып. — Әлде...

— Оны келгесін айтарсың. — Ал жақсы, — деп

Сапар телефонды қоя салған. Қалыбек болса сол орнында аң-таң күйінде отырып қалған.

Бұл он-онбес минуттік есебін оқып бітіргеннен кейін жиналыс төрағасы, ауатком председателі Сұлеймен Бахтиярұлы Фахрутдинов трибунада тұрған оған, ұзынша келген стол басында отырғандарға тағы бір қарап:

— Ал кімнің қандай сұрағы бар, қане, қысылмай-кымтырылмай сұрақ қойыныздар? — деді. Зал ішін сәл үнсіздік басты. Әйтсе де ешкім “әу” деп тіл қатқан жоқ.

— Қалыбек Шәріпұлы, — деді сонсоң ауатком председателі алғашқы сұрағын бастап, — сіздің селолық Кеңестің жұмысын жете игеріп кете қоймағанынызды жақсы білеміз. — Өйткені жас председатель ретінде тәжірибелі басқаларға қарағанда әлі аздау. Бірақ өткен екі жылдың да тапсырмалары ойдағыдай орындалғанда, өзініз қызмет істей бастаған кейінгі 1983 жылы тұрғындардан ет сатып алу жөніндегі жылдық жоспардың орындалмай қалуы неліктен? Соның себебін айтып, түсіндіріңізші?

— Оған сылтау айтарлықтай дәнене де жоқ, — деді бұл қызарақтап. “Дегенмен өткен шаруашылық жылышың қай коллективке болсын оңай тимегендігі шындық. Алдымен жаздың қуаңшылықты болуына байланысты жемшөп тапшылық етті. Оның үстіне жұрттың көбі малын ұстай алмайтын болғандықтан қолындағы бұзау-торпағы мен ірі қарасын арық-тұрақ күйінде кім-көрінгенмен келісіп, етке өткізіп жіберді. Ал мұның

Фори шашының келгенде халықтан ет сатып алу жөніндегі
қылмық жоспардың орындалмауына әкеліп соқты.

Бұл менінше ешқандай сұлтау емес. — Сонда
опериціз не бітірдіңіздер? Тұйықтан шығудың жолын
төсстіріп, қандай шара қолданыңыздар? Мұндай ма-
шины істе депутаттардың, тұрақты комиссия мүше-
черіпіп, қоғамдық ұйымдардың ықпалы қандай болды?

* * *

Қалыбекті осы ауылдың тума жігіті десе де болады. Неге дейтініміз, Абай атындағы совхоздың Жаңатілек
бөлімшесінде туып-өскенімен кейін өзі шешесімен Қара-
ғапка көшіп келіп, осындағы сегізжылдық мектепте
окып, білім алды. Артынан сегізжылдық мектептің не-
гінде орта мектеп ашылғанда, совхозда жұмыс істей
жөн кешкі сабактарға қатыса жүріп, 11 класты да бітірді.
Содан Петропавлдағы ауыл шаруашылығын механика-
шыныру жөніндегі техникумдардың біріне оқуға түсіп,
комына кәсіби мамандығы жөнінде куәлік алып шықты.

Осылде машина-трактор шеберханасында еңбек етсе,
соңынан автогараж менгерушісі болды. Совхоз жұмыс-
шылар комитетінің председателі міндетін де абырай-
мен атқарды. Кейіннен шаруашылық башыларының
үшінші атқармамымен Абай селолық Кеңесінің төрағалығына
таптастырылды.

“Жас келсе — іске” деген фой. Жастайынан шаруа-
шылық ісіне көзі қанығып өскен Қалыбек Шәріпов қыз-

метіне алғаш кіріскең күннен бастап-ақ Совет аймағында қанша семья тұратындығын, олардың жеке меншігінде қанша мал ұстайтындығын, соғыс және еңбек ардагерлерінің, пенсионерлер мен жаңа отау иелерінің ұзын саны нешеу екендігін анықтап білді. Халықтан артық ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып аладың және оны мемлекетке тапсырудың бұған дейінгі жылдардағы жоспарларының орындалу жайымен тереңірек танысты.

Алғашқы үйымдастыру сессияларының бірінде атқару комитеті мүшелерінің жұмыстың қай участесіне жауапты екендігі белгіленіп, тұрақты комиссиялардың, қоғамдық үйымдардың, депутаттардың белсенділігін анағұрлым арттыра тұсу жайы кеңінен сөз болды. Халық қалаулыларына тапсырылған азаматтардың аманаттарының орындалу мерзімі, оған жауапты адамдардың тізімі жасалып, елді мекендерді көркейту, село тұрғындарына мәдени-тұрмыстық, сауда, транспорт және медициналық қызмет көрсету ісін жақсарту, азаматтардың меншікті қосалқы шаруашылықтарын дамыту, тағы басқа мәселелер хақында нақты шаралар жасалып бекітілді.

Ел сенімін актаудың оңай жүк емес екендігін Қалыбек те жақсы сезінеді. Өз білмегенін басқалардан сұрауға арланбайды, озаттар тәжірибесін үйренуден жалықпайды.

Облыстық жарыс инициаторларының бірі ретінде осы ауданға қарасты Петров селолық Кеңесі халықтан мал

опімдерін сатып алу бойынша облыстың барлық Советтеріне үндеу көтергенде бұл әдейілеп сонда барып, бастама иелерінің іс-тәжірибелерімен танысып қайтқан. Сол жолы көкейіне көп ой түйіп оралған. Келе атқару комитетінің мүшелерін, депутаттарды қайта жинап анып, кезектен тыс мәжіліс те өткізген. Жұмыс жоспарларына елеулі өзгерістер енгізген. Мәжіліске қатысып отырғандардың бірі сонда:

— Осымыз текке әурешілік емес пе. — Жоспар қабылдау бар да, оны орындау бар. Ертең жұрт алдында абырайымыз төгіліп, үятқа қалмаймыз ба? — деп өз құдігін де айтқан. Қалыбек оның пікіріне қарсы шыққан.

* * *

... Бірде селолық Кенестегілер әдейілеп кісі жіберіп, ауыл тұрғыны Қойшы Әбіловты өздеріне шақыртты.

Өзі де тыз етпе, шапшаң адам еді. “Мені қайтпек скен?” деп шошып кетті. Неде болса бара көрейін де ген ол сонсон таңғы шайын ішер-ішпестен киіне бастады.

Кенсеге келсе, Қалыбек жалғыз өзі отыр екен. Мұны көрген ол:

— О, ағасы, ассалаумагалейкум, иә, үй-ішініз, женгей, бала-шағаның дендері сау ма? — деп қалбалактап орнынан тұрып, қолын ұсынды.

— Шүкір, аманшылық... Өздерін де аман шыгарсын-

дар, жайша шақырттындар ма? — деді Қойшекен де бірден іс жайына көшіп.

— Жай шақыртқамыз жок, — деді бұл орнынан бір козғалып қойып, өзінізден көмек сұрагалы отырмыз.

— Қандай көмек?

— Мынадай жағдай, анау Калиновка, Константиновка селоларына қарағанда біздің Қарағаш бөлімшесінде жеке меншіктен сүт сатып алу қынданап барады.

— Соған бұған дейін де аудандық заготконтораның өкілі ретінде тері-терсек, жұн жинағанынызды ескеріп, әрі тәжірибелі де бар гой деп осы жұмысты сізге тапсыруды жөн санадық.

— Қайдам, қолдан келсе, — деді манағыдай емес көңілі орнына түскен Қойшекен сәл езу тартып, — әрі бұрынғыдай денсаулығым да бапты болмай жүр.

— Неге қолдан келмесін, келеді. — Есеп-қисапты да жақсы білесіз. Қарамағынызға сүт жинайтын ыдыспен бірге ат, арба да беріледі.

Міне, қарал отырса, содан бері де үш-төрт жыл өте шықкан екен-ау. Алғашқыда ұсақ-түйектеу көрінген бұл жұмысқа көндіге алсам жарап еді гой, деп қиналғанымен, кейін оған да бойы үйренді. Кейбір шайпау әйелдердің “жасы ұлгайған шақта сүт жинап, кәреге батын шығарсың, өйткен еркектігіңе болайын” деген әжуа сөздерін сырттай естісе де, көңіліне түйткіл санамай қайта оған жүрдім-бардым қарап, еш мән бермеді.

Қыстың күрмеуге келмейтін қысқа күні. Таң жана ғана ағарып келе жатқан. Айнала үлпілдік қар. Қырау басқан ақ балтырлы қайың бұтакшалары сұық аязға шыдай алмағандаи сыйтыр-сыйтыр етеді. Ағаш арасында сауысқандар да шинкышадайды. Ауылдың солтүстік батысындағы ферма жақтан сиырлардың мөнірегені, малшылардың “қайт-қайттаған” дауысы естіледі.

Осы кезде селоны қақ жарып өтетін тас жолдың бойшындағы еңселі үйдің сыртқы есігі сықырлай ашылды да, іштеген бір адам шықты. Әрі-беріден соң ол темір гаражың қақпағын шалқайта ашып, машинасын қыздырды да, оны тысқа шығарып, орталық кеңсеге қарай ілби жүріп кетті. Бұл селолық Кеңес төрағасы Қалыбек ІШөріпов еді. Шаруашылықтың күнделікті іс харекетіне байланысты өткізілетін таңғы “ұшқалаң жиынға” ол да асығып бара жатқан болатын.

**Абай ұжымшары,
Тайынша ауданы.
1985 жыл.**

ШОПАН МЕРЕЙІ

— Қиззат, Қиззат-ау деймін, бармысың?! Кешкі тымық ауда өнеші жыртылардай боп шыққан абын дауыс қора ішін жаңғырықтырып жіберді. Осы кезде аргы түкпірде жаңа туған қозыларды қарап, күнделікті күйбенмен тұртпінектеп жүрген жас жігіт оқыс селк етті.

— Не-немене, не боп қалды?!

— Ә, мында екенсің гой, сені анда кіслер күтіп отыр, тез келсін дейді. Бригада мүшесі Хайыр Жұмалиевтің жүзінде қуаныш сыңайы байқалады.

— Кім, кімдер?

— Зоотехник, тіпті араларында совхоз директоры Бескемпіров пен аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Тәшеновке дейін бар.

Екеуі одан әрі бөгелмеді. Адымдай басып екінші қоралың бір бұрышына орналасқан қызыл мүйіске қарай беттеді. “Не шаруалары бола қалды екен бұлардың?” деген түйткіл ой Қиззаттың жанын жегідей жеп, мазалап келе жатса, “Бара естір, көңілі сосын сабасына түсер” деп Хайыр да сабырлылық танытты. Ішке алдымен кірген Қиззат:

— Сәлеметсіздер ме! — деп столды жағалай төрде отырғандардың қолын түгел алып шықты. Бас киімін шешіп сосын өзі де шеткепі тұрған орындықтардың біріне жайғасты.

— Иә. шаруаларың қалай, Қиззат, — деді әуелгі сөзді совхоз директоры Бескемпіровтың өзі бастап. — Мына

Кікаган қыста қыспақшылық көріп жатқан жоқсындар мін?

— Жаман емес сықылды. — Алынған төлдерді аман сиктаң өсіру үшін уақытпен санаспай еңбек ету деміз.

— Қазіргі көрсеткіштерің қаншадан айналып қалмы?

— Әзірше 108, ал әрі кеткенде әр жұз саулықтан ең кемі 113, не 115-тен қозы алууды межелеген болатын-быз.

— О, оларың жақсы екен... Іштегілер біріне-бірі қирап жымың-жымың етісті.

— Қиззат, біз сіздерге қуанышты хабармен келіп отырмыз, — деді аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Тәшенов тіке іс жайына көшпек ниетпен орнынан қозғалақтап, ол сөйдегенше болған жок сырттан есік қағып бригаданың басқа мүшелері де жамырай кірді. Өлтілердің бәрі жайғасып отырғаннан кейін секретарь жігіт сөзін әрі қарай жағастырды.

— Откен жылды осы шаруашылықтағы сіздердің “Ұшқын” жастар - қой өсіруші бригадасының да республикалық жарысқа қосылғандығы бәрімізге жақсы мәлім. Ал таяуда астанамыз Алматыдан сіз басқарып отырған бригаданың 1984 жылғы жарыс қорытындысында жеңімпаз атанып, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауыспалы Қызыл туымен және 1 мың сом ақшалай сыйлығымен наградталғандығы туралы қуанышты хабар ал-

дық. Сондықтан бүгінгідей үлкен қуаныш үстінде еңбектегі айтулы женістерінізben тағы да шын жүректен құттықтап, алдағы уақытта табыстан-табысқа жете берулерінізге тілектекстік білдіреміз. Хатшы жігіт сөзін аяқтар аяқтамастан жиналғандар ду қол ıшапалақтады. Жүрттың назары енді өзіне аугандығын сезген Қиззаттың беті де ду ете түсті. Өні нұрланып сала берді.

* * *

Шұбартаулық қыз-жігіттердің бастамасымен жерде қой өсіруші бригадалар құрылып, өмірге ене бастағанда Уәлиханов ауданының мектеп бітіруші түлектері де осынау жарқын істің қолдаушылары бола білгенді. Сонда тың өнірінде қоныс теуіп, ақтылы қой өсірумен шүғылданып келе жатқан “Чапаев” совхозында кешегі күні онжылдықты бітіріп, қолдарына атtestat алған өрімдей жастардың күшімен үйымдастырылған “Ұшқын” бригадасы өздерінің алғашқы еңбек қадамдарын бастаған болатын.

Төрт отар қойды өз еншілеріне қабылдап алған 9 баланың арасында қайыстай қатқан жасөспірім жігіт Қиззат Мұхамедияров та бар еді.

— Біздің тапқан-таянғанымызда жетер, әуелі өзін тенденс құрбы-құрдастарынмен жоғары оқу орындарының бірін бітіріп, диплом алсаң қайтеді? — деп жікжапар болған үйдегі әке-шешесінің сөзіне де құлақ аспаған.

— Оқу деген қайда қашар дейсін, алдымен еңбекте шынығып, тәжірибе жинақтауымыз қажет. — Кейін бәрі де бола жатады, — деп өз кесімін бір-ақ айтқан. Алған бетінен қайтпайтын алғыр жас сөйтіп сегіз жыл бойы шаруашылықтың мәндай алды шопаны Жаманбай Әшімовтың ұстаз-жетекшілік етуімен соның қарамағында хал-қадерінше жұмыс істеген. Жаздың аптап ыстығында да, қыстың қыраулы суығында да қыындық атаулыға еш мойымаған. Қайсаrlық пен табандылықты жастайынан серік еткен ол жыл өткен сайын тәжірибесі толысып, еселі еңбегінің арқасында есімі ел аузына іліге бастаған..

Артынан көршілес Щучье ауданындағы Қотыркөл майдарігерлік-зоотехникалық техникумына оқуға түсіп, оны үздік бітіріп шыққан.

Бірде бригада мүшелерімен өзара мәжілістесіп, әңгімелесіп отырғанда жастардың тәлімгері Жаманбай Әшімов бұған қарап:

— Қиззат, біраз жыл бірге еңбек еттік. — Раҳмет, бірде біреуің қарсы сөз айтып, бетіме келіп көрген жоқсындар. “Ұстазға қарап шәкірт өседі!” демекші, енді өздерін де кейінгілерге тәлім-тәрбие берерліктең дәрежеге жеттіңдер. Сендерді қаншалықты қимаганыммен замана талабы солай екен, өз алдына жеке отар алып, баққым келеді. Ал бригадага жетекшілік етуді саған тапсырғалы отырмын, бұл жайында шаруашылық басшыларына да ескерткемін, — деп ағынан жарылып, іштегі ойын бүкпеншектемей айтып салды.

Алғашқыда ұстазының сөзін үйіп тыңдап отырған Қиззат жаңындағылардың бәрі “Ал енді бұған не дейсін?” дегендегі жанарларымен жаудырай сұраулы кейіппен қарай қалғанда өзді-өзіненabdырап, қатты ыңғайсызыданып қалды.

— Қайдам, бәлкім менен басқа да ыңғайлышадам табылар, — деп күмілжи жауап қатты.

— “Кеңесіп пішken тон келте болмас” деген гой, коллектив болып тоқетерге келген шешіміміз осы. — Тек көппен бірге бола біл, көптін тілегіне, айтқан мұнмұқтажына құлақ аса біл, — деді Жаманбай аға мұның арқасынан қағып жатып.

* * *

Тағы бір жаз өткен. Көп ұзамай сарыала күз де жеткен. Мал қораланар уақыт та таяп қалған. Ала жаздай оты, суы мол ен жайлауда болған Қиззаттар күз аяғы тақала бере “Күйік” қыстағына қайтып келген. Обалы нешік, мұндағылар өз еншілеріндегі бес-алты қораны ерте күннен жөндеуден өткізіп, сайдың тасындағы етіп қойыпты. Тіпті жас қозыларды бағып қағатын орын да дайын түр. Жемшөп те жеткілікті әзірленіпти.

Бұлар қыстауға қайтып келген күннің ертеңінде-ак қылаулап қар жауған. Артынша үскірік аязы қосылған. Сейтіп нағыз долы қыс басталған. Жас шопандар үшін тағы да сын сағаты туған.

Мал қораға түрғалы Қиззатқа да тыным болмай кетті.

Біресе базға барып, ондағы жұмыс жайын байқастаса, одан қалды қыстаудан бес-алты шақырым жердегі орталыққа соғып, өздеріне қажетті құрал-жабдықтарды алып қайтады. Не жетіспей жатса, қандай көмек қажет болса тікелей шаруашылық басшылары мен мамандарына ескертеді. Дереу тиісті шаралар қолданып, жәрдемдесулерін сұрайды. Ондағылар да мұның меселін қайтармады. Өз шамшырақтары атанып, өз мақтаныштарына айналып отырған бригада мүшелеріне қолдан келген баржақсылық атаулыны көрсетуге аянбады.

Негізгі жұмысын былай қойғанда Қиззаттың бір басында қоғамдық тапсырмалары тағы толып жатыр. Жас шопандар тәлімгері ретінде мектеп оқушылары арасында жиі болып тұруына тұра келеді. Мұндай кездесулерде ол жастарға ата кәсіп-шопандықтың қындығы мен қызығы жайында егжей-тегжей әңгімелен, қаласа бригада қатарына мүше болып жұмыс істеуге келуге ақыл береді.

Қыс қаталдығына жасқа тән жігер мен қажыр-қайраттарын қарсы қоя білген, “Ұшқын” жастар бригадасының мүшелері бұл жылды да тәуір көрсеткіштермен қорытындылаған. Қөрші шаруашылықтарда тәуліктеп сорғалаған нөсер жаңбырдың, ерте тұсken күзгі қара сұықтың салдарынан мал шығынына жол берілсе, бұлар алынған төлдерді аман сақтай білген. Сөйтіп 1984 жылы әр жұсаулыққа шаққанда 110 қозы алып, мемлекетке тоннап жүн өткізген. Қоғамдық мал шаруашылығын өркен-

детеу саласындағы қол жеткен осы табыстары үшін жас шопандардың ұстаз жетекшісі Қizzат Мұхамедияров омырауына III дәрежелі Еңбек Данқы орденін тақты.

* * *

Шілде айы туғалы қашан. Маңайдың бәрі көкпенбек. Жер де көк, аспан да көк. Қizzаттардың да әдеттегідей малды жайлауға алып шыққандарына екі-үш ай уақыт өткен. Көкке аузы тиіп, қыстан бері едәуір жетіліп қалған қозылар да енесінің жанында емін-еркін ойнақ салады. Аспанда бозторғай да тынымсыз шырылдайды.

Шарбак қораларды айналып, сынғаны болса жаңасымен алмастырып, бүтіндеп жүрген Қizzат оқта-текте басын көтеріп, жан-жагына қарап қояды. Алыстан жас шопандардың “һайт-һайттаған” дауысы естіледі. Жарты ай шамасы бұрын Қizzат көршілес Омбыға барып қайтқан.

Әйтсе де Қizzатты ойландырып, толғандырып жүрген жайлар да барышылық. Алдымен шарбак-торлардың тиімсіздігі. Ол қораларды қытайғы көң-қоқыстан тазалаған кезде, немесе тағы бір науқандық жұмыстар уақытында тез сынып, бүлінеді. Сондықтан сол ағаш шарбак-торларды құрастырмалы-жайылмалы темір торлармен алмастыру жөнінде бұл совхоз басшылары мен мамандарына өз ұсыныстарын да айтқан. Кенет:

— Қizzат, Қizzат, тезірек мында кел, орталық шақырып жатыр, — деген келіншегінің дауысы естілді.

Жүгіре басып киіз үйге кіріп, рацияның қасындағы микрофонды алыш:

— Тыңдал тұрмын, иә тыңдал тұрмын, — деді әлі де болса ентігін баса алмай.

— Қиззатпысын, мен Мырзабаймын гой, — деді арғы жақтан тарғылшақтана шыққан үн. Кім екенін, Қиззатта енді үқты. Мырзабай Сұлтанов екен.

— Иә, иә, мен Қиззатпын...

— Онда қазір жеңіл машинамды жіберемін, тезірек орталыққа жет. — Кәсіподак мәжілісі өтпекші, соған сенің де міндетті тұрде қатысуың керек.

— Жарайды, жарайды...

Әрі-беріден соң Қиззат қайтадан жуынып-шайынып, жолға жинала бастады. Ол алда әлі де жауапты істердін, толғағы жеткен мәселелердің күтіп тұргандығын анық үқты.

**“Чапаев” ауылы,
Уәлиханов ауданы.
1986 жыл.**

салған вагоншаларда тұрып жаттық. Ұақытпен санасу-ды еш білмедік. Әдейілеп осында тасып жеткізілген құрылымыс материалдарын: кірпіш пен цементті, тас пен ағашты тездетіп түсіріп, бірден үй салуға кірісіп кеттік. Ал кешкілікте, жұмыстан кейінгі бос уақытымызда жастар бәріміз басымызды қосып ән айтатынбыз, би билейтінбіз, өзен жағасына барып серуендең қайтатынбыз.

Артынан жеке пәтер үй алғаннан кейін семьямды көшіріп әкелдім. Әйелім Нина Федоровнаның үлтү орыс болса да тұрғылықты қазақ халқымен тез арада тіл табысып, сіңісіп кетті.

— Иә, достық, бауырластық жайлы ойлансам, кешегі сұрапыл соғыс жылдары көз алдыма қайта елестейді. Онда біз тіпті жас едік. Жиырмаға енді-енді толған қылышылдаған жігіт кезіміз болатын. Арамызда Україндықтар мен белорустар да, қазақтар мен татарлар да, басқа да туысқан үлт өкілдері бар-тын. Әсіресе соғыстан кейінгі жылдары біздін артиллериялық дивизияның құрамында қазақ жігіттері көп болды, — деп әлдебір ойға қалды орыс Литовка.

Өлім мен өмір беттескен сол бір қысылтаян шакта біз үлтүмізға, туған жерімізге қарап бөлінбей, жауға қарсы қасық қанымыз қалғанша аяусыз құрестік. Төбемізден жауған оқ пен снарядтар сәл саябырсыған уақытта толарсақтан саз кешкен окоптар мен траншеяларда отырып, үзім нанды бөліп жеп, бір кисеттен махорка алып, темекі шегуші едік. Бәріміздің сондагы ортақ ой-

ымыз-қайткенде зұлым жауды тезірек жеңіп, туған елге аман-есен қайтып, бауырларымызбен, ата-аналарымызбен, ағайын-туысқандарымызбен қайта қауышу болатын. Әттең, сүм соғыстың тәлкегінің салдарынан көп боздақтар сол армандарына жете алмай өмірден жас қүйінде қыршын кетті.

Мен согысқа алғаш басталған күннен қатысып, Харьков түбіндегі қырғын ұрыстардан бастап, Одерден өтіп, Берлинге жеткенге дейін болдым. Сөйтіп одақтастарымыздың әскерлерімен кездесіп, Рейхстагқа дейін бардым.

Бірде ұмытпасам, 1945 жылдың 14 сәуірі болуы керек. Берлин түбіндегі қатты шайқастардың бірінде дивизион командирі майор Пыжовтың жау оғы тиіп, шалғымен сұлатқан шөптей жерге етпетінен сылқ етіп құлап түскенін байқап қалдым. Содан тез-тез еңбектей жылжып, оның жарасын көйлегімнің шетін жыртып, байладым да, арқама сап, кейіндеу қалған санчастқа жеткіздім. Командирімді жаудың қолына түсірмей, аман алып қалған осы ерлігім үшін артынан жауынгерлік “Қызыл Жұлдыз” орденімен наградталдым.

Қазір менің балаларым да ер жетті. Ұлым — Александр Монголияда, әскери қызметте болса, қыздарым Светлана мен Людмила да өз аузы өз қолдарына жетіп, жеке семья құрып отыр. Кей-кейде зайыбым Нина Александровна екеуіміз үйде онашадан онаша отырып, өткен күндерді еске түсіргенде, тыңға алғаш келген жылдары

алыстан жүдеп-жадап жеткен бізге қазақ ағайынның көрсеткен көмегі, олардың қонақжайлышы, бауырмашылдығы тағы да көз алдынан көлбендейді. Сондайда “Енді қайтып жер бетінде соғыс өрті тұтанбасын, туысқан халықтар арасындағы мызғымас достық одан әрі тамырын терен жая берсін” деп тілейсің іштей.

— Мына кісінің айтуына қарағанда, Әнуарбек, сен үлгілі семья мүшелерінің бірі көрінесің? Басқа үлттың қызына үйленерде, оған әке-шешен қарсы болған жоқ па және қазіргі тұрмыс-тіршіліктерің қалай, сол туралы әңгімені әрі қарай өрбіте түссен?

— Оныншы класты осында оқып бітірдім, — деді Әнуарбек Ақпанов. Одан кейін армия қатарында болдым. Людамен таныстырым міне, сол әскери борышымды өтеп келгеннен кейін басталды. Жас болған соң, үйде тағат тауып отыра аласың ба, бірде кешкілік Мәдениет үйіне барғам. Кино біткен соң қыз -жігіттердің көпшілігі биге қалдық. Люданы сол жолы көріп, сол жолы таныстық. Артынан тағы кездесіп жүрдік. Кейкейде би кеші аяқталған күндері үйіне де шыгарып, апарып қайтушы едім. Осылайша уақыт білінбей өте берді. Екеуіміз бір-бірімізге бауыр басып кеттік.

Ақыры өз ойымызды әке-шешемізге айтып, үйленіп тындық. Менің әкейім Жігерлі мал шаруашылығында бригадир, ал шешем Ақлима пенсияда. Қайын атам — Василий Павлович Коротченко қойма менгерушісі, мамкамыз Вера Николаевна сауыншы болып істейтін. Бұл

кісілер Люда екеуіміздің отау құрмақ ойымызды естігенен кейін, бірден құп көріп, тойға әзірлене бастады.

Қазір үш бөлмелі кен үйде тұрамыз. Тұнғышымыз — Маратбекіміз де өсіп келеді. Ол бала бақшаға барады. Ал Люда сонда жұмыс істейді. Үй тұрмысымыз жақсы. Бұзаулы сиырымыз, биеміз, бес-алты түяқ қойымыз бар. Яғни май, қаймақ аузымыздан қалады деуге болады.

Өзім орталық машина-трактор шеберханасында механик болып істеймін. Негізінен радиоторларды дәнекерлеп жөндейміз. Сонымен бірге мына іргеміздегі Қостанай облысына қарасты Урицкий совхоз-техникумының зоотехникалық бөлімінде сырттай оқып жүрмін. Коллективимізде көптеген жас жігіттер бар. Анау орыс Сергей Алексеев, неміс Яков Гейгерт, поляк Петр Могельницкий, орыс Виталий Горбатов, бәрі-бәрі енбек десе жанып тұрған жандар. Бірі — слесарь, бірі — токарь...

Ал бұл уақытта өзімді үйде Люда, Людашкам асыға күтіп отырады. “Па-папалап” алдыннан Маратбекім ел-пендер шыға келгенде көнілімді қуаныш кернейді. Ертең менің ұлым ержеткенде де оған: Сенің әкең — қазак, шешен — орыс, деп бәз біреулердей көрсоқырлыққа салынып, көзге шұқып, ұлтқа бөліп, келеке етпейтіндігіне сенімдімін.

“Бірлік” ұжымшары.

Целинный ауданы.

1987 жыл.

“АҚШОҚТЫҢ” АҚИЫҒЫ

Ақшоқ!..

Алыстан қарағанда көз алдында сағымдай бүлдышрап, қысы-жазы айнадай жылтырап жататын Құсбек көлінің жағасында, мен мұндалап мұнартқан Жақсы Жалғыз таудың етегінде қоныс тепкен жүз қаралы семья тұратын осы шағын ауыл Күләнға ерекше ыстық көрінеді. Әркімге кіндік кесіп, кірін жуған туған жері тым жақын емес пе. Туған жердің, өскен елдің қадір-қасиетін Күлән де жастайынан жақсы үққан. Әрісі Қекшетау, Алматы, тіпті Москваға туристік жолдамамен Болгарияға барған сапарында да көз алдынан қара ноқаттай болып — Ақшоқ ауылы кетпей қойған. “Жалықтырса алыс сапар, жат мекен, туған елдің тұтіні де тәтті екен” деп әз ақындардың бірі айтқандай, талай-талай елді көріп, талай жердің дәмін татса да, үйіндегі қарт шешесі Күмісжанның қолынан құйған қаймағы аралас күрен қою шайы мен кермек татыған аңы дәмі тілінді үйірер балдай күртын сағынып, тезірек елге жетсем деп асығатын.

Сол ауылдың үл-қыздарының етек-женін түріп, ел азаматтарының санатына қосылғанын көріп те жүрегі іштей қуанады. Бәрі оқыған, білімді де білікті. Ауылдағы сегізжылдық мектепті бітірісімен кейбіреулері сонымен тоқырап та қалмайды. Училище, техникумдарда білімін әрі қарай жалғастырады. Қала берді онжылдық-

111 тауысып, жоғары оқу орындарының біріне аттанады.

Ал кейбіреулері ауылдағы фермада сауыншы, бақташы болып еңбек етіп жүрсе, жастайынан темір-терсекке көзі қанығып үйренген жігіттердің біразы “ДТ”, “К-100”, “СК”, “Нива” темір тұлпарлары мен комбайындарын ерттеп мінген. Откенде қойышы, қазір техника тілін бес саусағындай білмейінше, бақташы, сауыныш-оператор болу да қыын. Әйткені фермадағы қол күшін қажет ететін жұмыстардың көвшілігі, көвшілігі деймін-ау, бәр-бәрі механикаландырылған.

Әйтсе де қыз, жігіттерді ауылда қалып, ауылда еңбек стүге машиқтандырудың әдісі тек осымен ғана шектеліп қалмаса керек.

Құләнді көптен бері қинап жүрген мәселелердің бірі де осы. Оқыған, қолында арнайы дипломы бар жастардың көвшілігінің-ақ қызық, думан көп қала, не аудан орталықтарына барып, жұмыс істеуге тілек білдірулері хақ. Ал оларды құр сөзбен үгіттеп ауылда қалдыра алмайсын. Ол үшін тұрғылықты халықтың әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық жағдайларын да екшеп, ескеріп отыру керек. Іші неше тұрлі жиһазға толы хан сарайындай төрт-бес бөлмелі үйде тұрсан да, мұнда жөні түзу клуб, не Мәдениет үйі болмаса жастардың кешкілікте көніл көтерер орын болмагандықтан ауылдық жерден қашқалактайтындығы да сондықтан.

Құлән болса онүш жасынан еңбекке араласты. Ал-ғашқы кезде сақманшылыққа көзі қанықты. Кейін

мұндағы саулық қойларды көрші Дзержинский атындағы совхозға бөліп жібергенде, комбайнды да ерттеп мінді. Күзде астық жинауга қатысса, жазда шөп шапты. Ал шаруашылық асыл тұқымды мал өсіруге түбегейлі бет бұрып, Ақшоқ фермасына 300-ден астам сауын сиырлар әкелінгенінде шешесімен бірге сауыншылыққа барды. Жолдасы Есләммен сонда көнілі қосылып, семья құрды. Содан бері де, қарап отырса ширек ғасырдан астам уақыт өте шыққан екен-ая.

Шүкіршілік, қазір бәрі баршылық. Күмісжан шешей де немерелерін алдына алып, біреуін былдырлатып сөйлеткізіп, екіншісін еркелетіп арқасынан қағып күн ұзаққа көнілі масайрап, мәз болып отырады. Жасының жер ортасынан ауып кеткендігіне қарамастан өзін өзі тың сезінеді. Көбіне-көп Есләм мен Құләні жұмыста жүргендерінде, үйдің ішін жинастырып, алдарынан ыстық шай, тағамдарын да өзірлеп қоятын осы кісі.

* * *

Өткен қыстың күрмеуге келмейтін қысқа күні еді. Қантарда бүйтіп қыса қоймаса да, ақпан туғалы долы боран жиілетті. Үскірік аязы тағы бар. Сал жел көтерілсе болды-ақ жаяу борасын жүре бастайды. Ондайда тіпті фермамен екі араға қатынаудың өзі оңай емес. Оппы карға малтырып, әрен жетесің.

Құлән да кешкі сауынға ертерек келген. Аяз сорған беті қызыарып кетіпті. Әдеттегідей қимылы ширақ.

Олігінде сауған сиырларға азықты да үлестіріп ұлгерген. Жұмыс ағына қарай қызыл мүйісте жиналыс болады леген соң, басқа шаруаға қарайламай, сауынды тезірек аяқтауға асыққан.

Ана орны бөлек қой. АナンЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫН ҰШ БІРДЕЙ СОБИ ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН ҚҰЛӘННІҢ ӨЗІ ЖАҚСЫ БІЛЕДІ. “Әлемдегі бар жақсылық атаулының бәрі ананың ақ сүтінен таралған” деп тегін айттылмаса керек. Тіпті анала ҚазМУ-де оқитын ортаншы қызы Гүлнардан хат келгенде, жападан-жалғыз соны оқи отырып, көзіне қалай жас тамшылары іркіле қалғанын да сезбекен.

“Қымбатты мамашым!” депті ол, туған елдің, ондағы бауырларының, сіздердің қадір-қасиеттерінізді шетте, ауылдан жырақта жүргенде сезіп біледі екенсің. Кеңекті лекциядан келген соң, кейде бөлмеде құрбы-құрдастарымнан бөлектеніп оңаша қалған кездерімде сіздерді, елдегі дос-жарандарды көп ойлаймын. Өздерінізді, әжемді, бәр-бәрінізді қатты сағынып жүрмін...”

Сонда, сол хатты қолына ұстаган қүйі бірауық қалың ойға шомып, өзі-өзімен бей-жай қалпында отырғанда тыстан кенже қызы Айгүл кіріп келген.

— Алақай, бүгін геометриядан “бестік” алдым, — деп ол мамасын құшақтап, бетінен шолп еткізіп сүйіп жатқанында шешесінің жанарындағы жас тамшыларын көріп, бала көңіл әлденеден секем алып, шошып кеткен.

— Мама, маматай, сізге не болды, кім ренжітті?..

— Ешкім де емес, құлныым, жай өзім... — деп Күлән ежелгі сабырлы қалпын сақтап, орнынан тура берген.
— Гұлнардан хат келген екен, соған аздап көңілім босап...

Тіпті Виктор Яковлевич Кляуздың өзі орнынан тұрып, Күләннің қолын алып амандастып жатыр. Бөлімше басқарушысы Сейілбек Еstemбеков те құлімсірей базын изеп қояды.

Әңгіме төркіні елдегі, дүние жүзінде болып жатқан жаңалықтардан басталған, содан кейін облыста, одан қалды өздері еңбек етіп жатқан “Ақан” совхозында атқарылып жатқан істерге ойысты. Сөзінің сонында ол:

— Мен сіздерге тағы бір қуанышты хабар айтқалаң тұрмын, — деді, — 1983 жылдың социалистік жарыс қорытындысы бойынша біздің Күлән Серқалиқзы Бәкібаеваға екінші мәрте “Ақбұлак” ауыспалы Құрмет жүлдесі мен Құрмет дипломы тапсырылып, туристік тегін жолдама берілетін болды.

— Оу пәлі, манадан соны айтпайсыздар ма!

— Күләнжан-ау, мерейің әрдайым үстем бола берсін — деген дауыстарды ду соғылған шапалақ үні көміп кетті.

Сауыншымын
Сүттен селді ағызған,
Сауыншымын
Бармақтан бал тамызған,
Сауыншымын,
Сауып алған бәйгіні, деп ардақты ақын ағамыз Қасым Аманжоловтың жырлағанындаи, бұл күнде ақандық сауыншы, Ақшоқ ауылының тумасы Құлән Серғалиқызы Ісекібаеваның есімі совхоз, аудан түгілі облысқа, тіпті өрісі республикаға дейін кеңінен танымал болып отыр. Ширек ғасырға жуық мерзім бойы бір фермада еңбек стіл, колективтің ортақ табысына өзіндік үлесін қосып келе жатқан өндіріс майталмандарының бірі де осы Құлән. Егер оның осы жылдар ішінде сауған сүтін ки-лограмдалап емес, центнерлеп, тонналап өлшер болсак, жүк поездары бәлен состав тіркер еді-ау!

Аудан аудан болғалы, оның тарихында Социалистік Еңбек Ерінің Алтын Жұлдызын алғашқылардың бірі болып алған да осы Құлән Серғалиқызы. Өзін ер атан-дырыған, бақыт құсын қолына әкеп қондырыған сол 1973 жыл бармағынан бал тамған сауыншы келіншектің мәнгі үмытылмастай болып есінде қалды.

Кей-кезде бірауық жұмыстан қолы босап, оңаша қалған шақтарында бөгде ойлардан арылып, көніл құсы шарықтап:

Бақытым жок
Тауып алған бір жерден,
Берекесін
Сауып алған бұл женген.
Сол сүттей ак,
көңілім аппак женгенмін
Шырқап әнге

Той-думанға енгенмін, — деп Қасымның өлеңін өз-
өзінен ыңылдап, әндептіп те кететіні бар. Ондайда Күлән
өзін шын бақытты сезінеді. Ол занғы да. Өйткені өз
бақытын еңбектен тапқан мәртебелі жандардың бірі
болса нақ Күләндай-ак болар.

“Ақан” ауылы,
Айыртау ауданы.
1985 жыл.

АУЫЛДЫҢ АРДАҚТЫСЫ

Алғашқы таныстық, немесе ой желісі

I. ҚУАНЫШ

1966 жылдың қысы еді...

Алай-дүлей боранның соққанына бүгін үшінші күн. Тіпті көз аштырар емес. Қойын-қонышынды қуалаған сұық жел әлгіндей болмай-ақ әбдінді алып, өне бойыңды қалш-қалш еткізеді. Тек үшінші тәулік дегенде ғана сөске түске қарай күн қабағы жадырап, сұық аздап қүшайе түскен-ді. Үш тәулік бойы мал қорасынан айнашықтап шықпай, біресе сиырларға жемшебін, сұын беріп, біресе есік алдындағы тау боп үйіліп қалған қарлы қүрекпен құлаштай лақтырып, әбден сілесі құрып, зықысы шыққан Әлсеннің үйіне келген беті болатын. Алдынан баласы Жұмабек жүгіре шықты.

Сөйткенше болмады, гүр еткен машина даусы естілді. Қалың қарды оппылай қарасұр “Уазик” бұлардың қасына келіп тоқтай қалды. Парторг — Шалабай Төлетаев, оның жанында қолтығына папка қысқан, көзілдірікті тағы біреу бар. Бірақ оны Әлсен түстеп шырамыта алмады.

— О, Әлеке, боранды күні құтырып бұлар мені неге іздел жүр деп тұrsыз-ау тегі. Таба алмай жүрсек осында екенсіз гой. Жағдайыңыз қалай? — деп алдымен қутілді Шалабай келіп сәлем берді. — Малыңыз аман ба? Айтпақшы, сүйінші сізден, қуаныш хабар бізден...

— Малымыз аман... Ал жақсылық хабар дейтіндей не бол қалды? — деді Әлсен де бұлардың тектен-текке келмегендерін сезіп.

— Той сізде Әлеке, Еңбек Ері атануыңызben шын жүректен құттықтаймыз, — деп аудан орталығынан келген өкіл жігітте, совхоз парторгі де бақташының қолын қысты. — Мына газетте бір топ өндіріс озаттарына жемісті еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері атағын беру туралы Жарлық жарияланыпты. Соның ішінде облыстық мемлекеттік тәжірибе станцияның сауыншысы Фрида Гавриловна Литау, шошқа өсіруші Кузоваткина мен Сіз де барсыз.

Әлсен бірауық толқып кетті. Көзі жасаурап, бойын да билей алмай қалды.

II. ЕЛ БАСЫНА КҮН ТУҒАНДА

— Інішек-ау, менен басқалар да толып жатыр деп едім, болмадың. — Жазуға лайық десен, андағы блок-нотына түрте отыр, — деді Әлсен аға өз әңгімесін бастамастан бұрын қияға қанат қағар қыранша қомданып. Содан кейін ол бірер сәт ойланып қалды. Кең мандайындағы әжім іздері де ілездे білеуленіп, көзін бір нүктеге еріксіз қадай берді.

...Софыс басталған жылы Әлсеннің он жеті жасар қылышылдаған жігіт кезі-тін. Шөп шабатын машинада тіркеууші болып жүрген бұл жаманат хабарды пішенші-

лер қосында естіді. “Жұмысты уақытша қоя тұрындар жігіттер. Әзірше үйді-үйімізге қайтайық”, — деген бригадирдің сөзінен кейін қос басындағылардың бәрі үнгүнсіз айыр-тырнауыштарын иықтарына салып, ауылға қарай бет алды.

Бұлар келсе ауыл іші де азан-қазан. Жылап-сықтаған көп адамның ішінде Әлсеннің шешесі Қайшаны да көзі шалды.

— Құлыным-ау, ендігі күніміз не болар екен? Кермән деген фашистер біздің елге соғыс ашыпты,.. — деп ол да баласын келіп бас салып құшақтап жатыр. Өксігін баса алмай, солқ-солқ етеді.

Көп ұзамай бұлар майданға аттанып кетті. Бірақ Әлсен Айсин неміс фашистеріне қарсы соғысқа аяғына дейін қатыса алған жоқ. Харьков түбіндегі қырғын бір ұрыста Әлсен он жақ қолынан ауыр жараланды. Әске-ри госпитальда сандаған айлар жатқан бұл сонынан жарымжандығы себепті елге қайтты.

— Ата жаумен айқаста дүшпанды өз ұсына дейін қуып тықпағаныма мен өкінгеніммен, елдегі ағайын-туыстар, әсіресе қарт әке-шешем қанды майдан даласынан аман оралғаныма кереметтей қатты қуанды, — дейді манадан өз өмір жолынан суыртпақтай сыр шертіп отырған Әлсен аға күрсініп. Әйтсе де қолымның жарасы әлі күнге дейін сыр білдіріп қояды.

КҮТПЕГЕН КЕЗДЕСУ немесе Достар хаты

Сол 1966 жылдың көктемі болатын.

Әлсен стол басында жұбайы Құлбанмен ертенгі жұмыс жайын әңгімелесіп отырған.

— Жұмабек екеуміз ертең малды жайылымға шығарымыз, — деді ол әйеліне құлімсірей қарап. Ал сен Жексенбаймен қорадағы қалған малға ие бол. Анау жаңа туған әлжуаз бұзауды әлсін-әлсін емізіп ал. Сызға жатып, кеудесін сүйк шалмасын. Соған сақ болғайсындар әйтеуір...

— Сен де жоқты айтады екенсің осы. Немене малды көріп жүргенім жаңа дейсің бе? — деп ерінің сонғы сөзін Құлбан көnlінен алып қалды.

Осы кезде әлдекім сыртқы есікті қағып, дыбыс берді.

— Бейсаут жүрген бұл кім болды екен? — деп Әлсен иығына киімін іле салып, барып сыртқы есік ашты. Келген тағы да Шалабай Төлетаев екен.

— Кеш жарық, Әлеке. — Тіпті бүгін сізді үйден кездестірудің өзі қыын болды фой...

— Онын рас, жайылым қарап келдім. Айғайтас маңындағы қыраттардың көгі мал аузына ілігетіндей болып қалыпты. Ертең малды солай қарай шығарайын деген ойым бар. Ал өзің жайша ма?

— Жай емес. Куаныш әкелдім саған. Алматыға баратын болдын.

— Алматыға?!

— Йә, Алматыға, Алтын жүлдyz алуға барасын.

— Апыр-ай, мал төлдеп жатқа кез... кейінірек баруға болмас па екен?

Шалабай күліп жіберді. — Қызықсың-ау өзін, — леді, немене, сеніңше білмей шақырып отыр ма? Биыл Еңбек Ері атағын алған азаматтардың бәрі де Алматыда отетін парадқа қатысатын болса керек. Түсіндің бе енді?

— Сонда қашан жүрмекпін?

— Ертең жүресін. Соған қазірден бастап өзірлен. Өзің келгенше малға Күлбан бас-көз бола тұrap. Көмекке адам береміз.

* * *

... «Алатау» мейманханасы. Келсе бөлмеде тағы екі адам отыр. Біреуі — қара мұртты, кеспелтек денелі де, екіншісі шашын кірпіше қойған аксары, орта бойлы жігіт. Сәлемдескеннен кейін:

— Бір күн болса да, жігітім, сенен бұрын келіп, астанаға бауыр басып қалдық. Ал үй иесінің келген мейманнан жөн сұрауы — парызы, — деп қара мұртты кісі Элсенге құле қарады.

— Дұрыс қой ол. — Аты-жөнім — Элсен Айсин. Көкшетау облысының Чкалов ауданынанмын. Малшымын.

— Ә, жақсы екен, ендеше мына інішегім Қабекес

Сергазиев та өзің сияқты малшы. — Орал облысының Чапаев ауданынан.

— Өзің ше?

— Мен шопанмын. — Шымкент облысынанмын.

Атым — Егенберді, фамилиям — Омарбеков.

Үш Социалистік Еңбек Ері бірімен бірі тез танысып, шүйіркелесіп кетті. Әңгіме тәркіні төл алу, мал өсіру сияқты мәселеге ойысты. Әркім өзінің табысы, алдағы межесі туралы айтты.

Қабекес 112 сиыр бағады екен. Содан тұяққа-тұяқ төл алмақшы. Ал Әлсен тұмса бұзаулайтын 100 құнажыннан 95 бұзау алатын ойы барлығын айтқанда Егенберді оған ұндырықтай қарап:

— Қабекестің бағымындағы сиырлар биыл төртінші рет бұзаулайды. Олардан баспа-бас төл алуына әбден болады, ал тұмса бұзаулайтын құнажынның жүзінен 95 бұзау алғанды өз басым көрмек түгілі, естігенім де жок, — деді.

Әлсен, өзі сиыр баққан он үш жылдың ішінде жүз құнажыннан 85, 89, 94 бұзау алған кездері болғанын айтып берді. — Сиыр күтімді болып, жаппай төлдей бастағанда бір ай үйқынды бөліп, малдың жан-қасында болсан, сонда жүз сиырдан 102-105 бұзауға дейін алуға болады, — деді Әлсен.

Оның сөзіне екі жолдасы тан қалды.

— Босқа мақтана алмаймын. — Жүз сиырдан жүз

бұзаудан артық алып көргенім жоқ, — деді Қабекес.

— Сіздерде қалай екенін білмеймін, ал бізде малымыз жылдың алғашқы жартысында тегіс бұзаулап болады. Өйткені ерте туған бұзау жақсы жетіліп, күзде енесінен айырғанда 250-260 килограмм салмақ тартады.

— Бізде де осы әдіс қолданылады. — Бірақ жүзден асырып төл алып көрген емеспіз. Соның сырын баяндаңызшы, — деп тағат таппады Қабекес.

— Оның ешқандай сырды жоқ. — Әдетте мен қантар айында бұзаулаған, коны жақсы 7-8 сиырды екі ай бойы әрекше күтімге алышп, акпан айының аяқ кезінде қолдан үрықтандырып жіберемін. Сөйтіп сол жылдың аяқ кезінде екінші рет төл аламын. Ал Апақай деген сиырым үш жылдан бері егіз бұзау тудады...

— Мынау тамаша екен! — деді манадан сөзге арасласпай екі малшының әңгімесін зейін қоя тындалп отырған Егенберді. Сіздің совхоз малды қай бағытта өсіреді?

— Біздің совхоз негізінен алғанда ет те, сүт те өндіреді. — Биыл аудан мемлекетке 21 мың центнер ет өткізетін болса, соның бестен бірі біздің малшылардың үлесіне тиеді. Мен малды мемлекетке ет үшін өткізуғе семірту демін. Табында сүтті сиырлар кездессе бұзауынан айрып, сауын тобына ауыстырамын. Ал енесіз қалған бұзауды басқа сиырга телиміз. Енесін еміп өскен бұзаулар жылдам өседі. Сегіз-тоғыз айлығында олардың тірідей орта салмағы 250-260 килограмма

дейін жетеді. Бұл әдіс шаруашылыққа да көп пайда келтіруде...

Әңгіме үзаққа созылды. Үшеуі бұдан былай хабарласып, хат алысып тұруға уәделесті.

... Әлсеннің тұскі тамаққа келгені сол еді, хат тасушы қыз екі хат әкеп берді. Бірі Шымкент облысынан — Егенберді Омарбековтан, екіншісі Орал облысындағы Қабекес Серғазиевтен екен. Екеуі де жаңа бесжылдықтың бірінші жылында қол жеткен табыстарын, берген сертке берік болып, көтерінкі міндеттемелерін абыраймен орындағандарын қуанышпен хабарлапты.

Әлсен де кешкісін оларға жауап хат жазуға отырды. “Күрметті Егенберді! Еңбек табысына мен де ортақтасын. Өзім былтырғы жылы жүз сиырдан 95 аламын деп сіздерге уәде берген едім фой. Көрсеткішім одан да асып түсті. Әр жүз сиырдан 97 бұзау алып, шығынсыз өсірдім. Биыл да төл алу науқаны ойдағыдай өтуде. Өткен айда 42 сиыр бұзаулап еді. Солардың төлі тез аяқтанып, жетіліп келеді. Өз есебім бойынша биыл жүз сиырдан 100 бұзау алатын түрім бар. Сіз де өз міндеттеменізді тағы да қосымша хабарларсыз деп сенемін.

Сәлеммен Әлсен”.

Осындай хат дәл сол күні Қабекеске де жазылды.

ЕКІНШІ ШЕГІНІС

немесе Әлсен аға сыр шертеді

ЕҢБЕК МЕНИҚ — БАҚЫТЫМ

... Сол 1970 жылы Чкалов ауданындағы “Алабота” асыл тұқымды мал өсіру совхозының аға бакташысы, Социалистік Еңбек Ері Әлсен Айсиннің есімі шаруашылық түгілі аудан, облыс көлемінде дүркіреп тұрған. Өйтпегенде ше! Ес біліп, еңбекке араласқалы ширек гасырдан астам уақыт ішінде өмірдің талай ашы-тұшысын татып, соқтықпалы жолынан өтті ол. Өтізге ағаш соқа тіркеп, дән де септі. Жаздың аптап ыстығында күнге күйіп, ақпанның ақырган аязында мылқау аязбен алысып, мал да бақты.

Еңбегі ескерусіз қалған жок. Үкіметіміз кешегі кедей баласы Әлсен Айсиннің көп жылғы еңбегін лайықты бағалап, ол сонау 1966 жылы Социалистік Еңбек Ері атанды.

Осы жылы Әлсеннің өмірінде тағы бір есте қаларлықтай ерекше қуанышты оқиға болды. Сегізінші бесжылдықтың қорытындысынада оған Қазақ ССР Ауыл шаруашылығына еңбегі сінген қызметкер құрметті атақ берілді. Мұның өзі көп жылғы қажырлы еңбектің жемісі, аптал азаматтың айтулы жеңісі еді.

... Шіркін, туған жердің кешкі тымық ауасы қандай десенізші. Беттен өпкен самал жел де, тіпті сонау шым-қай көкте қиқулай ұшқан ерке құстар да, ен даланы енбек дүбіріне бөлеп жүрген қуатты темір тұлпарлар үні де тылсым төніректі кереметтей сазды ән құшағына бөлеп, жүрегінді еліктіріп жібергендей. Жайдары да жомарт жаздың осынау ғажайып көркін манадан сырттай тамашалап мал жайып жүрген Әлсеннің көзіне ана-дайдан қара жолдың шаңын бүркүратып келе жатқан “Хозяйка” шалына кетті. “Бейуақытта бұл кім болды еken, тағы” деп ойлағанша болған жоқ, зу етіп ол жа-нына тақап тоқтай қалды.

— Ә, Әлеке, шаруаңыз тыыш па? — Хал-жағдайыңыз қалай? — деп машинадан түсे сала өзімен аман-дақсан кәсіподак комитетінің төрағасы Алексей Маевский тізесін бүгіп көгал шөпке жантая кетті. — Түh, белімнің үзіліп кеткенін қарашы. Күн ұзаққа машинада жүремін деп әбден қалжырап қалыппын өзім де.

— Е, жастарыңа жетпей қалжырадым дейсіндер. — Астарында алеңкедей жаланған машина тұрғанда не қалжырағандық? Біздің көргенімізді көрсөндер баяғыда жүн боп кетер едіндер сендер, — деп Әлекен де оны бір қағытып таstadtы. — Не шаруамен жүрсің өзің?

— Мына көрші “Севастополь” совхозынан келе жа-

тырмын. — Сізді көрген соң әдейі бұрыла кетуді жөн санадым, — деп Маевский қалтасынан әлдебір қағазды сұрып алды. Әлеке, анада Күлбан жеңгей екеуініз демалыс үйіне жолдама сұрап едініздер гой, соны әкелдім. Баратын болсаңыздар, енді бір аптадан кейін жүру керек...

— Е, неге бармаймыз, — деді Әлсен де жұлып алғандай, құдайға шүкір, жаз шықты. Үскірік аязы мен боран жоқ әзір. Оған дейін мында қалған малды Жекесенбай мен Жұмажан да байқастап, баға тұрады біз келгенше. Анада оны үйде отырып, өзара ақылдасып, келісіп алғанбыз.

Анадайда тұсаулы жүрген қаракер аттың ауыздығын қайта салып, ерге мінген Әлсен аға да әрі-беріден соң сиырларды Мұздыбұлак асуына қарай беттетіп жайып бара жатты...

**“Алабота” акционерлік қоғамы,
Тайынша ауданы.
1986 жыл.**

II

Публицистика мэр

О, ӨМІР, ӨЗІҢЕ ҒАШЫҚПЫН

Адам бойындағы асыл қасиеттің бәрі
— күн нұры мен ана сүтінен алынған,
оның сүті таусыла ма? Бізді өмірге
құштарландыратын да, міне осы!

М. Горький.

О, өмір, мен саған гашықпын... Ес білгеннен-ақ өзіңе іңкәрмін. Мен сонау шексіз-шетсіз көк аспанды сүйемін. Паналасаң жаныңа сая боларлық жынғылы мол орман-тоғай қалың жынысты сүйемін. Айнадайын жарқырап жатқан күміс көлді сүйемін. Кіндік кесіп, кірімді жуған елімді сүйемін. Шілденің ми қайнатар аптаң ыстығында май топырагын қара табаныммен борпылдатып ба-сар өскен ортам — туган жерімді сүйемін. О, өмір, мен өз ұлының қызығын көре алмай кеткен анамды сүйемін!..

Анашым сол!.. Жүзінді көре алмадым, жан анам менің. Жас едім. Сәби едім. Кеш мені. Төсіндегі алмадайын қос анарынды әлсіз саусактарыммен кезек-кезек уыстап сорып жатып үйықтап қалатын шығармын ол кезде.

Ақ дидарлы анам менің. Тап осынау күн сен үшін қызық думанга толы есте қаларлық күн болар еді гой. Өйткені, бұл сенің төл мерекен емес пе. Бұл күн тек сенің ғана емес, жер бетіндегі тендікке колы жеткен, азаттыққа ие болған бейбітшілік сүйгіш барша аналардың мерекесі гой. Бұғінгі күні мен сені қуана құшагыма алып:

Мереке күніңмен,
Қарсы алам өзінді.
Сәбилік үніммен

Арнаймын жырымды, — деп шырқата ән салған болар едім. Әттең, қайтейін.. Сүм ажал сені осынау жарайқ дүниемен ерте қоштастырып, тым-тым ерте алып кетті. Көпсінді ме, қоймады. Сен мәңгілік сыз қабырғалы қара жер астына ендін. Қос шырағың мезгілсіз сөніп, өмірден сөйтіп ерте үзілдің жан анам сол. Қайттың еken сонда сен. Қиналдың ба? Жалғанның жарығы қос сәбиінді алдыңа алып, бұлардың ендігі күні не болар еken деп осынау қызығы мол өмірге қош айтыса алмай қамыққан да, зарыққан да боларсың-ау сен. Мен онда аузымнан әлі уыз сүт арылмаған бал бөбек-балдырған едім. Мен онда өмір дегеннен еш түйсіксіз едім. Білмедім. Небары үш-ақ жаста сенен айрылыптың-ау, жан анам. Кеш мені...

Содан бері қаншама уақыт өтті десенізші. Жыл артынан жыл озды. Келмедін. Енді қайтып артыңа қайрылмадың. Қайда едін, сонда сен, жан анам менін.

Уақыт шіркін, жүйрік-ақ еken, жүйрік тым,
Жазғаны шығар тағдыр атты бүйрықтың.

Үш жаста сенен айрылыптың жан анам

Содан ба бәлкім, өскенім қыздай бүйрық тым, — деп өзиңе деген сағынышымды талай айлы тұндерде ақ қағаз бетіне де түсірдім. Үн қатпадың анашым. Қайда едін, қайдасың сен, тұрағынды айтпадың-ау жан анам менін.

Сағындым гой өзінді. Сағындым-ау мен сенің ботадайын мөлдіреген көзінді.

Енді міне, бүгінде мен де ержеттім. Есейдім. Азамат атандым. Оқу оқып, білім алдым. “Сен де бір кірпіш дүниеге”,.. деп ақын атамыз айтқандай еліме, халқыма адаптың қызмет еткім келеді. Өмірден өз орнымын таптым мен. Мамандығымды сүйемін.

Мен өзімді-өзім алып қанатты қыранға ұқсатамын. Көк аспанда шарықтай самғауды қалаймын. Өктай зымырағым келеді. Өзгелерден қалмаймын анашым. Өмір көшіне ілесіп, айдын мұхитта атом кемесіндей жүземін. Теніз бетінде ақ шағала боп шанқылдасам, дауысым алысқа кетердей. Аспандағы күн нұрынан мен жас жаныма жылылық аламын. Әлемде шапағатты сәулесін төккен нұрды сүйемін. Күнді сүйемін.

Анашым, мен өмірге ғашықпын. Құдай қосқан қосағыммен бақытты тіршілік құрғым келеді. Немерелерінді аялағым келеді. Жан анам менің, немерен сенен аumas тегі. Оның көзі де сенің көзіндей құлтімдеп тұrap. Ол да өмірге құмар болар, ол да өзіндей өмірге ынтық болар.

О, өмір, өзіне ғашықпын!... Мен саған деген маҳабатымның есейген кезде тіпті арта түскенін сездім. Мен кең даланың жұпардай ауасын кеуде кере жұтқым келеді. Мөп-мөлдір түбі көрініп жататын түп-тұнық айна көлдерінде ақ шабақша жұзгім келеді.

Мен сонау аспанмен таласқан зангар көгілдір тауларға, көз жетпес шынырау биік құз-жартастарға құмартса

қараймын. Күн санап бой түзеп, өсіп келе жатқан қабат-қабат зәулім үйлерге тамсана көз тастаймын. Сәбілердің шат-шадыман қалыпта еш алансыз ойнап жүргендерін қызықтаймын. Сыңғырлаған таза да пәк құлқілерін естімін олардың. Сонау шымқай көк аспан төрінде бейбіт өмірдің символындағы емін-еркін қалықтап ұшып жүрген көгершіндерді көріп қуана қол бұлғаймын.

О, өмір, мен саған мәңгілік ғашықпын!

1967 жыл

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ АЗАМАТЫМЫН

О, адамдар! Мен бақыттымын. Шексіз бақыттымын. Төбесінен нұр төгілген, өзі десе көмейімнен жыр төгілген күн сәулетті Қазақстанда туып-өскенімді мақтаныш тұтамын. Өскен елдің, өзгерген өнірдің жасымын. Мен дүниежүзіндегі тәуелсіз мемлекет — Қазақстан азаматтымын.

Уа, менің гүл жазиралы, мәуелі де өскен өлкем. Кен байтак, шалқар шаттық мекенім. Кіндік кескен, туган жерім. Асқар белім. Өзіннен айналып кетсең ғана болмай ма? О, менің сүйікті Отан анам. Қайтып қана қуанбаймын мен бүгін. Қайтып қана шаттанбаймын. Мен сенің жомарт өлкен — Қазақстанда дүниеге келгенімді өзіме зор бақыт санаймын. Қазақстан! Фажапстан! Осылай деп еді-ау шетелдік бір мейман.

Мен қазақпын. Мен қазақ болып туғаным қуанамын. Мактанаңын. Менің елім қандай жомарт болса, адамдары да сондай жомарт.

Қазактар батыр халық. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында жазған “Қазақтар” атты мақаласында Илья Эренбург былай деген-ді: “Бір фриц маган: “Біз жойқын күші бар қаһарман солдаттармен беттестік, оларды алған бетінен тіпті ешқандай оқ та, өрт те тоқтата алмады, олар тұра бізге қарай дауылдай дүркіреп жүгіріп келе жатты. Мен бұлардың қазақ деген халық екенін естідім. Бұрын мұндай халық бар екенін естімеп едім” деді. Фрицтер көп нәрсені білмеуші еді. Оларға Россияның үлкен ел екенін ғана айтқан, ал оларға осынау үлкен елде үлкен АДАМДАР тұратынын айтпаған.

Далада салт атпен жүргуге үйренген қазақ, егер қажет болса еңбектей де алады, жүгіреді де, таулы жерде шынға қарай өрмелейді де, батпақ болса, белуардан саз кешіп те жүре береді, әйтеуір, қазақтарды еш нәрсе де тоқтата алмайды”.

Мен бақыттымын. Иә, мен шексіз бақыттымын адамдар. Мен бақытты заманда өмірге келгеніме қуанамын. Шаттанамын. Біз бақыттымыз, адамдар. Біздің туымыз — Достық. Тұысқандық. Бостандық. Тенденс және Бейбітшілік.

Иә, біз шексіз бақыттымыз адамдар. Біздің бақытымыз — базыналы елімізде. Біздің байлығымыз — қазыналы жерімізде. Үл туралы Қазақстанның мемлекеттік

Әнұранында былай деп анық та айқын айтылған:

“Жаралған намыстан қаһарман халықпрыз,
Азаттық жолында жалындал жаныппрыз.
Тағдырдың тезінен, тозактың өзінен
Аман-сау қалыппрыз, аман-сау қалыппрыз.

Еркіндік қыраны, шарықта,
Елдікке шақырып тірлікте!
Алыптың қуаты — халықта,
Халықтың қуаты — бірлікте!

1972 жыл.

ӨСКЕН ӨҢІР ПЕРЗЕНТИМІН

**Отаным — бақыт ордасы,
Отаным — бақыт арнасы!
Отаным — дүние тірегі
Отаным — дүние жүрегі.**

Қасым Аманжолов.

Мен — өскен өңір перзентімін. Айдай әлемге нүрлі шапағын төгіп, мерейлене атқан Октябрь таңынан кейін дүниеге келген бақытты қазақ жастарының бірімін. Қанаушы таптың жойылып, кешегі күнгі кедей шаруаларға теңдік тиіп, сөйтіп езілгенге қол созып, жабырқағанға дем берген, қайғырганды жұбатып, зар илегенді уат-

қан жер шарындағы тәуелсіз ел — Қазақстан азаматымын.

Мен, өскен елдің, өзгерген өнірдің жасымын. Күн сөулетті Қазақстанда, соның ішінде дүйім ел аузында жыр болып, талайлардың аузының суын құрыта тамсантқан, талайларды еш қайталанбас сұлу табиғатымен мас қылып, ғашық еткен Кекше өнірінде туып-өскен мендей әрбір өндірдей жасқа көрсетілген сый-құрмет міне, осындаі.

Иә, бір сәтке өткенге көз жіберсеқ, осынау бір адамның ғұмыры дерлік уақыт ішінде біздің гүл жазира мекеніміз өмірінде нелер ғажайып өзгерістер болмады десенізші!

Көсегеміз көгеріп, күн-күн санап, құлпырған осындаі шат-шадыман заманда өзім тенденс құрбы-құрдастарыммен, жаны жайсан замандастарыммен еркін өмір сүріп, еңбек етіп жатқанымды мен зор бақыт санаймын. Иә, көз көріп, құлақ естімеген гарышқа қол созып, ту-ту Ай мен Марсқа ракеталар ұшырып, адам миының құдіреттілігі шырқау шынға шығандап тұрган бүгінгідей бақытты заманда қайтіп қана қолға қалам алмасқа, қайтіп қана қуана тебіренбеске.

Иә, баршаның туыскандығы, бауырластығы, кешегі қаһарлы соғыс кезінде айқын көрінді. Тек фашистік Германияга қарсы соғыс жылдарында еліміздің тәуелсіздігі мен бостандығы жолында қаншама өндірдей жас, қаншама адам қыршынынан қылып, опат болмады.

... Жау әскерлеріне төбесінен шүйлігіп, қыргидай тиген ержүрек үшқыш жігіттер Талалихин, Гастелло, Әбдіров пен көкшелік Михайл Янколардың, дүшпаның ажал оғын сепкен апаның кеудесімен жапқан Матросов пен Сұлтан Баймағанбетовтың... Лиза Чайкина мен Зоя Космедемьянскаяның, Әлия мен Мәншүктің хас ерлігін кім ұмытар, сірә де.

Араның аждаһадай ашқан соғыс даласына аттанып бара жатып. Баубек Бұлқышев кейінгі ұрпаққа былай деп өсiet етіпті: “Мен Шығыс адамымын, батысқа кетіп барамын. Алаулаған жастық шағымды адам баласының азаттығына арнағанмын. Адам дүниесі шын мағынасында адам дүниесі болсын. Біз осы үшін күресеміз. Өмір деген күресте біз өлім дегеннен сескенуден жеркенеміз!” Отан ісіне әбден берілген шын патриоттың сөзі бұл.

Сұрапыл соғыстың аяқталып, Рейхстаг төбесінде алқызыл ту желбірегеннен бергі жыл ішінде республикалық издағы әр облыс, тіпті әр совхоз бен колхоз өмірінде небір тамаша өзгерістер болып, олардың бәрі рухани түлеу жолынан өтті. Соған мысал ретінде көрікті. Көкше өніріндегі тың игеру жылдарында құрылған “Бидайық” совхозын алсақ та болады. Әуелгі кездегі шағын қазақ ауылы келе-келе іргелі шаруашылықтар қатарына қосылды. Соңғы жылдары мұнда ондаған тұрғын үйлер бой түзеді. Жаңадан орта мектеп, асхана, клуб және балалар бақшасы салынып, пайдалануға берілді. Көше бойлары асфальтталып, үйлер түгелдей электрлендірілді.

Тұған республикам, соның ішінде кербез Көкшем жайлы бір сәтке ойлана қалсам, менің көз алдымға өзгерген өнір, өскен ел бейнесі кинолентасында елес береді.

Сонау атам-заманнан бері жүгірген аң мен үшқан құстар басқа жан баспаған иесіз жатқан жапан далада қазір жайқалған егін өсіп, мыңғырған мал қаптап, республикамыз шын мағынасында ең бай өлкеге айналды. Тек бесжылдықтар тұсында қазақстандықтар 1 миллиард 110 миллион пүттән астам астық құйып, тың шежіресіне тағы да жаңа парактар қосты. Ал көкшелік дікандар болса бұл жылы мемлекетке 161 миллион пүт алтын дән тапсырып, ел мерейін тасытты. Көшпелі елдін, кешегі артта қалған мешеу елдің ұрпақтары бұған қайтіп мақтанбасын!

Жыл асқан сайын облыс орталығы — Көкшетау қаласының бейнесі адам танымастай өзгеріп, тұрғын халықтың мәдени-тұрмыс жағдайы жақсара тұсуде. Шетелде болған сапарында терең тамырлы өнеріміздің кеңінен насихатталуына “Көкшетау” ансамблі де елеулі үлес қосты. Ансамбль мүшелерінің кейбіреулері лауреат атанып, колективке халық ансамблі құрметті атағы берілді. Ал таяуда Көкшетау қаласының тұрғындары 100 мыңыншы бөбектің өмірге келуін қуана қарсы алды. Ол — бір семьяның он екінші бөбегі Күнсұлу Сақтағанова еді.

Әне, таң келеді арайлана атып. Ол — бақыт таны, Октябрьдің женісінен кейінгі нұрлы таң! Езілгенді теңе-

ген, кемтарларды жебеген Октябрьдің шапағатты таңы. Бакыт ордасы — менің Отанымның әрбір таңы республика халқына жақсылық шапағатын ала келеді. Олар жаңа женістерге қарай нық сеніммен алға басып келеді. Осы саптың қатарында болуым — менің мәңгі бакытым.

ҚАСИЕТІҢНЕҢ АЙНАЛАЙЫН, КИЕЛІ НАН!

Нан!

Жұмыр басты пенде атаулының тіршілігінің нәрі, өмірдің сәні, Алатаудан Жайыққа, Жайықтан Сарыарқаға дейінгі құллі арқалы ақындардың тілге тиек етер, шырқата салар әні нан жарықтыққа тендересер зат бар ма, сірә де. Өйткені, нан — байлық, нан — молшылық көзі. Ежелден егін егіп, дән өсірген диқан қауым сол себепті де астықты алтынға, ел ырыздығы, халық дәүлетіне санайды.

“Нан болса, ән де болады...” Қандай тауып айтылған сөз. Нансыз бүл дүниенің мәні де, әрі де жок. Нан егінші диқанның жыл бойғы ерлік енбегінің, төккен мандай терінің жемісі. Құннің шұғылалы сәулесімен шағылысып, ен даланы сап-сары алтынмен аптағандай масактары баданадай дәнге толы, қауызы қауашағынан асып, тырсыып тұрған астық алқабын көргеніңіз бар ма?! Көрмесеніз көрініз, көрікті Кекшеме келініз. Бұғінде менің сүйікті өлкем, оның осыдан ширек ғасырдан астам уақыт бұрынғы тузырап жатқан жалпак жері ен байлыққа — алтын астыққа тұнып тұр. Ал адамдары қандай десенізші.

Шетінен ақжарқын да еңбексүйгіш. Олардың бәрі де қазір оныншы бесжылдықтың төртінші жылышын жаңа миллиард, астық жорығына қатысып, ерлік еңбектің толассыз күйін, сазды симфониясын шертуде.

Нан жырынан құдіретті жыр бар ма?

Нан нұрынан құдіретті нұр бар ма?

Жердің беті түгел желек жамылып,

Жердің беті толсын қызыл қырманға.

Нан жырынан туындайды береке,

Нан жырымен басталады мереке.

Нан жырымен шомады да үйқыға,

Нан жырымен оянады ел ерте,.. демекші, сонау наурыз айынын аяқ шенінде облыстың бір топ озат бригадирлері көктемгі дала жұмыстарын үйымшылдықпен өткізіп, биылғы жылы да егіннен мол өнім алу үшін дүбірлі жарысты қыздыра тұсу жөнінде облыстың барлық ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне, колхозшылар мен совхоз жұмысшыларына ашық хат жариялағаны бәріміздің есімізде.

Енді міне, араға екі-үш ай айналып, маусымның балбыраған шағы — сарыала күз жеткенде ала жаздай аялы алақанымен баптап өсірген алтын астықты төкпей-шашпай қыска мерзімде әрі жоғары үйымшылдықпен жинап алу үшін ер диқандар тағы да бәйге атындај жаратқан дала кемелеріне отырып, ұлы жорыққа аттанды. Солардың қатарында менің данқты жерлестерім: келлерлік комбайншы Социалистік Еңбек Ерлері Иван Сазонов, червонныйлық Василий Киричек, чкаловтық

Әутен Қуандыков, қызылтулық данғайыр дикан, Социалистік Еңбек Ері Anatolij Stecuk, тағы басқалары кетіп барады. Бұлардың әрқайсысы орақ науқанында әр комбайнмен ең кемі 15-20 мың центнерден астық жи-нап бастыруды межелеп отыр.

Жер-ана. Дикан. Астық. Нан!

Елдің де, ердің де данқын асырап атаулар бұл. Бұла бойы күшке толы өндір жастан бастап белі еңкейіп, еңкіш тартқан шау — картқа дейін тамсана айттар жыры да, шыны да, сыры да осы.

— “Ашының дәмін татқан біледі, жолдың шалғайлығын жортқан біледі” деген, сендер бақытты заманың үрпақтарысың, біздің көргенімізді көрмей өсіндер, мынадай ордалы Отанның аясында емін-еркін өмір сүріп, елге, халыққа адал қызмет етіндер, — дейді елге барған сайын ауылдың көне көз карттары. Сөйтеді де әлгілердің бірі аса таяғын қолына алып, нұры тая бастаған жана-рымен жыраққа, сонау алысқа, тым-тым алысқа сұкта-на қарап:

— Шіркін, заман-ай десейші, — дейді. — Баяғыда, байдың есігінде жалшылықта, арша етіміз борша, қара-табан болып жүрген кезімізде егін егіп, астық өсіргенді кім біліпті. Ел несібесі нан жарықтықтың киелі екендігін кім сезіпті. Сонда бір тілім нан, қатық көже үшін таң ала көбеден тұрганнан тұн ортасы ауғанша табанымыздан таусылып, тыным қөрмеуші едік...

Нан — астық. Нан — байлық, нан — тоқтық, нан — достық.

Елді де, ерді де жоқшылық кезде табыстырған, жау-
гершілік, шапқыншылық кезенде бірге туған ағайындай
достастырған Киелі Нан алдында бүкіл әлем халқы, жер
планетасының тіршілік иелері басын іп, тағзым етеді.
Әйткені, нанның қадірін, нан жарықтықтың
құдіреттілігін сонау келмеске кеткен қуаңшылық жыл-
дары ашааршылық пен тарыншылықты бастан өткізген,
ел үстіне қара бұлттай үйіріліп, қатер болып төнген
алапат соғыстың сұрқай шағында Ленинград блокадасы
мен Освенцим, Бухенвальд түрмелерінің азабын кеш-
кен адамдар жақсы біледі, жақсы түсінеді.

Көрікті Көкше өнірінде бүгінде мол астық жолын-
дагы дүбірлі жорық қыза түскен. Ер диқанның маңдай
тері, күсті алақанының күшімен өскен бітік егінді еш
ысырапсыз жинап алуға бүкіл қауым ел жұмылған. Кеш
түссе-ақ Көкше аспанында әсем ән қалықтайды. Әннің
аты — Ақбидай, күйдін сазы — Дән жыры. Кеудеге
шалықтап толықсыған ән жолдары мынадай шумактар-
мен аяқталады:

Далама менің
Дән толтырғандар жасасын!
Кеудеме менің
Ән толтырғандар жасасын!
Қырымда менің
Қырманнан таулар өсіріп
Дастарханыма
Нан толтырғандар жасасын!

1979 ж.

КӨРІКТІ, КӨРКЕМ, КӨКШЕМ МЕНИҚ

“Арқаның көрбез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі — кеш бұлттар
көшіп,
Жүреді біліп-кетіп есен сауын”...

C. Сейфуллин.

Ардақты ақын ағамыз осылай деп жырға қосқан керім де көрбез Көкшем жайлы толғансам, менің есіме облыс өнірінің өткені мен кешегісі, бүгінгісі мен нұрлы болашағы түседі. Бұған дейінгі жылдарда қазыналы қойнауындағы бар байлығы ел игілігіне жаратылмай ашқаның алаканында, тістегеннің тісінде кете барған жомарт жердің бағы жаңып, қысқа мерзімде миуалы баққа айналғандығын, аюдай ақырган аузы алты қарыс байманаптардың тепкісінде күнелткен кедей шаруаның тек кейіннен еркіндікке қолы жеткендігін бүгінгі үрпақтар тарих шежіресінен оқып білеміз.

Көрікті Көкше жайлы сан ойланып, мың толғансақ тілімізге алдымен ата-коныс — туған республикамыздың құтты мекенінде өмір сүріп, халқына адал қызмет еткен Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов секілді шығыстың жарық жүлдізы, ҳалқымыздың тұңғыш галымының, Үкілі Ыбырай мен Біржан сияқты сал әншілеріміздің, Ақан Сері Қорамсаұлы мен Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллиндей аруақты ақындарымыздың, күш атасы — Қажы-

мұқандармен қатар атағы дүйім елге тараған Балуан Шолактың, тағы басқа дүлдүл талант иелерінің есімдері оралады. “Ат аунаған жерде түк қалар” демекші, осынау өз ағаларымыз бер аталарымыздың ізін жалғастырып, қазіргі үрпак өкілдері өз жерлестерінің есімдерін әрқашан күрмет тұтып, қастерлеп естерінде сақтауда.

— Қазіргі К. Маркс көшесінің бойында ағаштан салынған шағын көк үйде мектеп ашып, қаладағы татар, қазак, орыс қызы-жігіттерінің басын қосып, әріп танып, хат жазуды үйрене бастағанымыз әлі есімде, — дейді қаланың байырғы тұрғыны, Құсайын Кулаков өткен күндерді қайтадан тебірене еске алып. — Алғаш рет сол 1929 жылы комсомол ұясын құрып, халық арасында үгіт-түсінік жұмыстарын жүргізіп, жүрттың бір мезгіл көңілін көтеру үшін ойын-сауық үйымдастырғанымызды да еш ұмытпақ емеспін.

Уезд орталығы — Көкшетауда тап сол тұста өнеркәсіп орындарынан кішігірім май ерітетін және кірпіш заводтары мен шойын құятын шеберхана гана бар-тын. Оның өзінде онда жұмыстың көпшілігі қол күшімен атқарылды, техника, маман кадрлар мұлдем жетіспейтін. Халық ағарту, мәдениет ошақтары жоқтың қасы еді, транспорт қатынасы тіпті нашар болатын.

Иә, жылдар жылжып өтеді, бірақ көне тарих шежіресі еш уақытта ұмытылмайды, ұмытылмақ та емес. Езілген енбекші тап бірігіп, енді-енді есін жия бастаған шақта бейбіт жатқан елімізге неміс-фашист басқыншы-

лары тұтқылдан аш қасқырдай тап бергенін, Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолында миллиондаған адамдардың, соның ішінде көкшелік жерлестерімнің де қасық қаны қалғанша ата жаумен айқасып, бүгінгі сәулетті болашақ өмір үшін мерт болғандарын кім үмытар сірә де. Көкше топырағында түлеп үшкан батыр үшқыш Михаил Янко, қазақтың адал перзенті Мәлік Фабдуллин, Федор Глинин мен Петр Морозов, Василий Чеботарев пен самолет бапкері Мәдина Ыскакова сынды үл мен қыздарын, аяулы перзенттерін жерлестерім әрқашан да ардақ тұтып, мақтан етеді. Ерлер есімі — ел есінде!

Ереуіл атқа ер салмай,
Елеулі найза қолға алмай.
Еңку-енқу жер шалмай
Қу толағай жастанбай

Ерлердің ісі бітер ме! — деп Махамбет ақын жыр нөсерін төккендей, елі үшін еңіреп туған сол қас боздақтардың көз жұмбай ерліктерінің айғағындағы қазір де қаладағы орталық аланың біріне Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жерлес жауынгерлерге арналған аллея жасалған. Жақындалап келіп қараган адамға тұтас бір ансамбль іспеттес көрінетін осы арада қызыл алау — мәңгі от күні-түні жанып тұр.

Уақыт көші ілгері жылжыған сайын туған Көкше өнірі де адам танымастай құлпыра тұсуде. Революцияға дейінгі қу жатаған жер кепе үйлердің орнын бүгінде

зәулім де сәнді үйлер басқан. Күн асқан сайын гимараттар саны көбейіп, биіктеп барады. Әскери бекініс ретінде тұнғыш ірге тасы 1824 жылы қаланған Көкшетау қаласында тап сол жылдары небәрі 4,4 мың халық болса, қазір тұрғылықты адамдар саны 103 мыңнан асып түседі.

Көкшетау — бай өлке, астықты өлке. “Тұысқан республикалар шоғырында қазір Қазақстан жұлдызы бұрынғыдан да жайнап, жарқырай түсті. Республика жылдар бойы, бесжылдықтар бойы өркендер келеді”... Еріне жері сай деген емес пе. Көкше жері өзінің еңбексүйгіш ерлерімен де данқты. Күнге күйіп, жел қаққан, қырман толы тау-тау астық тұрғызған, қора-қора төл өрбітіп, мыңғырған мал баққан диқан мен малшыны, сәнді селолар мен қалалар орнатып, зәулім гимараттар тұрғызған құрыш қолды құрылышы мен сүттен бұлақ ағызған бал бармакты сауыншыны, тағы басқа мамандық иелерін орынды мактаныш етеді менің жерлестерім.

Бұған дейін уезд орталығы — Көкшетауда жалғыз гана қазақ-татар мектебі болса, қазір қалада жалпы білім беретін қырыққа жуық мектеп, балалар музикалық мектебі, машина жасау, индустримальды-педагогикалық, кооператив, кітапхана техникумдары мен медицина училищесі, Ш. Ұәлиханов атындағы педагогика институты, Павлодар индустриялдық институтының жалпы технология факультеті, Целиноград ауыл шаруашылығы және Қарағанды политехникалық институттарының фи-

лиалдары халық шаруашылығының салаларына мамандар даярлайды. Мұнда Көкшетау Мәдениет және Теміржолшылар сарайы, тарихи өлкे-тану музейі, көптеген мәдениет және спорт орындары бар.

“Сексен көл Көкшетаудың саясында,

Әрқайсысы алтын кесе аясында.

Ауасы дертке дауа, жұпар іісі

Кекірек қанша жұтсан тоясын ба?” — деп ел еркесі, көрнекті қазақ ақыны Сәкен Сейфуллин жырлаған көрікті Кекше өнірінің — Бурабай, Зеренді, Имантау, Шалқар сиякты әсем қойнауларында жыл сайын туысқан республикалардан мындаған адамдар келіп, демалып, тынығып, денсаулықтарын түзеп, сауығып қайтады.

Гүлденген, көркейген Кекше атырабының алып жүректі, құс қолды, құрыш білекті еңбексүйгіш адамдары бүгінде еңбек көрігін бұрынғыдан бетер қыздыра түсude. Осынау дүбірлі жорықтың көш басында менің данқты жерлестерім — көкшеліктер де нық адыммен ілгері басып кетіп барады.

Көркейіп, құлпырып, жайнай бер, керімдей кербез Көкшем менің!..

1980 ж.

I. КИСЛОВОДСКІ — КУРОРТТЫ ҚАЛА (Журналистің жол жазбасынан)

Кисловодскі...

Кавказ Минералды суларының ең оңтүстігіндегі курортты қалалардың бірі — Кисловодскі. Бұл климаты — бальнеологиялық өзгешелігі жөнінен байырғы курорттардың қатарына жатады. Өзінің табиғаты жағынан Кисловодскі басқа кавказдық курорттардан айрықша орын алады. Ол теніз деңгейінен шамамен бір мың метрге жуық биіктікке орналасқан. Қаланы жан-жағынан таулар коршаған.

Әйтсе де Кисловодскінің өзімен қатар орналасқан Есентуки, Пятигорск, Железноводск, Минеральные Воды, тағы басқа қалалардан өзгешелігі оның ауасы әрдайым таза болып тұрады. Әрі жыл бойына мұнда жанға жайлы, ашық күндер көп болады. Ал қаланың ең басты байлығы нарзан суы оның қуатты көзі болып саналады. Өзінің химиялық құрамы және емдік қасиеті жағынан нарзан суына ештеңе тең келмейді.

Емдік қасиеті мол нарзан суларының көзін алғаш XIX ғасырдың басында орыс дәрігерлері мен ғалымдары ашқан. Солардың бірі дәрігер Г. Шоберді I Петр 1717 жылы Солтүстік Кавказдағы минералды су көздерін зерттеуге жіберген болатын. Бірақ патша өкіметі курорттарды жедел қарқынмен дамыту ісіне оншалықты асыға қоймады. Тек 1803 жылы алғашқы курорттардың ірге

тасы бой көтерді. Кавказ минералды суларын дамытуда дәрігер — су басқармасының директоры (XIX ғасырдың алпысыншы жылдары) С. А. Смирнов үлкен роль атқарды. Ол судың құрамын анықтау үшін химиялық лаборатория жасап, 1863 жылы Пятигорскі қаласында тұңғыш Орыс бальнеологиялық қофамын ұйымдастырыды.

Революцияға дейін Кисловодскідегі пансионаттар, мейманханалар, су көздері жеке адамдардың қарамағында болды. Курортқа емделуге келгендер үшін пәтер үйлер де жетіспеді. Бір айта кетерлік жай сол, 1820, 1829 жылдары орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкин Кисловодскіде нарзан ваннасын қабылдады. Қалада М. Ю. Лермонтов, Л. Н. Толстой, А. П. Чехов, М. И. Глинка және басқалары болып, оның көрікті жерлерін тамаша-лаған еді.

Курорт тарихындағы маңызды оқигалардың бірі темір жолдар құрылышының басталуы еді. Алғаш 1894 жылы Минеральные Воды — Пятигорскі — Ессентуки — Кисловодскі бағытында темір жол салынды. Мұның өзі курортқа дем алуға келушілер санының көбейе түсуіне илгі әсер етті. Өз кезеңінде бұл мейманханалар, пансионаттар, сауықтыру орындары, саяжайлар мен санаторийлар құрылыштарының кеңінен қанат жауына ықпал жасады.

Нақтылы фактілерге жүгінсек, онда мынадай мысалдарды келтіре кетуге болар еді. Егер сонау 1989 жылы

Кисловодскіде 9608 орындық 53 санаторий болып, барлығы 74 мың адам емделсе, ал 1966 жылы санаторийде дем алушылар саны 192,9 мың адамға жетті. Тек осы мысалдың өзінен-ақ біз курортты қаланың еңбекшілер үшін қандай мән-маңызы бар екендігін айқын көре аламыз.

Ал Ұлы Отан соғысы жылдарында Кавказ Минералды суларындағы курорты қалалар еліміздің госпитальдық базаларына айналды. Солардың бірі Кисловодскідегі “Красный Октябрь” санаторийінің негізінде № 2042 госпиталь жұмыс істей бастады. Оған үшінші рангалы әскери дәрігер В. С. Хомутов жетекшілік етті.

Қазір Кисловодскіде 30-ға жуық сауықтыру орны мен 12 пансионат болса, солардың ішінде “Красный Октябрь” санаторийі ең байырғысы саналады. Ол қаладағы әсем де “Қызыл тасты” биік шатқалдың түбіне орналасқан. Үлкендігі үй орнындағы сол қызыл тастардың біреуіне В. И. Лениннің барельефі ойып жасалған. Дәл осы арада сатылы басқышпен тауға қарай жоғары көтерілуғе болады.

— Жыл сайын біздің санаторийге еліміздің түкпір-түкпірінен мындаған адам келіп, тынығып, сауығып қайтады, — дейді “Красный Октябрь” санаторийінің бас дәрігері А. Е. Новиков өз әңгімесінде. — Осы санаторийде емделушілер үшін барлық жағдай жасалған. Путевкамен келгендер үшін корпустардан арнайы екі кісілік орын беріледі. Ал курсовкамен келген сырқаттар пәтер үйлерге орналастырылады.

Кисловодскіде негізінен жүрек-қан тамырлары, со-зылмалы бронхит, оның асқынған түрі — демікпе, та-мак, буын, тағы басқа ауруларды емдейді. Ең бастысы емдік әдіс — таза ауа мен нарзан сұзы. Санаторийде емделушілер үшін түрлі демалыс кештері үйымдасты-рылады. Жаңа кинофильмдер көрсетіледі, осында ты-нығушылар қызықты концерттерді тамашалайды. Клуб менгерушісі Т. А. Морозовтың жетекшілімен би, ойын-сауық кештері де жүйелі өткізіліп тұрады. Қаладағы та-рихи орындарға, көршилес Ессентуки, Пятигорскі, Же-лезноводскі, Теберда Домбай қалаларына, Эльбрус шы-нына экскурсияларға шығады.

“Біз, депті Белгород қаласынан келген ерлі-зайыпты Криковцовтар, санаторийде болған жиырма төрт күн ішінде ақ халатты абзал жандардың шипалы емін алғып, дертімізден мұлдем айыққандай болдық. Сырқаттарға деген қалтқысыз қызметі, жылы қас-қабағы мен адам-гершілік мол қасиеті үшін емдеуші дәрігер Ирина Ни-колаевна Андриянова мен медсестралар Верға Гаври-ловна Головко және Елена Малакеевна Остапенколар-ға шын жүректен алғыс айтамыз».

Иә, көніліндегі шынайы сезімдерін білдіріп, ақ қағаз бетіне алғыс сөздерін түсірген жандардың қатарында ле-нинградтық Галина Шуткевич, Черкесскі қаласынан Керемби Аисов, алматылық Айтқыл Жанұзақов, но-рискілік Виктор Пишнюк, Көкшетау облысындағы Пет-ровка селосынан Михаил Пашковский, тағы басқа он-

даған, тіпті жүздеген адамдар бар. Олардың бәрі де курортты қала — Кисловодскіде болған күндерін қимастықпен еске алып, орыстың белгілі ақынының:

Больные ехали сюда,
Где била с гор Батыр вода.
Приехал к ней старый и больной —
Ушел здоровый, молодой, деген өлең шумактарын
іштей қайталағандай болады.

II. КИСЛОВОДСК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА (Журналистің жол жазбасынан)

Солтүстік Кавказ таулары баурайында қоныс тепкен Кисловодск қаласының тарихы әріден басталады.

Біз Г. К. Праве атындағы тарихи-өлкетану музейінде болғанымызда, музей қызыметкері Елизавета Магометовна Жанаева каланың ірге тасы алғаш 1803 жылы каланғандығын, содан бері ол талай шапқыншылықты бастан өткізгендігін, әсіресе қаһарлы Ұлы Отан соғысы жылдарында Солтүстік Кавказ қалаларының, соның ішінде Кисловодскінің де бес ай бойы неміс-фашистерінің оккупациялауында қалғандығын, туыскан ұлт-өкілдерінің туған жерді азат ету жолында қолдарына кару алып, дүшпанға қарсы бірлесе құрекендігін тебірене айтып берді.

Соғыс басталған алғашқы үш күннің өзінде Кисло-

водскі қалалық әскери комиссариатына майданға жөнелтуді сұраған 700-ден астам өтініш түскен. Ал Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап Кавказ Минералды суларының курортты сауықтыру орындарының бәрі ірі госпитальдік базаларға айналды. Олар маман медицина кадрларымен толықтырылды.

Кисловодскілік бұрынғы майдангерлер соғыс жылдарында барлық майдандарда да неміс-фашистеріне қарсы аяусыз шайқасты. Олар Сталинград түбіндегі ұрыстарға да қатысты, Ленинградты қорғады, Москва бекінісінде болып, Кавказ асуларында жаудың жолын бөгеді. Мысалға қалалық партия комитетінің бұрынғы секретары А. И. Лобов, жұмысшы М. Н. Антонец соғыс басталысымен-ақ өздері тіленіп майданға аттанды. Михаил Николаевич қанды ұрыс жолдарымен жүріп өтіп, фашистердің ұясы-Берлинге дейін жетті. Оның үлкен ұлы Иван Белградты, Венаны азат етуге қатысты. Ал екінші ұлы Владимир Одер өзенінен өтердегі қырғын шайқаста ерлікпен қаза тапты.

Курортты қала — Кисловодск тұрғындары жерлестері, Кенес Одағының Батырлары В. П. Бондаренко, И. С. Пухов, Г. А. Арустамов, Г. А. Романенко, А. А. Моршинина сияқты көптеген аяулы ұл-қыздарын да орынды мақтан етеді. Айталақ, А. А. Моршинина Қара Теніз флотында байланысшы қызметін атқарып, қаһарман қалалар — Новороссийск, Севастопольді неміс-фашист басқыншыларынан азат ету ұрыстарына

қатысса, ал Г. А. Арутамов өз танкісімен жаудың алдемеше атыс нұктелерін, қаншама жаяу әскерлерін жойып жіберді.

— Соғыстың салған жарасын, елге алапат болып тиғен оның улы тырнағын, қанды шенгелін совет адамдары ешқашан да, ешуақытта үмітпак емес, үмітпайды да, — деді Ұлы Женістің 35 жылдығы құрметіне Кисловодск қаласының орталық аланында өткен митингіде сөйлеген сөзінде Отан соғысының ардагері, Берлиндегі әскери комендатураларға басшылық жасау жөніндегі басқарманың бұрынғы бастығы, полковник С. М. Шестаков өткенді тебірене еске алып. — Тек фашистік оккупация кезінде ғана дүшпан солдаттары біздің Кисловодск қаласында З мыңнан астам совет азаматтарын атып, азаптап өлтірді. Ал майдан даласынан б мыңға жуық кисловодскіліктер туған елге қайтып оралмады.

Біз қазақстандықтар, соның ішінде көкшелік бір топ азаматтар Кисловодскіде болғанымызда, осындағы тарихи-әлкетану музейінің алдында Ұлы Отан соғысы жылдарында жауға қарсы кескілескен ұрыстарда мерт болып, туған елге қайтып оралмаған жерлес жауынгерлерге арнап орнатылған күміс тұғырдағы Ескерткішансамбльді де өз көзімізбен көрдік. Онда майданға аттанған аяулы ұл-қыздарының елге аман оралуын тілеп, екі алақанын аспанға жайып отырған Ана мен биікте үшып бара жатқан үш тырнаның алып бейнесі дәү күміс

тұғырға қашап орнатылған. Осы арада болған әрбір адамға мұның өзі Дағыстанның ұлы ақыны Расул Гамзатовтың атақты:

Жігіттер қан майданнан оралмаған,

Оралып аман-есен қол алмаған.

Жерленбей елестейді кей-кейде бір

Кеткендей тырна болып солар маған.

Сонау бір алыс қалған кезден олар,

Жүргендей үн қатысып бізбен олар.

Сондықтан емес пе еken әдетіміз

Аспанға үміт толы көзбен қарап? — атты “Тырналар” әнін есіне салады. Қаланың оңтүстік-батыс жағындағы “Отан солдаттары” ескерткіш-обелискі де кисловодскіліктердің соғыс жылдарында еліміздің тәуелсіздігі мен бостандығы жолында қас ерлікпен қаза тапқан батыр ұлдары мен қыздарының рухына арналған зор құрметінің айғағы болса керек.

Көкшетау — Кисловодск — Көкшетау.

1980 ж.

ТУЫСҚАН ЕЛ ӘСЕРЛЕРИ

Күміс қанатты әуе лайнері Көкшетау аэропортынан ұшып шығып, оңтүстік-батысқа қарай бет алды. Бағыттымыз — бұрынғы Түркістан өлкесінің әкімшілік орталығы, қазіргі Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент қаласы.

Орын — орнымызға жайланып отырған мезгілде стюардесса қыздың: “Құрметті жолаушылар! Біздің “Көкшетау-Жезқазған-Ташкент” маршруты бойынша үшу сапарымыз басталды. Самолет қашан межелі биікке көтерілгенінше, белдіктерінізді буынып, тиыш отыруларыңызды сұраймыз. Салон ішінде әрлі-берлі жүргуге және темекі шегуге болмайды” деген дауысы естілді.

Әрі-беріден соң манағыдай емес, әркім күбір-сыбыр әңгімеге көшті. Біреулер қолдарындағы газет-журналды оқып отырса, енді біреулері құлдіргі әлденені айтып мәз болуда. Анда-санда терезе әйнегінен біз де сыртқа қарап қоямыз. Жолақ-жолақ орман тоғайлар мен өркеш-өркеш таулар алыстан көзге шалынып, қара-құра үйлердің қарасыны буалдыр тартып артта қалып барады. Кей-кейде бұлт арасына да еніп кетеміз. Ондайда көз алдың өз-өзінен тұманданып, дәненең көрінбейді.

Әлгіндей болмай-ақ Жезқазған аэропортынан аспанға көтерілген самолетіміз тіке Ташкентке тартты.

Арада біржарым сағаттай уақыт шамасы өткенде стюардессамыз: “Жолаушы азаматтар! Біздің самолетіміз Өзбекстан астанасы — Ташкент қаласының аэропортына жақындал келеді. Мұндағы ауа райы плюс 15-18 градус жылы. Корабль экипажы кабиналарынан шыққанша, орындарыңызда тыныш отыруларыңызды сұраймыз” деген таныс дауысы тағы құлағымызға шалынды.

Саяси картадан жобалап білгеніміз болмаса, Ташкент қаласын бұрын — сонды көрмегендіктен әйнек-

тен төменге қайта-қайта құмарлана көз тастаймыз. Ондайда аумағы үлкен алапты алып жатқан Өзбекстан астанасы дәл алдыңа кереметтей дәу панноны елестеткендей әсер етеді.

Қазақстаннан, соның ішінде Көкшетау облысынан республикааралық аймақтық семинарға арнайы барған делегация құрамында орыстың ұлы жазушысы М. Горькийге орнатылған ескерткіштің дәл түбіне орналасқан Ташкенттің жоғары партия мектебінің жатақханасына жайғасқаннан кейін біз ертеңінде әдейілеп бөлінген автобуспен қаланың қөрікті жерлерін аралауга шықтық.

Алдымен тоқтаған жеріміз — Орталық В. И. Ленин музейінің Ташкенттегі филиалы болды. Ою — өрнекпен бедерлеп салынған ақшаңқан зәулім музей үйінің өзіндік тарихы да бар. Осынау әсем гимараттың пайдалануға берілгеніне биыл тұра 17 жыл толған екен.

Музейге келушілердің бір тобын жылы жүзбен қарсы алған лектор-экскурсовод өзін Саїда Зияевна Мушковамын деп таныстырганнан кейін, әңгімесін бастап кетті.

Музейдегі 250 орындық кинолекторий залында түрлі мәдени-көпшілік шарапары ұйымдастырылып тұратын көрінеді.

Келесі бір кезекте біз В. И. Ленин проспектісіндегі көсем ескерткішіне, сондай-ақ тап жауларына қарсы қүресте қаза тапқан түркстандық 14 комиссардың құрметіне орнатылған ескерткішке барып, гүл шоқтарын қойдық.

Шындығын айтсақ, туысқан республика астанасының қай микроауданында (барлығы он микроаудан бар), қай бұрышында болсақ та, жаңа үлгімен салынған өсем гимараттарды, бойы аспанмен таласқан зәулім ансамбльдерді көріп, ауызбен жеткізе алмастай өсерге бөленіп, қатты сүйсіндік. Өсіреке, өзіне тән құрылыш архитектурасы бар Әлішер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік академиялық Үлкен опера және балет театрының, Хамза атындағы Өзбек мемлекеттік академиялық театрының, Өнер сарайының, “Өзбекстан”, “Москва” мейманханаларының, мемориалды “Самарқанд” шайханасының, жаңа аэропорттың, халық шарапушылығы жетістіктері көрмесінің, Өзбекстан Суретшілер одағының, тағы басқа көптеген тұрғын үйлерінің сырт көрінісі, өсемдігі мен сұлулығы, шебер қолды құрылышылардың тамаша енбегі еріксіз бас шайқатып, тандай қақтырады.

Иә, бір сәтке өткенге көз жіберсек, сонау 1966 жылдың 26 сәуірі де ташкенттіктердің әлі есінде. Сонда екі миллионга жуық тұрғылықты халқы бар Өзбекстан астанасының шырт үйқыда жатқан тұрғындары таңертенгі сағат 5-тен 23 минут кеткен уақытта күшті жер дүмпуінен шошып оянды. Артынан сейсмологтардың хабарлағанындей, дәл сол күні Ташкентте күші 7,5 балдық жер сілкінісі тіркелкендігі мәлімделді. Адам шығыны аз болғанымен, көптеген тұрғын үйлер, мектептер мен ауруханалар, қоғамдық мекемелер қирады. Әйтсе де ел

басына түскен ауыртпалықты туысқан ұлт өкілдері бірдей көтерді.

Кезекті сапарымыз, яғни жол саяхатымыз тағы да басталды. Бұл жолы біз мінген “Икарустер” Ташкенттен төрт жұз шақырымдай әріректегі Өзбекстанның ертедегі орталығы — Самарқанд шаһарына қарай бет түзеді.

Жолшыбай Жизақ және Гүлстан облыстарының территорияларынан өткен біз ертеңгілік Пахтақор қаласының сыртындағы бауырластар бейітінің қасына келіп тоқтадық. Мұнда Қазақстаннан, Орта Азия республикаларынан, Азербайжаннан, Солтүстік Кавказ бен Поволжьеден барған делегация өкілдерін қала тұрғындары жылы шыраймен қарсы алды. Сол бойда “Еске алу” күні құрметіне өткізілген митингіге қатысып, Отан соғысының отты жылдарында қаза тапқан туысқан ұлт өкілдерінің және Ауғанстанда интернационалдық борышын өтеп жүрген кезінде мерт болған жауынгерлердің бейітінің басында бір минут үнсіз тұрып, басымызды идік.

Сапарымыз әрі қарай жалғаса тұсті. Сәске тұс шамасында көне қала — Самарқандқа келіп жеттік. Әуелгі бетте шетелдік туристер үшін салынған “Самарқанд” мейманханасының астынғы бірінші қабагындағы ресторанда ауқаттануға сәл аялдаған біз әрі — беріден сон қала музейлерін аралауға шықтық.

Сонау XIV ғасырдың аяғында атақты Темір ханының ордалы мекеніне айналған көне қалада ескі медіреселер

мен мешіттердің біразы сақталыпты. Олардың бәрі жаңа дәуір орнаған кейінгі жылдары музей үйлеріне айналыпты. Солардың бірі шағын ауылдың көлеміндегі жерді алыш жатқан — Шахизинда ансамблі. Көздің жауын аларлықтай әсем құлпытастармен, нешік түрлі мозаикамен безендірілген бұл ғимараттың сырт бейнесі, ішкі көріністері шындығында ғажап-ак.

Мұндай көрікті ғимараттардың тағы бірі XV ғасырдың бас кезеңінде салынған Гур — Эмир мавзолейі. Тап осында атышулы Ақсақ Темір де, Шығыстың ұлы ғалымы Ұлықбек те жерленген.

Ал енді орталық көшелердің біріндегі Регистан алаңына бет алғанынызда тіпті мұлдем басқаша құйге енесіз. Тап осы арада жүздеген жылдарғы бұрынғы шығыс базарының гүілі сатарман — саудагерлердің айғай-шуы, жаушылар мен шабармандардың ат түягының дүбірі, бәрбәрі құлағына қайта жаңғырып естілгендей болады.

Экскурсовод жігіттің айтуына қарағанда, Регистан ансамблінің архитектуралық құрылышы ғасырлар бойы созылған. 1417-1420 жылдары осы алаңның батыс жағында Ұлықбек медіресі бой көтерген. Ол бертінге дейін мұсылмандардың жоғары оку орны саналып келген. Мұнда келушілер тек құдайға құлшылық етуді ғана емес, астрономия мен математикағылымдарын да оқып үйренген. Сол уақытта Ұлықбектің өзі және басқа да ірі ғалымдар адамдарға ғылымнан дәріс берген.

Кейіннен екі жұлдыз шамасы өткенде тап осы жерге

Ширдор, ал XVII ғасырда Тиля — Кари медреселері салынған. Самарқандтың тап іргесіндегі Ұлықбектің обсерваториясы да сол замандағы әйгілі гимараттардың бірі саналған. Бірақ кейіннен оны фанатиктер тас-талқанын шығарып, ойрандап, обсерваторияны салушылар да, ұлы ғалым астроном Ұлықбек те дүшпандарының колынан қаза тапқан. Эйтсе де Ұлықбектің “жұлдызды таблицалары”, оның ғылымға қосқан мол үлесі өз күнын әлі жойған жок.

Міне, туысқан Өзбекстан республикасына барып қайтқан сапарымызда алған қысқаша әсерлеріміз осындей. “Өзбек елі — өз елім” деп ақын тілімен айтқандай, өзбек халқының туысқандық достығы, адамгершілігі мен мейірімділігі, ондағы тарихи орындар мен архитектуралық ансамбльдердің сырт бейнесі әлі күнге көз алдымыздан кетер емес

**Көкшетау — Ташкент,
Самарқанд — Көкшетау
1989 жыл.**

ЕР МЕН ЖЕР

Қолыма қалам алып, үлкен тебіреніс үстінде толғанып отырмын. Қиял қанатына ерік беріп, өткен-кеткенге, алдағы келер күнге, болашақ нұрлы өмірге бажайлай қарап, қалың ойға шомар болсак, әр қылыш оқиға-

лар, бастаң кешкен түрлі жағдайлар біртіндеп еске түседі. Кермарадай керілген сайын далада, ұшы-қырында шек жоқ жалпақ жол егін алқабында асауға бұғалық салған ерлердей “алып кемелерді” ерттеп мініп, астық молшылығы жолындағы дүбірлі айқастың бел ортасында жүрген апайтес азаматтардың, түз қырандарының, тың ерлерінің, дала батыры — диканның сом тұлғасы, айшықты бет-бейнесі көз алдына елестейді.

Дикан жайлы толғансам, азуы алты қарыс бай маңаптың есігінде жалшылықта жүріп, шолак сапты кетпенмен күн ұзакқа арша еті борша болып, жер қазып, бидай сепкен, арпа еккен кедей шаруаның қүйкі тірлігі көз алдыңа келеді. Жоқшылық жылдары, жорықшылық жылдары, жаугершілік заманда, қын-қыстау таршылық кезеңде өзіне де, өзгеге де ортақ жер кепенің ішінде, қазан-ошақ басында отырып, қатқан қара нанды, бетке шығар майы жоқ сорпа суын бөліп ішкен өңкей жетім, жесірлердің аянышты халі кім-кімді де еріксіз күрсіндірерліктей, мұсіркерліктей еді.

Иә, астық — біздің басты байлығымыз. “Нан болса, ән де болады” демекші, Нан — байлықтың бастауы, молшылық, ырыс көзі. Нан болса тұрмысымыз да мәнді, өміріміз де сәнді. Астық бар жerde тоқшылық та, молшылық та болады, астық бар елде қала да орнайды, сәулетті поселкелер мен селолар сап түзеп, бау-бақша да жайнап, құлпыраған үстіне құлпыра түседі.

Көрікті Көкше өнірі де бүгінде дүбірлі еңбекке толы.

Тамыз айының орта тұсында басталған орақ жұмыстары күннен-күнге құлашын көнге жаюда. Облыс бойынша биылғы жылы 2,5 миллион гектардан астам алқаптың егіні орылып бастырылуда. Осы сәтте:

Қараши құрбым-ау, қараши,
Танырқап тұрсың ба шамасы?!

Нан күйін шертеді ертемен

Көкшениң жалпақ жон даласы, — деген жыр жолдары көмейден асып-тасып төгіліп, тілге үйірілгендей болады, шербет сұына қандыргандай, шабытына шабыт қосып, кереметтей шамырқандырады.

Күні кешегі сияқты тың игеру жылдарындағы мына бір оқиғаны мысалға алайықшы.

Қыс кезі еді. Қаңтардың үскірік аязы мен көзді ашып, жұмғысыз долы бораны бет қаратпай тұрған. Сонда атақты Кантемир дивизиясының бұрынғы жауынгері, тракторшы Василий Бурыгин бастаған бір топ жас жігіттер өздері қоныстанған Красноармеец ауданындағы осы аттас совхоз орталығына Қиялыштанғы станциясынан аса қажетті тракторларды әкелуге аттанды. Бірақ бет қаратпайтын актүтек боранда қайтып келе жатқанда трактордың май жүретін тұтікшелері қатып, одан май ақпай қалды. Не істеу керек?

Түйікқа тірелген жігіттер көп ойланып жатпады. Олардың бәрі бірінен соң бірі кезек-кезек үстеріндегі сырт киімдерін жағып, жылыта бастады. Ақыры тракторға от алғызып, долы боранда үсіп қалмай барлығы

елге аман-есен жетті. Шаруашылыққа қажетті техника мұнда дер кезінде жеткізіліп, келер жылғы күзде кантемирлік диқандар бітік егін өсірді.

Міне, қыын-қыстау сәтте, басқа ауыртпалық түскен шакта, біріне-бірі көмек жасап, ақыл беріп, қол ұшын созудың арқасында тұнғыш тың игерушілердің достығы бұрынғыдан нығайып, олардың бауырмашылдық туысқандығы тіпті жақындаса тұсті. Қазір “Кантемировец” совхозында егін егіп, дән өсіруді үйреншікті іске айналдырған диқандар өuletі көптеп саналады.

Диқан!.. Егінші еңбеккер!.. Егіз ұғымдас атаулар бұл. Әсіресе, күзгі маусым жетіп, астық үшін құрес қызған тап қазіргідей шакта диқан есімі, егінжай ерлерінің ерлік істері, қол жеткен толайым табыстары, ауызға жиі алынаады. Олардың тәлім аларлық қасиеттері көпке таратылып, әріптестеріне үлгі етіледі. Құс үйқылы диқан қауымның образы ақындардың жыр-толғауларына арқау болып, қарымы мол қаламгерлердің тың төсінен жазар жаңа шығармаларындағы кейіпкерлерінің прототипіне айналады. Ер диқанның бейнесі, оның дара тұлғасы, адамгершілік парасаты қашанда ел жүрегінде сақтаулы, халық аузында жаттаулы.

Кеудесінде Алтын Жұлдыз таққан енбек ерлерін бір сәтке көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Көкше өнірінде мұндағы құрметке ие болып, жерлестерінің мақтан тұтар аяулы азаматтары атанған өндіріс озаттары, енбек санлақтары аз емес.

Ел мен Жер. Астық және Адамдар, “Адамдар жерде астық өсірсе, жер адамдардың өзін өсірді”. Неткен келісті сөз, неткен парасатты пікір. Көкше жері — әу баста-ақ құт пен береке дарыған өлке. Көкше жері мың-ғырган малымен, тау-тау астығымен аты шыққан, одак көлемінде белгілікті өнір. Менің елім ерлерімен, ерім Бурабайдай әсем қойнауы бар, сексен көлді кербез Көкшесімен даңқты. Ал елдің де, ердің де даңқын асырып, шоктығын биіктететін — қарапайым еңбек адамдарының, бүкіл диқан қауымының, тың ерлерінің еселі еңбегі.

Әр жылда мол астықпен қуантып жүрген Көкше егіншілері биыл да ерлегелі түр. Жазда жаңбырдың алақұла жауғандығына, кездескен небір қыындықтарға қарамастан облыс еңбеккерлері үстіміздегі жылы мол астық жинағалы отыр. Күні ертең-ақ осынау белес биігінен көрініп, берген серттің орындалып, диқан еңбегі жаңып, мандай жұлдызы жарқыраған шақта:

Қуантып мол астық, ризықпен,

Халқымды жасартқан, кенелткен.

Отанның мерейін өсірген

Көкшенің ұл-қызы ер неткен! — деп шаттана жарсалып, қуана қол соғарымыз анық.

1989 жыл.

СОЛ БІР КҮН

ҚАЙЫРБЕККЕ

Сол күні аспан бұлыңғырланып тұрды. Қарашаның сұығы жылдағыдай ерте түскенімен, қар алі нығыз жауа қойған жоқ-ты. Әйткенмен былайғы қараған адамға аяуарайында бір құбылыстың болатындығы бірден-ақ сезілгендей. Теріскейден соққан сұық жел өңменіңнен өте шығып, әп-сәтте қол-аяғынды бүрістіріп әкетеді.

Манағы кезде көрші селодагы нағашысынікіне шөп әкеткен Нұрым әлі жоқ. Ол совхозда шофер болып істейтін. Жұмысында мақтаулы жігіт. Ала жаздай пішеншілермен бірге мал қыстақтарының қасына шөп тасыды. Содан енді өзіне деп берілген тиесілі бір машина шөпті туысына әкеткен түрі мынау. “Ер жеткені, қолдан келген көмегі фой құлымның. Қарайлассын, басқа сүйенер кімдері бар дейсің олардың да” деп Нұрымның шөп апарамын дегеніне қарсы болмаған. Қысқа жетерлік шөп бар гой бізде, апарсан апар дескен бұлар.

Кеш түсіп, қас қарайды. Әрі-беріден соң күн көзі ауылдың батыс жағындағы қарауылдай қақшиған биік төбешіктің басынан әрі асып, көрінбей кетті. Ай туды. Далада ызғырық жел бұрынғыдан бетер екілене соғып тұр.

Қора сыртындағы бес-алты түқәк малдың шөбін беріп, суарып болғаннан кейін үйге кірген Кәкен қарт темір

плитанын үстінде жылып тұрган ақ шәугімді алышп, бетін бір шайды да, етінен әбден арылып біткен шидей тарамыс қолдарын салалап жуа бастады. Соңан соң жайлап пеш жанына барып, құс жастықты шынтағына баса ақырын қисайды. Тіпті кешегі сойған қара қойдың бассирағын үйтіп отырған бәйбішесімен тіл қатысуға да шамасы келмеді. Қалжырап қалыпты әбден. Бойы жылыған соң көзі ілігіп кетті.

— Эй шал, тұрсаңшы, ана бала келер болмады. Кешіккен түріне қарағанда, тегі, соңда қонып қалған гой. Енді несіне қарайлаймыз, шәйді өзіміз іше берелік, — деген кемпірінің даусынан оянды. Соңсоң екеуі үн-түнсіз шәйларын ішті.

Жатар мезгілде мал қора жакты айналып бір қарап шығу қарттың қашанғыдан бергі бойына сіңген әдеті еді. Сол дағдысымен сыртқа беттеген Кәкен ақсақал қарандыға көзі үйренгенше есік алдында аз-мұз тұрды да, әлденеге таң-тамаша болған адамша жан-жағына дег-бірсіздене, елегзи қарап, тың-тыңдады. Көшеде жүрген бейсаут ешкім көзіне түсе қоймады. Тек ызырық желдің екпінінен бе, электр бағаналарының сымы дыңдың етеді.

Кенет қора жактан бір сыйыр естілді. Шал жалт бұрылып солай қарады. Тәйір алғыр қара ит екен. Нұрым былтыр жазда нағашысінікіне барып, күшік күнінде әдейі қолқалап, алышп келген еді. Енді міне, дурдиіп тайыншадай ит болыпты өзі.

Өз иесін ит екеш ит те айтпай-ақ танып, құйрығын бұлғандатып тұр. Кенет ол қыңсылап қора қасында үюлі жатқан сабанның үстіне шоқып отыра қалды да, ұли бастады.

— Тәйт әрі, өзіңе көрінгір. Жоғал, әрман!..

Шалдың дауысы қатты шығып кетті. Далада едәуір уақыт тұрып, денесі тоңазыған соң ба, әлде жоқ жерде мына иттің адамның сай-сүйегін сырқыратып ұлығанынан ба, немене, әйтеуір көзді ашып-жұмғанша бүкіл өн бойы дірілдеп-қалышылдан бір түрлі болып кетті.

— Жел сұрапыл екен, — деді ол төрдегі мамық тесекке қисая беріп. Әлгі баланың қайда ұшып, зымзия жоғалғанын, бірденеге ұрынбаса игі еді..

— Қойши сен де, қайдағы жоқты айтпай. Бір бүгін ғана ма, талай тұн қатып жүріп, келді емес пе. Мейрам жақын, машинасын гаражға қойып, отырған шығар до старымен бір жерде... Кемпірі осылай деді. Әйтсе де өзі де тынши алмай:

— Осы жүрегім тұскірдің өрекпіп тұрганы, жел қармады ма немене, — деп бір қойды. Бірак оның бұл сөзін шалы естіген жоқ. Басы жастыққа тиісімен қайрақ етіп, үйиқтап кетті.

— Әй шал, — деді ертеңінде кемпірі таң алакеуімнен тұрып жатып, “тұс-тұлқінің тезегі” деуші еді ғой бұрынғылар, әйткенмен тұнде әлденеден сескеніп қорыққаным. Тұсімде, немене, әлгі мына біз жатқан үйдің бір жақ төбесі опырылып құлап кеткен екен деймін. Апыш-

рай жамандықтан бетін аулақ қылғай, бірақ өлгі бала аман болса жарап еді өзі...

— Мен де елегізіп, жөнді үйиқтай алмадым, — деді шалы кемпірінің сөзін қостап. Көз алдыма ертеде қайтыс болған атай мен шешейдің кейіпі елестеп, мазасызданғаным осы...

... Сәске тұске таман бұлар жаманат хабарды да естіді. Нұрым машинасымен жолдағы үлкен ағаш көпірден өтемін деп аударылып, өзенге құлап, опат болыпты. Көпірдің сан жыл бойғы шіріп тұрган тақтайлары тап сол жолы ауыр жүкті көтермепті.

Сол күні іңірде жапалақтап қалың қар жауды... Сол күні аспан бетін қарақошқыл бұлт көленкелеп, тұнерін тұрды. Сол күні ауылдың бар иті тұнімен сай-сүйегінді сырқыратып ұлып шықты...

1970 жыл.

ЭКЕММЕН СЫРЛАСУ (қаз қалпында)

Жан әкем менің!

Мейірімі жанға шуактай, ақ дидарлы жүзіннің ерте солып, қара жер астына тұсіп, топырағында бүк тұсіп жатқаныңа да жеті жылдан асып, сегізінші жылға аяқ басқан екен-ау.

Беу шіркін, өмір-ай десейші.

Күні кешегі қара домалак қара балаңның, тентек ұлыңның тәй-тәй басып, ержеткенін көргенің де есімде. Балалық бал дәурен, сәби шақ, енді қайтып оралып келер ме?!

Әлі күнгідей жадымнан кетер емес. Тұған анамды қара жер қойнына беріп, шиеттей төрт-бес сәбимен күніреніп шаңырағында қалғанда бәріміздің отымызға қүйіп, сұығымызға тонғанда, бәйтеректей иілмей тағдыр талқысына қасқая қарап, өңшең бейбактарды қана-тыңның астына алып, тұмсықтыға шоқытпай, тұяқтыға таптатпай, тентіртпей аялы алақаныңмен мәпелеп өсіргенінді, жетімдіктің, жетіспеушіліктің тауқыметін татқызбай ержеткізгенінді ұмытармыз ба біз өмірде.

Тұған ауылға айына, жылына сағына барғанда сенің өр тұлғалы, нар пішінді, сом бейненді көргендей көкіре-гіме кереметтей күй бітіп, қуатыма-қуат қосқандай өзіме-өзім жігер қосып қайтамын. Соның бәрі, жан әкем менің, сенің отыңның өшіп, шаңырағыңның шайқалмағанын, түтеткен түтінінің бұзылмағанын, кейінгі үрпактарыңның: немерелерің мен шөберелеріңнің әке ізіне, ата дәстүріне кір шалдырмай өмірімізде өзіндік салт-салтанатымен, жаразтықты ғұмыр түсіріп жатқаның күәсіндей, айғағындаі.

Өз қолымыз өз аузымызға жетіп, білім іздел, еңбек қуып, өскен елден, тұған ауылымыздан жырактап, шеттеп жүргенімізде де, іштен шыққан төл енеміздей емірене еске алып, араға құндер салып, айлап, жылдан

ауылымызға қайтып оралғанда ақ шашынды, ақ басыңды иіп “құлымы” деп айқара құшағынды ашып, мейірлене іскегенің әлі күнге есімізден кетер ме?!

Жан әкем менің!

Сәби жүрекпен, ақ ниетпен, пәк тілекпен күн ұзакқа май топырағында доп қуалап, ағаш аяқ, асық аткан, туған ауылымды, құміс айдынында, қоғалы көлінде ақ шабақтай жортып, сыңсыған қалың қамысында сұнгіген үйректей емін-еркін жүзген Қарақоға көлі мен Сутеректі, еш алансыз асыр салып, тығылмақ ойнап, жасырынбақ ойнаған, Тікенек пен Ашакескенді, бәрінен де ең қымбатты, осы өмірдегі бәйтерегім — сүйенішім өзіне арнап, суыртпактап сәби көнілмен жазған мына өлең шумақтарым да әлі күнге көкірегімде жаттаулы:

Жастықтың күйін арнап саған деген,
Өмірдің асуына өрлеп келем.

Жырақта

жүрген шақта сағынамын
Өзінді анашымдай елжіреген.
Сен жеткен өмір белі — үмтүларым,
Кәрілік ынқыл-сыңқыл құшы бәрін.
Жан әке көкірегінді оятарлық
Тыңдашы кенже ұлыңың тәтті әнін.
Есімде жанашырлық әрбір сөзің,
Сарапап әр ойынды тұрган кезің.
Сақал-мұрт ақ қыраудай қалтыраган
Жан әке, қарттық женіп бара ма өзі!

Әкетайым менің!

Оқыстап болған сырқат өзінді бү дүниеде тұрактатпай бірге өскен құрбы-құрдастан, шай-суанын бөле ішіп, үзім нанын бөле жеген көрші-қолаңнан, өзегінді жарып шыққан баланнан, замандастарынан айырып, қара жер қойнына алғанда, есімізді біліп, ел азаматтарының санатына қосылған біздер ботадай боздап, еңіреп артында қалғанда, сүйеуші болған да, тіреуші болған да, ақылға ақыл қосып, көңілге демеу болған да жақын туған жамағайын жұрт еді, елдің аяулы, асқар таудай аяқөздері еді.

Жан әкем менің!

Сенің ақ көнілділігінді, сенің ан жарқындылығынды, үрім-бұтағынмен қоса досың түгілі, ақ адап дәмінді та-тып отырып, дастарханынды таспадай тілер қасына да титтей астамшылық жасамағанынды, дау-дамай көтеріп, қарсы сөз айтпағанынды өзінді көріп, өзінмен бірге ойнап, құліп, әлденеге айтысып-тартысып жүрген кейінгі көнекөз аксақалдар мен әйелдер көзіне жас алып, кем-сендей жүріп, тілге тиек етер еді, артында қалар ұрпаққа ұлағат етер еді, үлгі етер еді.

Отан үшін отқа түсіп, су кешіп, тар окопта жау оғына қасқая қарап, достарынмен бір үрттам суды бөле ішіп, наңды бөле жеген ағайынды Сейфолла мен Хаймолла үшеуің қас дүшпанның құрсауынан елге аман оралғанда, күйінген де, сүйінген де болған шығар, жан әкем менің! Бірақ тағдыр ісіне қарсы шығар кім бар десейші.

Қолына қару алып, туған елдің әр сүйем жерін зұлмат жаудан қоргаймын деп қан майданда жастайынан шәйт болған ер азаматтардың ерлігі ұмытылар ма!? Әйтсе де әлемге тыныштық орнап, бейбіт заманда ғұмыр жасап жатсақ та, біздер, сендердің кейінгі үрпақтарын, немерелерініз бен шөберелерініз әкелердің, кешегі аталарыныздың көзжұмбай, еш тендессіз ерлігі алдында әрқашанда басымызды иіп, тағзым етеміз. “Топырақтарың торқа болсын” деп, іштей құбірлеп, сіздердің іздерінізге, сіздердің келешек жарқын өмір жолындағы тер ғеккен шексіз істерінізге кір шалдырмаймыз деп уәде береміз.

Жан әкем менің!

Туған ауылға барған сайын бурыл сақалды, самайын ақ шалған қариялар мен қазактың әдет-ғұрпын бұзбай кимешек киген, бойы еңкіш тартып, жүзін әжім басқан әжейлерді көріп, сендерді, тоғыз ай бойы тар құрсағында көтеріп, толғатқан жан анамды, сәби күнімнен аяғымды қаз бастырып, адам санатына қосқан өзінді, бауырларым Сабит пен Жібекті, тай құлышадай тебісіп тетелес өскен қарындастым Төленді, бәр-бәрінді қуана құшағыма алғандай сезінемін. Соның бәрі сендерге деген ыстық сезімім, сендерге деген өмір бойғы өшпес махаббатым.

Әкетайым менің!

Кешегі күнгі ұлыңның өзі де әке атанып, немерелерінді алдына алып, бірін иығына, бірін тәй-тәй басқы-

зып, бірін былдырлатып — ойнап-күліп отырган кезін көрер ме едің бір сәтке. Тұлымшақтары желкілдеген сол құлыншақтарымның мандайынан сипап, бір иіскей алмай кеткендігінді есіме алғанда өзегім өрттеніп, кеудемді әлденендей қапалық басады. Әйтсе де сендер көрмеген қызықты, сендер жасамаған гұмырды немерелерінің жалғастыратынын, нақ ізбасарларының солар болатындығын сезгенде жүрегімде қуаныш ұлайды.

Жан әкем менің!

Кей-кейде онаша отырып, мың тарау ойға беріліп, киялым шарқ ұрып, шарықтап кеткенде сендерді, әкетайым сенің өзінді, өзі түгіл жансыз бейнесін де көре алмаған ғазиз анамды, туған бауырларымды, ағайын туысты, бірге өсken жора-жолдастарымды, кіндік кесіп, кірімді жуған — ак ордалы ауылымды еске аламын. Әлемге тыныштық болса еken деп тілеймін. Сәбилердің пәк күлкісі мен тұн үйқысы бұзылмаса еken деймін. Аналардың аяулы жүзі ерте суалып, шашын ак шалмасын деймін.

... Аспанымыз ашық болсын әрқашан,

Арайланып ата берсін ак тандар! — деп тілеймін, жан әкем менің...

1975 жыл.

Сергей Иванович Колыбин 1942 жылы даңқты үшқыш Николай Гастеллоның өшпес ерлігін қайталаған адам. Бірақ кездескөн жағдаймен тірі қалған.

— Ата, саган Марина келді, — деп Наташа дәлізден қуана айқай салды. Сөйтті де өзі бойшаш келген, қара көз қыздың иығына асыла кетті.

Сергей Иванович жазу столынан тұрды да, сенекке шығып, конакпен жылы жүзбен амандасты.

— Пальтоңды шешіп, отыра тұр. Тым болмаса нан ауыз ти, — деп бәрі жалынғанымен көнер Марина болмады. Қызарактап, асығыс едім деп орнында тұра берді.

Іә, кішкене қызы Наташа, яғни немересі үшін Сергей Иванович Колыбин ғана ата еді. Ал 324-ші мектептің онынши класс оқушысы Марина Гришанович үшін Наташканың атасы — батыр, Ленин орденінің кавалері, былайша есімі анызға айналған кереметтей адам болатын. Оның үстіне Марина үшқыш Сергей Иванович Колыбин атындағы пионер отрядының вожатыйы еді.

— Марина, сіз Сергей Ивановичпен қалай таныстыңыз, — деп сұрадым мен одан. Өйткені, өзім де Николай Гастеллоның ерлігін қайталаған үшқышпен танысу үшін Колыбиннің пәтеріне келген болатынмын.

— О, біз ертеден таныспыз. Осыдан бес жыл бұрын,

бесінші класта оқып жүргеннен білемін. Сонда біз өз жерлестеріміздің арасынан данқты адамдарды іздестірғенбі..

— Қалайша?

— Кәдімгідей, пәтер-пәтерді аралап жүріп, әркімнен сұрастырдық. Ақырында, бізге бір азамат үшкыш Ко лыбин туралы жазылған “Труд” газетін тауып әкеліп берді..

Біз тез таныстық. Меніңше, Колыбиндердің семьясында бөгде адам сияқты тысқары қалып қоюдың өз мүмкін емес еді. Зинаида Николаевна бұл күні жұмыстан өте кеш келді. Сонда да ол Наташаны алу үшін балалар бақшасына барып шығуға үлгеріпті. Біз Сергей Ивановичпен әнгімелесіп отырғанымызда ол ас үй жакта бірдене істеп жатты.

Осы кездे Сергей Иванович маған әлдебір құжатты алып келу үшін бөлмеге шығып кетті де, Наташа екеуміз онаша қалдық.

— Сенің әжен қандай жас? — дедім мең

— Бәрі солай дейді, — деді қыз әлгі сөзіме еш танырқамастан.

— Тіпті ол кісіні әжем десем ешкім нанбайды. Ал біз онымен ойнаймыз да, күлеміз, ол бізге бәр-бәрін айтып береді.

— Неменені?

— Атаммен қалай танысқанын..

— Қалай танысыпты. Элде бұл жасырын сыр ма?..

— Жоқ, ешқандай да жасырын сыр емес бұл. Бірақ айтуға көп уақыт керек.

...Әңгімеге Сергей Иванович өзі араласты. Бұлар Гомельде танысыпты. Онда лейтенант Колыбин қала маңындағы аэродромда қызмет етеді екен. Орта мектепті жаңадағана бітірген Зинамен екеуі ойда-жокта кездесіп, ақыры қосылып, семья құрыпты.

Қырық бірінші жылдың июль айында Колыбиннің әйелі босанып, қызы тапты. Бұл соғыстың нағыз қызу жүріп жатқан кезі еді.

... Окуниово елді пунктінің маңайындағы Днепрдің үстімен өтетін көпірді бомбалау жөніндегі бұйрықты лейтенант Колыбин дивизия командирінен алды. Генерал Шевченко үшқышқа картадан өлгі объектиң көрсете отырып, бұл Оңтүстік-Батыс майданындағы командованиеңің бұйрығы екенін айтты. Колыбин болса тапсырма орындалады деп уәде берді.

Сол жолы Колыбинмен бірге үшқан жас үшқыш лейтенант Олейник кейін өздерін нысанана жетпей жатып, жау зениткаларының ата бастағанын әңгімелеп берді. “Менен қалыспа” деп Колыбин қанатын қағып белгі берді дейді ол, сонсоң зенит батареясына қарай екеуіміз бірдей қосарлана реактивті снарядтарды төгіп-төгіп жібердік. Әлгінің үні лезде өше қалды. Бірақ ұзамай қарсы жағадан басқа біреуі тағы оқты жаудыра жөнелді. Колыбиннің самолеті лаулап жаңа бастады. Әйтсе де ержүрек үшқыш еш сасқан жоқ. Ол самолетін тез түзеп

алды да көпірді аяусыз бомбалай бастады. Сонсоң жау танкілерінің колоннасына қарай аққан құстай жоғарыдан шүйіле төнді. Олейник лаулаған самолеттің жерге қалай құлағанын, жау солдаттарының қорыққаннан тымтырақай қашқанын, дүшпанның жанып жатқан жүк машиналары мен танкілерін өз көзімен көргенін бөлімге қайтып келісімен түгел баяндап жеткізді.

...Зина бұл оқиғадан хабарсыз болатын. Ол осы кезде екі баласымен бір қаладан екінші қалаға көшіп жүрді.

...Бірде Харьковте ол көшеде Сережаның достарымен кездейсоқ кездесе кетті. Олардың бәрі бірдей Сережа аман-сау жүріп жатыр, бүгін өзі кезекті тапсырманың тағы ұшып кетті десті. Сөйтіп, кішкентай Лариса мен Сашеньканы кезек-мезек қолдарына алып, Зинаның ертіп ресторанга келді. Жайланаңып отырып, бәрі тамак ішті. Өткен-кеткенді ойға түсірді. Әлден соң әлгілердің бірі кенеттен:

— Зина сен жылама, сен қайратты әйел едің гой. Естіген құлақта жазық жок, Сергей қаза тапты, — деді төтесінен.

— Сонсоң олар мені біздің туыстарымыздың қолына бар. Онда тұрмыс жақсы, — деп үгіттей бастады, — дейді Зинаида Николаевна сол бір жағдайды есін алып.

— Бірақ менің ешқайда барғым келмеді. Жолдас қызымен екеуіміз балаларымызды ертіп Горький облысындағы шағын ғана Урень поселогіне сапар шектік. Сонда ағаш дайындастын комбинатқа жұмысқа орналастым.

Тақтай әзірледік, бөрене шаптық. Тек арада бір жыл өткен соң Сережа қызмет еткен бөлімнен ерімнің ерлікпен қаза тапқандығы жөнінде қайғылы қара қағаз алдым...

... Колыбиннің самолеті әскери тұтқындар колоннасы жанынан өтіп бара жатқанда жанып бітуге тақалып қалған-ды.

— Шнель, шнель, — деп конвойлар оларды арттарынан түйгіштеп, асықтырып келеді. Аяқтарынды жылдам басындар! Бірақ жалаңаяқ, жалаңбас, арыған, қалжыраған тұтқындар әлгі машинаға қарай ентелей тұсude. Олар әлгінде советтік “ИЛ-2” самолетінің жау үстіне қалай құлағанын бәрі бірдей көріп түрган-ды. Сонда жүректері біресе қуанганның лұпілдеп, біресе қайғырғаннан ауырып, сыздаган-ды. Қайтсе де әйтеуір олар советтік үшқыш жігіттің жастығын ала мерт болғанына риза еді. Жарайсын, сұнқарым, десті бәрі ішінен. Жарайсын, елі үшін еңіреп туған ер боздағым!..

— Жолдастар, бері келіндер... Мына шөптің арасында бірдене қыбырлайды... Өй, мынау әлгі үшқыш қой!

Қолыбин есін көпке дейін жия алмады. Екі тұтқын оны плащ-палаткаға салып, көтеріп алышп жүрді. Үстібасы қан-қан жарапанған, аяғы сынған, ол біресе көзін ашып, біресе есінен танып, жол бойы сандырақтаумен болды.

Бірақ Сергей Иванович тірі қалды. Көптеген айлар бойы советтік әскери тұтқын дәрігерлер оны түрлі ла-

герлерде емдеп, сынган аяғына гипс салып, жарасын жазды. Сөйтіп үшқыш жігіт гитлершілердің қаншама айуандық әрекеттеріне қарамастан, жолдастарының көмегінің арқасында аяғын басатындаі халге жетті. Ол қайткен күнде біздің әскерлердің женетіндігіне кәміл сенді. Сол сенім оны өлім тырнағынан арашалап қалды...

Иә, ерлік ұмытылмайды деген осы ғой.

**Орысшадан аударған
С. КӨШКЕНҰЛЫ.**

Қаражаттың тапшылығынан сандық түбіндеги сарғайып біраз жыл жатқан осы туындыларымның жарық көрүіне демеушілік көмек жасап, қол ұшын созған Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Қажымұрат Ибраїұлы Нағмановқа, Көкшетау қаласының әкімі Асқар Фалымұлы Хасенов пен орынбасары Фалым Мәдешұлы Бекмағамбетовке, Тайынша ауданындағы “Абай” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Қалыбек Шәріповке, сондай-ақ осы ауданға қарасты “Алабота” акционерлік қоғамының президенті Сансызбай Алпысбаевқа шынайы алғысымды білдіремін.

АВТОР.

МАЗМҰНЫ

I бөлім

Туған елдің тұтіні.	4
Елдің ері.	11
Тұз қырандары.	22
1. Астықты алқапта.	—
2. Жауын жауып түр.	26
Ауыл адамдары.	31
1. Еңбек таңы ерте атады.	—
2. Жарқайыңның жауқазыны.	37
3. Жаңадәуір жайсаны.	43
Оналты қызы — оналты гүл.	49
Қызы қызғалдақтары.	52
I. Күлиken.	—
II. Дәметкен.	55
III. Шолпан.	58
Менің жерлестерім.	62
I. Нан иісі.	—
II. Топжарғандар.	65
Шопан мерейі.	72
Бірлік — достық мекені.	80
«Ақшоқтын» ақиыны.	86
Ауылдың ардақтысы.	93